Alimbay Mederkul (responsible author) – 2nd year doctoral student of the specialty «8D07303 – Cartography», Department of Cartography and Geoinformatics, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mederkul95@mail.ru).

Авторлар туралы мәлімет:

Әліпбеки Оңғарбек Әліпбекұлы – биология ғылымдарының докторы, картография және геоинформатика кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан; e-mail: oalipbeki@gmail.com).

Бексеитова Роза Тлеулесовна – география ғылымдарының докторы, картография және геоинформатика кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан; e-mail: bexeitova.roza@gmail.com).

Алипбекова Чаймгуль Абусагатовна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, картография және геоинформатика кафедрасының жетекші ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан; e-mail: chaimgul@mail.ru).

Турекельдиева Римма Тилепалдиевна – биология ғылымдарының кандидаты, экология кафедрасының доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз, Қазақстан; e-mail: rimm_1205@mail.ru).

Сарыбаев Едил Саутович – PhD, картография және геоинформатика кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан; e-mail: edilait@mail.ru).

Әлімбай Медеркүл Медетжанқызы (жауапты автор) – картография және геоинформатика кафедрасының «8D07303 – Картография» мамандығының 2-курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан; e-mail: mederkul95@mail.ru).

Поступила: 16 мая 2025 года
Принята: 10 января 2026 года

FTAMP 39.03.15 2 https://doi.org/10.26577/JGEM80120262

Б.С. Керімбай[1], Н.Н. Керімбай [1],
К.М. Баймырзаев[1] М.Б. Бахыт [2*]

[1]І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
[2] «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» (КЕАҚ), Алматы, Қазақстан
*e-mail: m.bakhyt66@gmail.com

ГЕОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҒЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІН БАҒАЛАУДАҒЫ ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Қазақстан Республикасында геожүйелердің трансформациясы қарқынды шаруашылық қызметпен тікелей байланысты антропогендік факторлардың, сонымен қатар климаттың ғаламдық жылыну үрдісіне сәйкес жүретін табиғи үдерістердің бірлескен және кешенді ықпалымен айқындалады. Бұл факторлар өзара әрекеттесе отырып, табиғи кешендердің құрылымы мен қызметіне, олардың тұрақтылығы мен бейімделу мүмкіндіктеріне елеулі өзгерістер енгізеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан аумағындағы өзен алабы геожүйелерінің функционалдылығының қарқындылық дәрежесіне әсер ететін табиғи-географиялық факторларды жан-жақты анықтау және сол факторлардың маусымдық ырғақтылығын сандық тұрғыдан бағалау. Осы мақсатта «ландшафттың биологиялық тиімділігінің көрсеткіші» әдісі қолданылып, ол Шарын өзені алабының геожүйелерінің мысалында егжей-тегжейлі қарастырылады. Жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу коэффициенттері негізінде геожүйелердің функционалдығы 10°С-тан жоғары ауа температурасының жылдық қосындысы мен жылдық ылғалдылық коэффициентіне сүйене отырып есептелді, бұл табиғи жағдайлардың өнімділік әлеуетін сипаттауға мүмкіндік береді.

Геожүйелердің функционалдығына LandViewer EOSDA цифрлық мониторинг платформасы мен «Қазгидромет» РММ ұзақ мерзімді бақылау деректерінің көрсеткіштері бойынша кешенді талдау жасалды. NDVI және NDWI қашықтықтан зондтау индекстері, сондай-ақ негізгі климаттық параметрлердің жинақталған мәндері арқылы геожүйелердің жылдық циклдің суық-қарлы және вегетациялық кезеңдеріндегі табиғи үдерістерінің ырғақтылығы анықталып, типологиялық тұрғыдан жіктелді. Зерттеу нәтижесінде Шарын өзені алабының әртүрлі физика-географиялық зоналарында орналасқан геожүйелер үшін жылдық циклдің суық-қарлы кезеңі мен вегетациялық кезеңіндегі табиғи үдерістердің маусымдық ырғақтылығының кеңістіктік айырмашылықтары айқындалып, олар функционалдық белсенділік дәрежесі бойынша топтастырылды.

Түйін сөздер: геожүйе, ландшафттардың функционалдығы, температура және ылғалдылық коэффициенті, NDVI, NDWI, жылдық цикл, маусымдық ырғақтылық.

B.S. Kerimbay[1], N.N. Kerimbay[1], K.M. Baimyrzaev[1], M. Bakhyt[2]

[1]Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan
[2]Non-profit Joint Stock Company «Al-Farabi Kazakh National University», Almaty, Kazakhstan
*e-mail: m.bakhyt66@gmail.com

Natural-Geographical Factors for Assessing the Degree of Intensity of Geosystem Functioning

The transformation of geosystems in the Republic of Kazakhstan is determined by the combined influence of anthropogenic factors associated with intensive economic activity and natural processes driven by global climate warming. Acting together, these drivers substantially modify the structure and functioning of natural complexes, affect their stability, and alter their capacity to adapt to ongoing environmental change.

The aim of this study is to identify the physical and geographical factors that affect the intensity of the functional performance of river-basin geosystems across Kazakhstan and to quantitatively assess the seasonal rhythmicity of these factors. To achieve this aim, the "indicator of landscape biological efficiency" method is applied and examined in detail using the geosystems of the Sharyn River basin as a case study. The functional state of geosystems is evaluated on the basis of heat and moisture supply and is calculated from the annual sum of air temperatures above 10 °C and the annual humidity coefficient, which together characterize the potential productivity of the natural conditions.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

The functional dynamics of the geosystems are analysed using indicators derived from the LandViewer EOSDA digital monitoring platform and long-term observational data provided by Kazhydromet. By combining the NDVI and NDWI remote-sensing indices with integrated measures of key climatic parameters, the study identifies and classifies the rhythmicity of natural processes during the cold-snow and vegetation phases of the annual cycle. As a result, spatial differences in the seasonal rhythmicity of natural processes are revealed for geosystems located in various physico-geographical zones of the Sharyn River basin, and these geosystems are grouped according to the degree of their functional activity in the cold-snow and vegetation seasons.

Keywords: geosystem, landscape functionality, temperature and humidity coefficient, NDVI, NDWI, annual cycle, seasonal rhythmicity.

Б.С. Керімбай[1], Н.Н. Керімбай[1], К.М. Баймырзаев[1], М.Б. Бахыт[2*]
[1]Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан
[2]НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», Алматы, Казахстан
*e-mail: m.bakhyt66@gmail.com

Природно-географические факторы оценивания степени интенсивности функционирования геосистем

Трансформация геосистем на территории Республики Казахстан определяется совместным воздействием антропогенных факторов, связанных с интенсивной хозяйственной деятельностью, а также природных процессов, протекающих в соответствии с глобальным потеплением климата. Эти факторы во взаимосвязи существенно изменяют структуру и функционирование природных комплексов, их устойчивость и способность адаптироваться к современным изменениям окружающей среды.

Цель исследования – выявить природно-географические факторы, влияющие на степень интенсивности функциональности геосистем речных бассейнов на территории Казахстана, и количественно оценить их сезонную ритмичность. Для достижения этой цели применяется метод «показателя биологической эффективности ландшафта», который подробно рассматривается на примере геосистем бассейна реки Чарын. Функциональность геосистем определяется на основе обеспеченности теплом и влагой и рассчитывается по сумме температур воздуха выше 10 °С и годовому коэффициенту увлажнения, что позволяет охарактеризовать потенциальную продуктивность природных условий.

Анализ функционального состояния геосистем выполнен по показателям цифрового мониторинга LandViewer EOSDA и данным наблюдений РГП «Казгидромет». С использованием индексов дистанционного зондирования NDVI и NDWI, а также комплексных характеристик основных климатических параметров определена и классифицирована ритмичность природных процессов в холодно-снежный и вегетационный периоды годового цикла. В результате установлены пространственные различия сезонной ритмичности природных процессов в геосистемах, расположенных в различных физико-географических зонах бассейна реки Чарын, и выполнено их группирование по степени функциональной активности в холодно-снежный и вегетационный сезоны.

Ключевые слова: геосистема, функциональность ландшафтов, коэффициент температуры и влажности, NDVI, NDWI, годовой цикл, сезонная ритмичность.

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі, климаттың ғаламдық жылыну үдерісінің аймақтық геожүйелерге әсерінің мониторинг мәселесінің маңыздылығымен байланысты. Ғаламдық климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық эксперттер тобының (МГЭИК) мәліметтеріне сәйкес, жер бетіндегі ауаның жылдық орташа температурасы 20-шы ғасырдың басынан бастап 0,74°С-қа жоғарылаған, дегенмен бұл кезеңде жылыну тұрақты болмаған. ҚР бойынша, климаттың жылыну қарқыны соңғы 50 жыл аралығында орта есеппен 0,31ºС/10 жыл. Ең жоғары өсу қарқыны көктемде байқалады (0,60ºС/10 жыл), ең төмені – қыста (0,11ºС/10 жыл). Осы кезең аралығындағы атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшерінің үлғаю тенденциясы 4,3 мм/10 жыл. Күзден басқа барлық маусымда атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің артуы 1,9 – 3,2 мм/10 жыл (О состоянии окружающей среды РК: информ. бюл. / РГП «Казгидромет»., 2019:354; Керімбай, 2023).

Табиғи-аумақтық кешеннің (ТАК) өзгеруінің үш деңгейі: функционалдығы, динамикасы және дамуы (эволюциясы). Осы үш деңгейдің бірі – функционалдығы, геожүйенің циклдік өзгерістері, яғни тәуліктік, маусымдық және жылдық ырғақтары, энергия мен зат алмасу, қозғалыс және өзгеру үдерістерінің жиынтығы. Геожүйелердің

функционалдығының маңызды үдерістері маусымдық динамикамен, ылғал айналымы, топырақ түзілуі, заттардың биологиялық айналымы – ең алдымен жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілуімен, яғни геожүйелерге күн жылуы мен белсенді ылғалдың енуімен анықталады. Жылдық циклдің климаттық жағдайлары ландшафттардың бет-бейнесін, олардың маусымдық ырғағына сәйкес динамикасын құрайды. Демек, маусымдық климаттық ырғақ, әсіресе жылдық циклдің вегетациялық кезеңіндегі (ЖЦВК) ырғағы олардың дамуындағы жетекші үрдіс болып табылады (Сочава, 1978; Исаченко, 1991, Корытный, 2001).

Жылдық цикл дамудың толық шеңберін құрайтын өзара байланысты үдерістердің, құбылыстардың жиынтығын сипаттайды. Осыған сәйкес циклдік өзгергіштік дегеніміз – бұл геожүйенің күйінің өзгеруі, және кез келген уақыт аралығында бұрын болған күйге қайта оралуы. Ырғақ – климаттың, су мен биотаның тіршілігі мен әрекетінің, күйінің тәулікке және жыл маусымдарына сәйкес өзгергіштігі, кеңістіктік-уақыттық динамикасының негізгі сипаттамасы. Табиғи құбылыстардың белгілі бір уақыт кезеңінде кеңістікте кезектесіп ауысып отыруы (тыныс алу, биоөнімділік). Яғни, геожүйенің функционалдығы негізінен белгілі бір дәйектілікпен қайталанып отыратын, айрықша құрылымымен және тіршілігімен ерекшеленетін геожүйенің тәуліктік, маусымдық, жылдық өзгергіштігі (Возовик, 1970; Окишева, Филандышева, 2015). Жылдық циклдің кезеңдерінің құрылымы жыл құрамына кіретін маусымдардың саны, ал маусымның құрылымы – оған кіретін фазалар саны, әр маусымда үш фаза бар (Рутковская, Окишева, Филандышева, 1983).

Алынған нәтиже бойынша, Шарын өзені алабында ағындының әртүрлі зоналарында орналасқан геожүйелердің жылдық циклдің суық-қарлы кезеңі (ЖЦСҚК) мен ЖЦВК-дегі табиғи үдерістерінің маусымдық ырғағы анықталып, жіктелді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Геожүйелердің функционалдық динамикасын зерттеулердің ажырамас бөлігі – өсімдік жамылғысының жай-күйін зерттеу болып табылады. LandViewer веб-шолғышында қолданылған NDVI (қалыпты жағдайдағы вегетация индексі) бүкіл әлемде кез-келген сәтте өсімдік жамылғысының салыстырмалы тығыздығын, NDWI (қалыпты жағдайдағы ылғал индексі) топырақтың беткі қабатының және тамырының түбірлік зонасының ылғалдылығы арқылы жай-күйін көрсету үшін қолданылады (Gu, Brown, Verdin, 2007; Horion, Fensholt, Tagesson, Ehammer, 2014). Басқа индекстермен салыстырғанда, NDVI өсу мен өсімдік жамылғысының ең жақсы көрсеткіші болып табылады және қоршаған орта мен климаттың өзгеруін зерттеуде кең ауқымды қолданбаларға ие. NDVI қашықтықтан зондтау кескіндерін талдау мен қоршаған ортаны зерттеуде маңызды және кеңінен қолданылатын көрсеткішке айналды (Liu, Zhang, Wang, & Li, 2023). Шарын өзені алабының геожүйелерінің 2016-2024 жж. аралығындағы функционалдық динамикасын анықтау, аталған модульде өңдеуден өтті (EOS Data Analytics https://eos.com/landviewer/). Геожүйелердің функционалдығының қарқындылық дәрежесін анықтау үшін қолданған әдіс-тәсілдер мен зерттеу кезеңдері 1-суретте көрсетілді.

Интегралды физикалық-географиялық үдерістерге тек жылу мен су балансының сыртқы үдерістері ғана емес, сонымен қатар геожүйелердің құрамдас бөліктері арасындағы кіріс және шығыс байланыстарымен байланысты биогендік және абиогендік айналымдардың ішкі үдерістері де жатады (Жучкова, Раковская, 2004; Мамай, 2005). Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдық қарқындылық дәрежесін талдау барысында ағынның әртүрлі зоналарындағы ландшафттар арасындағы алмасу байланыстарының ағындары ескерілді.

Геожүйелердің функционалдығының қарқындылық дәрежесін анықтау үшін, ең алдымен, жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілуінің бастапқы параметрлерін анықтау қажет. Мұндай параметрді іздеуге әр түрлі тәсілдер қолайлы, соның ішінде, 10°С-тан жоғары температураның (Т), жылдық ылғалдылық коэффициентіне (К) қосындысын «ландшафттың биологиялық тиімділігінің көрсеткіші» ретінде алынады. Мұнда К-ның шекті мәні 1,0 деп қабылданады, себебі ылғалданудың одан әрі артуы биологиялық өнімділікке және ландшафттың жалпы функционалдығына оң әсер етпейді. ТК-ның ең жоғарғы мүмкін мәні транзиттік ағын аймағында 100% құрайды, мұнда орманды және орманды-шалғынды ландшафттар басым. Сондықтан қалған барлық мәндер осы максимумға пайыздық қатынаста көрсетіледі (Иванов, 1962).

1-сурет
Геожүйелердің функционалдығының қарқындылық дәрежесін анықтау үшін қолданған әдістәсілдер мен зерттеу кезеңдері



Ескерту: автор құрастырған.

ТК есептеулерінде Шарын өзені алабында орналасқан Қырғызсай, Кеген және Нарынқол метеостанцияларынан алынған орташа декадалық ауа температурасы және жауын-шашын мөлшерінің деректері пайдаланылды (О состоянии окружающей среды РК: информ. бюл. / РГП «Казгидромет»., 2019).

Алынған нәтижелер 1–10-кестелерде беріліп, олар ірі таксономиялық бірліктер – геожүйелер бойынша ТК мәндерінің кему ретімен жинақталды. Кестелер ТАК-дің табиғи үдерістерінің маусымдық ырғағын анықтау әдісіне сәйкес ЖЦСҚК және ЖЦВК фазалары бойынша құрылды. Геожүйелердің функционалдығының зерттеу деректері және олардың қарқындылығының ТК көрсеткіштерімен ағын зоналары бойынша маңызды жіктемесі құрылды.

1-кесте
Шарын өзені алабының ЖЦСҚК-нің қысалды, қоңыржай-аязды, аязды қыс фазаларының орташа декадалық ауа температурасы,°С

Станция	қараша			желтоқсан			қаңтар		
	декадалар			декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	2.7	0.4	-1.6	-2.0	-3.7	-5.0	-5,4	-5,6	-5,8
Кеген	-1.3	-3.8	-6.3	-7.0	-8.6	-10.4	-11.4	-11.3	-11.3
Нарынқол	-1.0	-3.7	-6.7	-8.1	-9.6	-11.4	-12.3	-12.5	-12.6
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды									

Ескерту: автор құрастырған.

2-кесте

Шарын өзені алабының ЖЦСҚК-нің көктемалды, қар еру фазаларының орташа декадалық ауа температурасы,°С

Станция	ақпан			наурыз		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	-5,1	-4,7	3,4	-2,0	1.1	4.4
Кеген	-10.2	-9.7	-8.3	-5.8	-3.1	0.1
Нарынқол	-11.5	-10.6	-9.5	-6.7	-3.4	0.4
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

3-кесте

Шарын өзені алабының ЖЦВК-нің көктемнің басталуы, жазалды фазаларының орташа декадалық ауа температурасы,°С

Станция	сәуір			мамыр		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	6.8	10.1	11.3	13.3	14.2	15.9
Кеген	2.1	5.1	6.5	8.1	9.1	10.8
Нарынқол	3.3	6.6	8.2	9.7	10.3	11.8
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

4-кесте

Шарын өзені алабының ЖЦВК-нің қоңыржай-жылы, қоңыржай-ыстық, жаздың баяулауы фазаларының орташа декадалық ауа температурасы,°С

Станция	маусым			шілде			тамыз		
	декадалар			декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	17.6	18.6	20.2	21.2	21.5	22.0	21.7	21.5	19.6
Кеген	12.1	12.8	14.2	14.9	15.2	15.5	15.3	14.9	12.9
Нарынқол	13.1	13.6	14.9	15.5	16.0	16.3	16.2	15.9	14.2
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды									

Ескерту: автор құрастырған.

5-кесте

Шарын өзені алабының ЖЦВК-нің күздің түсуі, қоңыр күз фазаларының орташа декадалық ауа температурасы,°С

Станция	қыркүйек			қазан		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	6.8	10.1	11.3	13.3	14.2	15.9
Кеген	2.1	5.1	6.5	8.1	9.1	10.8
Нарынқол	3.3	6.6	8.2	9.7	10.3	11.8
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

6-кесте

Шарын өзені алабындағы ЖЦСҚК-дегі қысалды, қоңыржай аязды, аязды қыс фазаларының орташа декадалық жауын-шашын мөлшері, мм

Станция	қараша			желтоқсан			қаңтар		
	декадалар			декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	11	9	7	6	7	6	5	5	6
Кеген	7	6	4	4	4	5	3	3	3
Нарынқол	8	7	6	4	5	4	4	3	4
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды									

Ескерту: автор құрастырған.

7-кесте

Шарын өзені алабындағы ЖЦСҚК-дегі көктемалды, алғашқы көктем-қар еру фазаларының орташа декадалық жауын-шашын мөлшері, мм

Станция	ақпан			наурыз		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	5	5	6	8	9	14
Кеген	3	3	2	4	5	7
Нарынқол	3	5	3	6	6	8
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

8-кесте

Шарын өзені алабындағы ЖЦВК-нің көктемнің басталуы, жазалды фазаларының орташа декадалық жауын-шашын мөлшері, мм

Станция	сәуір			мамыр		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	13	16	19	16	20	20
Кеген	8	13	13	17	19	20
Нарынқол	9	13	14	17	19	21
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

9-кесте

Шарын өзені алабындағы ЖЦВК-нің қоңыржай-жылы, қоңыржай-ыстық, жаздың баяулауы фазаларының орташа декадалық жауын-шашын мөлшері, мм

Станция	маусым			шілде			тамыз		
	декадалар			декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	19	18	14	15	16	12	10	8	9
Кеген	24	22	21	24	25	17	16	15	15
Нарынқол	20	19	21	23	19	16	17	14	15
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды									

Ескерту: автор құрастырған.

10-кесте

Шарын өзені алабындағы ЖЦВК-нің күздің түсуі, қоңыр күз фазаларының орташа декадалық жауын-шашынның мөлшері, мм

Станция	қыркүйек			қазан		
	декадалар			декадалар		
	I	II	III	I	II	III
Қырғызсай	8	9	11	10	12	12
Кеген	12	12	13	11	9	9
Нарынқол	12	10	11	10	8	10
«Қазгидромет» РММ мәліметтері негізінде орындалды						

Ескерту: автор құрастырған.

Осы мәліметтерге сәйкес, Шарын өзені алабындағы жылдық циклдің маусымдық ырғақтарының алаптық үрдісі анықталды. Шарын өзені алабының геожүйелерінің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесін (%) анықтағанда, климаттың негізгі элементтерінің кешені: ауаның температурасы мен ылғалдылығы, топырақтың беткі қабатының және төменгі өсімдіктің тамыры қабатының ылғалдылығы, өсімдіктің жалпы өнімділігі, NDVI және NDWI индекстері ескерілді (Керімбай Н., Керімбай Б., 2023).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

ЖК-нің максималды мүмкін мәні орманды және орманды-шалғынды ландшафттары басым ағындының қалыптасу зонасы (АҚЗ) мен ағындының транзиттік зонасы (АТрЗ) 100% құрайды, сондықтан барлық басқа мәндер максимумға пайыздық қатынаста көрсетілді.

Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесін анықтағанда (кесте 11) осы мәліметтерге сүйемелдеу жасалды. Бір зерттеудің шеңберінде геожүйелердің функционалдығының барлық тізбегіндегі қарқындылық дәрежесін егжей-тегжейлі қарастыру мүмкін емес. Сондықтан жалпы салыстырмалы бағалаумен шектелдік.

Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің ең төменгі IV-ші дәрежесі АҚЗ-ғы Жоғарғышарын мезогеожүйесінің биіктігі 3700-4059 м гляциал-нивал белдеуіне тән. Бұл ландшафттар тасты, әлсіз дамыған топырақ жамылғысы аздаған телімдерде ғана кездесетін, жылдық орташа жауын-шашын мөлшері 15-17 мм, ең жоғарғы NDVI индексі 0,25 ЖЦВК-нің жаздың баяулау фазасының бірінші онкүндігіне тән, биіктаудың құрғақ климатымен сипатталады. Эчкелиташ, Чон-Джаналач өзендері алабының биіктаулы ландшафты қатты тілімденген, беткейлерінің экспозициясы С,СБ-,О,ОШ,Ш, еңістігі 37-63^0 жер бедері альпілік пішіндегі, қазіргі заманғы мүзбасу фрагменттері бар, мүк-қынамен жабындалған, бірлі-жарым өсімдікті (2-сурет).

11-кесте

Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің көрсеткіштері (%)

Геожүйелер	Ағынды зонасы	Биіктік белдеуі	ФҚД	ЖК	ТбЫ	ТтЫ	NDVI	NDWI
Жоғарғышарын	Ағындының қалыптасу зонасы (АҚЗ)	Нивал-гляциал белдеуі	IV	10	-	-	0,0	-
		Альпілік шалғын	IV	10	14,56	16,81	0,1	-
		Субальпілік шалғын	II	70	23,94	19,34	0,5	-0,03
		Орманды шалғынды беткейлер	I	90	34,56	26.81	0.7	-0,03


Кестенің жалғасы

Геожүйелер	Ағынды зонасы	Биіктік белдеуі	ФҚД	ЖК	ТбЫ	ТтЫ	NDVI	NDWI
Кеген	АҚЗ	Орманды беткейлер	I	90	24,99	20,95	0,6	-0,03
		Тауішілік ылғалды ойыс	II	70	22,3	18,02	0,5	-0,04
Ортаңғышарын	АТрЗ	Орманды-шалғынды жайылма	I	97	35,42	27,27	0,8	-0,3
	Ағындының сыналау зонасы (АСЗ)	Тауалды жазығы	II	65	17,98	15,35	0,5	-0,03
	Ағынды сыз зона	Шөлейт	III	40	10,05	12,81	0,3	-0,05
Төменгішарын	Ағындының таралу зонасы (АТЗ)	Шөл	III	20	8,87	8,68	0,4	-0,06

Ескертулер:
1. Н.Н. Ивановтың әдістемесіне сүйемелденіп, EOS DA с.п. мәліметтері негізінде орындалды
2. ФҚД – функционалдығының қарқындылық дәрежесі
3. ЖК – жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу коэффициенті (Н.Н. Иванов бойынша, климаттың биологиялық тиімділігінің көрсеткіші)
4. ТбЫ – топырақтың беткі қабатының ылғалдылығы
5. ТтЫ – топырақтың төменгі қабатының ылғалдылығы
6. NDVI – қалыпты жағдайдағы вегетациялық индексі
7. NDWI – қалыпты жағдайдағы су индексі

Ескерту: автор құрастырған.

2-сурет
Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің ең төменгі IV-ші дәрежесі тән АҚЗ-дағы Эчкелиташ биіктаулы ландшафтының гляциал-нивал белдеуінің гарыштық суреттері: а – табиғи түсте; б – 3D визуализация. 06.07.2020 ж. (Sentinel-2)



а б

Ескерту: автор құрастырған.

Ал Көкжар өзені алабының бастауындағы биіктаулы ландшафтары беткейлерінің экспозициясы С, СБ, Б, еңістігі 37-63^0, жер бедері ежелгімүздықты, гранитоидтермен және диориттермен жабындалған, альпілік шалғынды, сирек өсімдікті әлсіз дамыған қаңқалы топырағымен сипатталады. Қарқара өзенінің оңтүстігіндегі Желқарқара саласының бастауындағы Басқарқара биіктаулы, беткейлерінің экспозициясы С,СБ,О,ОБ,Б, еңістігі 37-63^0, қазіргі заманғы мүзданудың шағынды аумақтары бар, мүк-қынамен жабындалған, теңгежапырақты-кобрезиялы шалғынды сирек өсімдікті. Жоғарғы-Қарқара биіктаулы ландшшафты гранитоидтермен және

диориттермен жабындалған, жүрнақты тегістелу беттері нивальды-шалғынды.


Бұл ландшафттардың функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің ең төменгі IV-ші дәрежесі, жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу коэффициентінің төмендігімен, биіктаудың құрғақ климатымен байланысты.

Салыстырмалы қарқындылықтың төменгі III-ші дәрежесі, Ортаңғышарын мезогеожүйесіндегі Сөгеті аңғарына, Үлкен Бөгеті, Торайғыр тауалды ағындысыз және Темірлік тауалды шөлейтті жазықтарына тән. Бұл шаруашылықта пайдаланылмайтын, өсімдікке кедей, тасты-шақпатасты сүр-қошқыл топырақты аумақтар. Абсолютті биіктігі 1200-ден 1900 м-ге дейінгі, беткейлерінің экспозициясы О,ОШ, еңістігі 4-7^0, бұл аумақтар порфириттермен, әктастармен, конгломераттармен және құмтастармен жабындалған. Бұл геожүйелердің ландшафттарына жер үсті ағындылары әсер етпейді. Бұлардан басқа АТЗ-ның шөлді жазықтарына да салыстырмалы қарқындылықтың төменгі дәрежесі тән.

Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылығының орташа II-ші дәрежесі Жоғарғышарын мезогеожүйесіндегі АҚЗ-ғы биіктаулы, ортатаулы субальпілік шалғындарға, ағындының сыналау зонасындағы тауішілік ылғалды ойыстардың және Кеген, Шалкөде, Қарқара тауаралық жазықтарының орманды беткейлерінің ландшафттарына тән екені анықталды (3-сурет). Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 397 мм.

3-сурет

Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің төменгі III-ші дәрежесі тән АҚЗ-дағы Шалкөдесу ортатаулы ландшафтының NDVI ғарыштық суреттері: а – 2020; ә – 2019 (Sentinel-2)



а ә

Ескерту: автор құрастырған.


Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылығының жоғарғы I-ші дәрежесі Сарытоғай қонысындағы АТрЗ-ғы орманды-шалғынды жайылмаларға (орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 397 мм), Жоғарғышарын мезогеожүйесі АҚЗ-ғы орманды беткейлерге, биіктаулы шалғынды-далалы, ортатаулы орманды-шалғынды-далалы ландшафттарға тән екені анықталды. Бұл Күнгей Алатауының биіктігі 2600-2800м, беткей экспозициялары ССБ, еңістігі 31-36^o, Шет Мерке, Орта Мерке және Кенсу өзендерінің аңғарларындағы биіктаулы қылқан жапырақты орманды және орманды-шалғынды ландшафттары. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 600 мм.

Ортатаулы орманды-шалғынды дала ландшафттары еңістігі 26-30^o, абсолютті биіктігі 1600-2800 м Кетмен, Құлықтау, Басұлытау, Елшін Бүйрек, Тізген-Қаратау жоталарының солтүстік беткейлерінде жақсы дамыған (4-сурет). Мұнда шығысқа қарай жылжыған сайын орманның төменгі шекарасы 2000-2200 м биіктікке дейін өседі және шыршаның ағашқұрамы сиректей бастайды. Бұл шығысқа қарай климаттың жалпы құрғақшылығының жоғарылайтынын көрсетеді. Қылқан жапырақты

өсімдіктердің таралуының жоғарғы шегі 2900-3000 м биіктікке жетеді. Бұл ландшафттарда орманды шалғындар жоталар мен таулардың ССБ беткейлерінде, ал оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлерде орманды-дала алқаптары дамығын.

4-сурет

Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің төменгі I-ші дәрежесі тән ағынның сынылау зонасындағы Батыс-Кетмен ортатаулы ландшафтының гарыштық суреттері: а – 2019; ә – 2020 (Sentinel-2)



а ә

Ескерту: автор құрастырған.

Геожүйелердің функционалдығының салыстырмалы қарқындылығының жоғарғы дәрежесі тән, Ортаңғышарын мезогеожүйесіндегі АТр3-ғы (абсолюттік биіктігі 670 м) орманды-шалғынды жайылмалар, ағынды тасымалдау арна маңы бұталы-алуаншөпті-астық тұқымдасты шалғынды, шаған шоқтоғайлы-тораңғылы өсімдікті аллювиалды-тоғайлы топырақты ландшафттарымен сипатталады. Өзеннің төменгі жайылмасында арна маңы беліндегі шырғанақты-талды-итмұрынды, итмұрынды-бұталы және теректі-соғды шағаны қауымдастығынан тұратын аллювиалды-тоғайлы топырағы, өзеннің жоғарғы жайылмасы ойпаң-аласа еңісті алқаптағы Соғды шағаны шоқ тоғайлары.

Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдығының салыстырмалы қарқындылық дәрежесінің осындай алуандық ерекшелігі, оңтүстік бөлігіне биіктік белдеулері, ал солтүстік бөлігіне шөлейтті және шөлді жазық тән болғандығымен түсіндіріледі. Табиғи үдерістердің тәуліктік және маусымдық ырғақтары ЖЦСҚК мен ЖЦВК-нің әр фазасындағы өзгергіштігі физикалық-географиялық ерекшеліктерімен байланысты.

Алаптың атмосфералық жауын-шашын көрсеткіштерінің таралуы біркелкі емес, ол аумақтың биіктігіне, бедеріне және беткейлер экспозициясы әсеріне, яғни физикалық-географиялық жағдайларымен анықталады. Алаптың таулы бөлігінде жер бедерінің биіктігі жоғарылаған сайын және беткейлер экспозициясының әсеріне байланысты ылғалдылық пен жауын-шашын мөлшерінің жоғарылауы байқалады.

Шарын өзені алабының ЖЦСҚК-дегі ең суық аязды қыс фазасында ауаның орташа температурасы солтүстігіндегі жазықта -6°, оңтүстігіндегі тауларда -12°, тауішілік жазықта -11°С-қа дейін. ЖЦВК-дегі ең жылы қоңыржай ыстық жаз фазасында ауаның орташа температурасы жазықта +21°С, тауларда +16°С, тауішілік жазықта +15°С-қа дейін. Алаптың климаты дамыған температуралық инверсиямен сипатталады, яғни ауа температурасы биіктік жоғарылаған сайын төмендейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Шарын өзені алабы геожүйелерінің функционалдығының қарқындылық дәрежесі табиғи-географиялық факторларға тікелей тәуелді екенін көрсетті. Жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу коэффициенттері, топырақтың беткі және төменгі қабатының ылғалдылығы, NDVI және NDWI индекстері геожүйелердің маусымдық ырғақтылығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер ретінде анықталды:

- ең төменгі IV дәрежелі қарқындылық биіктаулы нивальды-гляциалды белдеулерге тән, мұнда климаттың құрғақтығы мен топырақтың әлсіз дамуы басты шектеуші фактор болып табылады;

- төменгі III дәрежелі қарқындылық тауалды шөлейтті және шөлді жазықтарда байқалды, бұл аймақтарда өсімдік жамылғысы сирек, жер үсті ағындары әсер етпейді;

- орташа II дәрежелі қарқындылық субальпілік шалғындар мен тауішілік ылғалды ойыстарда анықталды, мұнда жауын-шашын мөлшері салыстырмалы түрде жоғары;

- жоғарғы I дәрежелі қарқындылық орманды-шалғынды жайылмалар мен биіктаулы орманды беткейлерге тән, мұнда климаттық жағдайлар мен ылғалдану деңгейі биологиялық өнімділікті қолдайды.

Геожүйелердің функционалдығының қарқындылық дәрежесінің кеңістіктік айырмашылықтары алаптың физикалық-географиялық ерекшеліктерімен, яғни биіктік белдеулерімен, бедердің морфологиясымен және беткейлер экспозициясымен түсіндіріледі. Атмосфералық жауын-шашынның біркелкі таралмауы мен температуралық инверсияның айқын байқалуы геожүйелердің маусымдық ырғақтылығына тікелей әсер етеді.

Бұл зерттеу нәтижелері Қазақстандағы өзен алабы геожүйелерін кешенді бағалауда қолдануға болатын теориялық үлгі ұсынады. Оның практикалық маңызы мына бағыттарда көрінеді:

- Климаттық және гидрологиялық мониторингте – табиғи үдерістердің маусымдық ырғақтылығын болжауға мүмкіндік береді.

- Жер ресурстарын басқаруда – топырақтың ылғалдылығы мен өсімдік жамылғысының жағдайын бағалау ауыл шаруашылығы мен жерді тиімді пайдалануға бағыт береді.

- Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде – шөлейтті және шөлді аумақтарда табиғатты қорғау шараларын күшейту қажеттілігін көрсетеді.

- Туризм мен рекреацияны жоспарлауда – жоғары функционалдығы бар орманды-шалғынды ландшафттар табиғи-рекреациялық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді.

- Ғылыми-әдістемелік үлгі ретінде – басқа өзен алаптарының геожүйелерін кешенді бағалауда әмбебап тәсіл ретінде қолдануға болады.

Жүргізілген зерттеу геожүйелердің функционалдығының қарқындылық дәрежесін айқындауда табиғи-географиялық факторлардың шешуші мәнге ие екенін көрсетті. Алынған нәтижелер теориялық үлгі ретінде де, қолданбалы тәжірибеде де маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі:

Тұжырымдаманы әзірлеу – Б.С. Керімбай және Н.Н. Керімбай; Әдіснама – Х.Х.; Бағдарламалық қамтамасыз ету – Н.Н. Керімбай; Валидация – Б.С. Керімбай, Н.Н. Керімбай және К.М. Баймырзаев; Формалды талдау – К.М. Баймырзаев; Зерттеу – Н.Н. Керімбай; Ресурстар – К.М. Баймырзаев; Деректерді өңдеу – Б.С. Керімбай; Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу – Н.Н. Керімбай; Қарау және редакциялау – К.М. Баймырзаев[1]; Визуализация – Б.С. Керімбай; Ғылыми жетекшілік – Б.С. Керімбай; Жобаны басқару – Н.Н. Керімбай; Қаржыландыруды тарту – Б.С. Керімбай

Әдебиеттер

Алякринский, Б. С., & Степанова, С. И. (1985). *По закону ритма*. Москва: Наука.

EOS Data Analytics. (2025, November 24). *LandViewer*. https://eos.com/landviewer/

Gu, Y., Brown, J. F., Verdin, J. P., & Wardlow, B. (2007). A five-year analysis of MODIS NDVI and NDWI for grassland drought assessment over the central Great Plains of the United States. *Geophysical Research Letters, 34*(L06407), 1–6. https://doi.org/10.1029/2006GL029127

Horion, S., Fensholt, R., Tagesson, T., & Ehammer, A. (2014). Using earth observation-based dry season NDVI trends for assessment of changes in tree cover in the Sahel. *International Journal of Remote Sensing, 35*(7), 2493–2515. https://doi.org/10.1080/01431161.2014.883104

Исаченко, А. Г. (1991). *Ландшафтоведение и физико-географическое картографирование*. Москва: Высшая школа.

Иванов, Н. Н. (1962). Показатель биологической эффективности климата. *Известия ВГО, 94*(1), 65–70.

Казгидромет. (2019). *О состоянии окружающей среды РК: информационный бюллетень* (№ 1(73)). Нур-Султан: РГП «Казгидромет».

Керімбай, Н. Н., & Керімбай, Б. С. (2023). *Жерді қашықтықтан зондылауды геоақпараттық технологиялар әдістерімен талдау*. Алматы: Дарын.

Керімбай, Б. С. (2023). *Шарын өзені алабы геожүйелерінің дамуының динамикалық тенденциялары*. Алматы: Дарын.

Корытный, Л. М. (2001). *Бассейновая концепция в природопользовании*. Иркутск: Изд-во Института географии СО РАН.

Liu, Y., Zhang, J., Wang, H., & Li, X. (2023). Analysis of the spatiotemporal characteristics and influencing factors of the NDVI based on the GEE cloud platform and Landsat images. *Remote Sensing, 15*(20), 4980. https://doi.org/10.3390/rs15204980

Мамай, И. И. (2005). *Динамика и функционирование ландшафтов*. Москва: Изд-во МГУ.

Окишева, Л. Н., & Филандышева, Л. Б. (2015). *Временная динамика и функционирование ландшафтов Западной Сибири*. Томск.

Рутковская, Н. В., Окишева, Л. Н., & Филандышева, Л. Б. (1983). Опыт использования посуточного годового хода дефицита влажности воздуха в характеристике ландшафтных зон Западно-Сибирской равнины. В *Вопросы географии Сибири* (Т. 15, с. 27–39). Томск.

Сочава, В. Б. (1978). *Введение в учение о геосистемах*. Новосибирск: Наука.

Возовик, Ю. И. (1970). О повторяемости событий в процессе развития ландшафтов во времени. В *Ритмы и цикличность в природе* (с. 3–4). Москва: Мысль.

Жучкова, В. К., & Раковская, Э. М. (2004). *Методы комплексных физико-географических исследований*. Москва: Academa.

References

Alyakrinskiy, B. S., & Stepanova, S. I. (1985). Po zakonu ritma [По закону ритма]. Nauka.

EOS Data Analytics. (2025, November 24). LandViewer. https://eos.com/landviewer/

Gu, Y., Brown, J. F., Verdin, J. P., & Wardlow, B. (2007). A five-year analysis of MODIS NDVI and NDWI for grassland drought assessment over the central Great Plains of the United States. Geophysical Research Letters, 34(L06407), 1–6. https://doi.org/10.1029/2006GL029127

Horion, S., Fensholt, R., Tagesson, T., & Ehammer, A. (2014). Using earth observation-based dry season NDVI trends for assessment of changes in tree cover in the Sahel. International Journal of Remote Sensing, 35(7), 2493–2515. https://doi.org/10.1080/01431161.2014.883104

Isachenko, A. G. (1991). Landshaftovedenie i fiziko-geograficheskoe kartografirovanie [Ландшафтоведение и физико-географическое картографирование]. Vysshaya shkola.

Ivanov, N. N. (1962). Pokazatel' biologicheskoy effektivnosti klimata [Показатель биологической эффективности климата]. Izvestiya VGO, 94(1), 65–70.

Kazgidromet. (2019). O sostoyanii okruzhayushchey sredy Respubliki Kazakhstan: Informatsionnyy byulleten', № 1(73) [О состоянии окружающей среды РК: информационный бюллетень, № 1(73)]. RGP «Kazgidromet».

Kerimbay, N. N., & Kerimbay, B. S. (2023). Zherdi qashyqtyqtan zondylaudy geoaqparattyq tekhnologiyalar ädistermen taldau [Жерді қашықтықтан зондылауды геоақпараттық технологиялар әдістерімен талдау]. Daryn.

Kerimbay, B. S. (2023). Sharyn özeni alaby geozhüyeleriniñ damuynyñ dinamikalyq tendentsiyalary [Шарын өзені алабы геожүйелерінің дамуының динамикалық тенденциялары]. Daryn.

Korytnyy, L. M. (2001). Basseynovaya kontseptsiya v prirodopol'zovanii [Бассейновая концепция в природопользовании]. Institut geografii SO RAN.

Liu, Y., Zhang, J., Wang, H., & Li, X. (2023). Analysis of the spatiotemporal characteristics and influencing factors of the NDVI based on the GEE cloud platform and Landsat images. Remote Sensing, 15(20), 4980. https://doi.org/10.3390/rs15204980

Mamay, I. I. (2005). Dinamika i funktsionirovanie landshaftov [Динамика и функционирование ландшафтов]. Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta.

Okisheva, L. N., & Filandysheva, L. B. (2015). Vremennaya dinamika i funktsionirovanie landshaftov Zapadnoy Sibiri [Временная динамика и функционирование ландшафтов Западной Сибири]. Tomsk State University.

Rutkovskaya, N. V., Okisheva, L. N., & Filandysheva, L. B. (1983). Opyt ispol'zovaniya posutochnogo godovogo khoda defitsita vlazhnosti vozdukha v kharakteristike landshaftnykh zon Zapadno-Sibirskoy ravniny [Опыт использования посуточного годового хода дефицита влажности воздуха в характеристике ландшафтных зон Западно-Сибирской равнины]. In Voprosy geografii Sibiri (Vol. 15, pp. 27–39). Tomsk State University.

Sochava, V. B. (1978). Vvedenie v uchenie o geosistemakh [Введение в учение о геосистемах]. Nauka.

Vozovik, Yu. I. (1970). O povtoryaemosti sobytiy v protsesse razvitiya landshaftov vo vremeni [О повторяемости событий в процессе развития ландшафтов во времени]. In Ritmy i tsiklichnost' v prirode (pp. 3–4). Mysl'.

Zhuchkova, V. K., & Rakovskaya, E. M. (2004). Metody kompleksnykh fiziko-geograficheskikh issledovaniy [Методы комплексных физико-географических исследований]. Academia.

Авторлар туралы мәлімет:

Керімбай Баян Сүлейменқызы – PhD, «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ, Жаратылыстану пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., (Талдықорған қ., Қазақстан, эл.почта: kbs.zhetysu@gmail.com).

Керімбай Нұржан Нұрбергенұлы – география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ, Биотехнология және Экология Ғылыми зерт-теу институтының экология зертханасының меңгерушісі (Талдықорған қ., Қазақстан, эл.почта: n.kerimbay1964@gmail.com).

Баймырзаев Қуат Маратұлы – доктор географических наук, профессор, директор Научно-исследовательского института биотехнологии и экологии Казахского университета имени И. Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан; эл.почта: k.baymyrzaev@zu.edu.kz).

Бахыт Мөлдір Бахытқызы (корреспонденттік автор) – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ КЕАҚ, Картография және Геоинформатика кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан. эл.почта: m.bakhyt66@gmail.com).*

Information about the authors:

Kerimbay Bayan – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Natural Sciences of the NAO "Zhetysu University named after I. Zhansugurov" (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: kbs.zhetysu@gmail.com).

Kerimbay Nurzhan – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Head of the Ecology Laboratory of the Research Institute of Biotechnology and Ecology NAO "Zhetysu University named after I. Zhansugurov" (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: n.kerimbay1964@gmail.com).

Kuat Maratuly Baymyrzayev – Doctor of Geographical Sciences, Professor, Director of the Research Institute of Biotechnology and Ecology at I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan; e-mail: k.baymyrzaev@zu.edu.kz).

Moldir Bakhyt (corresponding author) – Doctoral Student, Department of Cartography and Geoinformatics, NJSC Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan. e-mail: m.bakhyt66@gmail.com).*

Сведения об авторах:

Керімбай Баян Сүлейменқызы – PhD, и. о. ассоциированного профессора (доцент) кафедры естественных предметов Жетысуского университета имени И. Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан, e-mail: kbs.zhetysu@gmail.com).

Керімбай Нұржан Нұрбергенұлы – кандидат географических наук, доцент (ассоциированный профессор), заведующий лабораторией экологии Научно-исследовательского института биотехнологии и экологии Казахского университета имени И. Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан, e-mail: n.kerimbay1964@gmail.com).

Баймырзаев Қуат Маратұлы – доктор географических наук, профессор, директор Научно-исследовательского института биотехнологии и экологии Казахского университета имени И. Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан, e-mail: k.baymyrzaev@zu.edu.kz).

Бахыт Мөлдір Бахытқызы (корреспондент-автор) – докторант кафедры картографии и геоинформатики НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» (Алматы, Казахстан, e-mail: m.bakhyt66@gmail.com).

Келіп түсті: 29 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды: 21 ақпан 2026 жыл

ҒТАМР 39.19.25 https://doi.org/10.26577/JGEM80120263

Н.Б. Зинабдин *, А.Е. Токбаева , А.Ж. Айтқұл

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
*e-mail: zinabdin.n@gmail.com

ДАЛА ЗОНАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІГІН БАҒАЛАУ: CIBI ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі таңда биоалуантүрлік климаттық өзгерістер мен антропогендік қысымның әсерінен төмендеуде. Осы зерттеудің мақсаты – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) биоалуантүрлігін бағалауға арналған кешенді әдістеме әзірлеу. Бірыңғай кеңістіктік-сандық әдістемесі жоқтығына байланысты, зерттеу барысында авторлық Composite Index of Biodiversity Integrity (CIBI) әдістемесі әзірленді. Әдістеме бес параметрді біріктіреді: жалпы түрлік байлық (S), Қызыл кітапқа енген түрлер үлесі (R), түр тығыздығы (D), жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі (V) және ЕҚТА жасы (Y). Салмақтық коэффициенттер Saaty аналитикалық иерархия процесі негізінде анықталды. Географиялық ақпараттық жүйелер мен қашықтан зондтау технологияларын қолдана отырып, Sentinel-2 спутниктік суреттері (2023–2025 жж. вегетация маусымы) негізінде 22 ЕҚТА (47 903,5 км²) талданды. Нәтижелер бойынша аумақтар төрт санатқа жіктелді: жоғары биоалуантүрлік (CIBI > 0,40; 1 ЕҚТА – Наурызым МТҚ), орташа деңгей (0,30–0,40; 5 ЕҚТА), төмен деңгей (0,20–0,30; 11 ЕҚТА) және өте төмен деңгей (< 0,20; 5 ЕҚТА). NDVI мен түрлік байлық арасында орташа оң корреляция анықталды ($r = 0,58$; $p < 0,01$). Зерттеудің ғылыми маңызы – Қазақстан дала зонасындағы ЕҚТА биоалуантүрлігін алғаш рет кешенді бағалау, ал практикалық мәні – басымдықты қорғау аймақтарын анықтау мен табиғат қорғау саясатында дәлелді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беру.

Түйін сөздер: биоалуантүрлік, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, CIBI индексі, NDVI, ГАЖ, дала экожүйелері, қашықтан зондтау.

N.B. Zinabdin*, A.E. Tokbayeva, A.Zh. Aitkul

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
*e-mail: zinabdin.n@gmail.com

Biodiversity assessment of specially protected natural areas in the steppe zone: CIBI methodology

Currently, biodiversity is declining due to climate change and anthropogenic pressure. The aim of this study is to develop a comprehensive methodology for assessing the biodiversity of specially protected natural areas (SPNAs). Due to the lack of a unified spatial-quantitative methodology, the original Composite Index of Biodiversity Integrity (CIBI) methodology was developed during the study. The methodology combines five parameters: total species richness (S), proportion of Red Book species (R), species density (D), proportion of high-vegetation areas (V), and SPNA age (Y). Weight coefficients were determined based on Saaty's Analytic Hierarchy Process. Using geographic information systems and remote sensing technologies based on Sentinel-2 satellite imagery (2023–2025 vegetation season), 22 SPNAs (47,903.5 km²) were analyzed. According to the results, the territories were classified into four categories: high biodiversity (CIBI > 0.40; 1 SPNA – Naurzum State Nature Reserve), medium level (0.31–0.40; 5 SPNAs), low level (0.20–0.30; 11 SPNAs), and very low level (< 0.20; 5 SPNAs). A moderate positive correlation was found between NDVI and species richness ($r = 0.58$; $p < 0.01$). The scientific significance of the study lies in the first comprehensive assessment of SPNA biodiversity in Kazakhstan's steppe zone, and its practical value is in identifying priority conservation areas and enabling evidence-based decision-making in nature conservation policy.

Keywords: biodiversity, specially protected natural areas, CIBI index, NDVI, GIS, steppe ecosystems, remote sensing.

© 2026 Al-Farabi Kazakh National University

Н.Б. Зинабдин*, А.Е. Токбаева, А.Ж. Айткул
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
*e-mail: zinabdin.n@gmail.com

Оценка биоразнообразия особо охраняемых природных территорий степной зоны: методика CIBI

В настоящее время биоразнообразие снижается под воздействием климатических изменений и антропогенного давления. Целью данного исследования является разработка комплексной методики оценки биоразнообразия особо охраняемых природных территорий (ООПТ). В связи с отсутствием единой пространственно-количественной методики, в ходе исследования была разработана авторская методика Composite Index of Biodiversity Integrity (CIBI). Методика объединяет пять параметров: общее видовое богатство (S), доля видов Красной книги (R), плотность видов (D), доля высоковегетативных территорий (V) и возраст ООПТ (Y). Весовые коэффициенты определены на основе метода аналитической иерархии Saaty. С использованием геоинформационных систем и технологий дистанционного зондирования на основе спутниковых снимков Sentinel-2 (вегетационный сезон 2023–2025 гг.) проанализированы 22 ООПТ (47 903,5 км²). По результатам территории классифицированы на четыре категории: высокое биоразнообразие (CIBI > 0,40; 1 ООПТ – Наурзумский ГПЗ), средний уровень (0,30–0,40; 5 ООПТ), низкий уровень (0,20–0,30; 11 ООПТ) и очень низкий уровень (< 0,20; 5 ООПТ). Выявлена средняя положительная корреляция между NDVI и видовым богатством ($r = 0,58$; $p < 0,01$). Научная значимость исследования заключается в первой комплексной оценке биоразнообразия ООПТ степной зоны Казахстана, а практическая ценность – в определении приоритетных охраняемых территорий и принятии обоснованных решений в природоохранной политике.

Ключевые слова: биоразнообразие, особо охраняемые природные территории, индекс CIBI, NDVI, ГИС, степные экосистемы, дистанционное зондирование.

Кіріспе

Қазіргі таңда биоалуантүрлікті сақтау жаһандық экологиялық мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, биологиялық алуан түрліліктің жоғары деңгейі экожүйелердің тұрақтылығын арттырып, климаттық өзгерістер мен антропогендік факторларға қарсы тұру қабілетін күшейтеді (Cardinale et al., 2012). Алайда, антропогендік қысымның, жерді пайдаланудың және климаттың өзгеруінің әсерінен көптеген аймақтарда биоалуантүрлік қарқынды төмендеуде (Newbold et al., 2016). Осыған байланысты биологиялық әртүрлілікті сақтау, экожүйелердің қызметін қолдау және сирек түрлердің жойылуын болдырмау үшін нақты шаралар қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) – табиғатты қорғау, ғылыми, мәдени, эстетикалық, рекреациялық және сауықтыру маңызы бар табиғи кешендер мен нысандар орналасқан аумақтар (ҚР Заңы, 2006). ЕҚТА қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады. Биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті сақтау – ЕҚТА-ның басты міндеттерінің бірі (Chape et al., 2005). Табиғи кешендер биомдарының таксономиялық әртүрлілігін зерттеуде биологиялық әртүрліліктің ең көп шоғырланған орны ретінде ЕҚТА ерекше рөл атқарады (Magurran, 2004). ЕҚТА әлемнің көптеген елдерінде биоалуантүрлікті сақтаудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылуда (Buckland et al., 2005; Maxwell et al., 2020).

Қазақстанның дала зонасы – биологиялық әртүрліліктің маңызды орталығы, ерекше экожүйелік құрылымы бар кеңістіктердің бірі. Дала зонасы елдің солтүстік-батысынан шығыс бағытқа қарай созылып, Қазақстан аумағының шамамен 27%-ын алып жатыр. Бұл аумақтарда көптеген сирек және эндемик түрлер мекендейді, алайда соңғы жылдары климаттың өзгеруі мен антропогендік қысымның артуы салдарынан экожүйелердің тұрақтылығы мен табиғи тепе-теңдігіне қауіп төніп отыр (Kamp et al., 2016).

Қазақстанда биоалуантүрлікті сақтау мақсатында республикалық маңызы бар ЕҚТА желісі құрылған. Бүгінде елімізде 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 7 мемлекеттік табиғи резерват, 50 мемлекеттік табиғи қорықша және басқа да көптеген қорғалатын аумақтар жұмыс істейді. Дала зонасындағы ЕҚТА жалпы аумағы 47 903,5 км² құрайды.

Биоалуантүрлікті бағалау үшін ғылымда көптеген сандық әдістер қолданылады. Ең кең таралған индекстер – Shannon және Simpson


индекстері, олар түрлік байлық пен түрлер арасындағы біркелкілікті ескереді (Pettorelli et al., 2005). Қашықтан зондтау технологиялары биоалуантүрлік үлгілерін кеңістіктік талдауда жаңа мүмкіндіктер ашты. Нормаланған дифференциалды вегетация индексі (NDVI) – қауымдастық деңгейінде биоалуантүрлік үлгілерін талдауда ең кең қолданылатын қашықтан зондтау метрикасы (Pettorelli et al., 2005). NDVI өсімдіктің фотосинтездік белсенділігін сипаттайды және өсімдік жамылғысының тығыздығымен, биомассасымен және түрлік байлықпен корреляцияланады (Brooks et al., 2006).

Дегенмен, Қазақстанның дала зонасындағы ЕҚТА биоалуантүрлігін кешенді бағалаудың бірыңғай, кеңістіктік-сандық негізделген әдістемесі әлі де жоқ. Бар зерттеулер көбіне жекелеген аумақтарға бағытталған және салыстырмалы талдауға мүмкіндік бермейді (Simaika, Samways, 2009). Осыған байланысты зерттеу жұмысының мақсаты – дала зонасындағы ЕҚТА биологиялық әртүрлілігін бағалауға арналған кешенді CIBI (Composite Index of Biodiversity Integrity) әдістемесін әзірлеу және оны ГАЖ мен қашықтан зондтау технологияларын пайдалану арқылы қолдану.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу Қазақстанның дала зонасында орналасқан 22 ЕҚТА-ны қамтыды. Дала зонасы елдің солтүстігінен оңтүстікке қарай біртіндеп шөлейтке ауысатын кең алқапты қамтиды және негізінен Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының бір бөліктерін қамтиды. Зерттеу аумағына 2 мемлекеттік табиғи қорық (Наурызым, Қорғалжын), 5 мемлекеттік ұлттық табиғи парк (Бурабай, Баянауыл, Көкшетау, Бүйратау, Қарқаралы), 3 мемлекеттік табиғи резерват (Ертіс ормандары, Семей ормандары, Ырғыз-Торғай) және 12 мемлекеттік табиғи қорықша кірді (1-сурет). ЕҚТА-лардың жалпы ауданы 47 903,5 км² құрады.

1-сурет
Қазақстанның дала зонасындағы ЕҚТА-лардың таралуы



Ескерту: автор құрастырған.

Зерттеуде келесі дерек көздері пайдаланылды: (1) NDVI есептеу үшін Sentinel-2 спутниктік суреттері (2023–2025 ж. вегетация маусымы: маусым-тамыз, кеңістіктік ажыратымдылығы 10 м) Copernicus Open Access Hub платформасынан алынды; (2) ЕҚТА-лардың флора мен фаунасы туралы статистикалық деректер Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми есептерінен, қорықтардың жылнамаларынан және Қазақстанның Қызыл кітабынан (2022) жинақталды; (3) ЕҚТА-лардың шекаралары мен ауданы туралы кеңістіктік деректер Protected Planet (WDPA) дерекқорынан алынды.

Биоалуантүрлік – көпөлшемді түсінік, оны бір ғана индекспен толық сипаттау мүмкін емес (Magurran, 2004). Дәстүрлі Shannon және Simpson индекстері тек түрлік құрам мен молшылықты ескереді, ал қорғалатын аумақтарды бағалау үшін кеңістіктік, экологиялық және басқару параметрлерін де қамту қажет (Buckland et al., 2005). Осы мәселені шешу үшін біз көп критерийлі шешім қабылдау (Multi-Criteria Decision Analysis, MCDA) тәсіліне (Adem Esmail, Geneletti, 2018) негізделген кешенді индексті әзірледік.

CIBI (Composite Index of Biodiversity Integrity) – салмақталған қосынды үлгісіне (Weighted Sum Model, WSM) негізделген интегралды биоалуантүрлік индексі. WSM әдісі көп критерийлі шешім қабылдауда ең кең қолданылатын тәсілдердің бірі, оның математикалық қарапайымдылығы мен интерпретациялау жеңілдігі артықшылық береді (Saaty, 1980). Индекс құрамына биологиялық, кеңістіктік және уақыттық параметрлерді қамтитын бес көрсеткіш енгізілді:

1) Жалпы түрлік байлық (S) – өсімдіктер мен жануарлардың жиынтық түр саны:

$$S_{total} = S_{flora} + S_{fauna} \quad (1)$$

Мұндағы:

S_{flora} – өсімдік түрлерінің жалпы саны;

S_{fauna} – жануарлар түрлерінің жалпы саны.

2) Қызыл кітапқа енген түрлер үлесі (R) – зерттеу аумағында тіркелген қорғауға алынған (сирек, жойылу қаупі бар) түрлердің жалпы түрлік байлыққа қатынасы.

$$R_{ratio} = \frac{R_{flora}+R_{fauna}}{S_{flora}+S_{fauna}} = \frac{R_{total}}{S_{total}} \quad (2)$$

Мұндағы:

R_{flora} – Қызыл кітапқа енген өсімдік түрлерінің саны;

R_{fauna} – Қызыл кітапқа енген жануарлар түрлерінің саны;

S_{flora} – жалпы өсімдік түрлерінің саны;

S_{fauna} – жалпы жануарлар түрлерінің саны;

R_{total} – Қызыл кітаптағы барлық түрлер;

S_{total} – жалпы түрлік байлық (өсімдік + жануар).

3) Түр тығыздығы (D) – аумақ бірлігіне (км²) шаққандағы түрлер саны (түр/км²):

$$D = \frac{S_{flora}+S_{fauna}}{A} = \frac{S_{total}}{A} \quad (3)$$

Мұндағы:

S_{flora} – өсімдік түр саны;

S_{fauna} – жануар түр саны;

S_{total} – жалпы түр саны (өсімдік + жануар);

A – ЕҚТА ауданы (км²);

D – түр тығыздығы

4) Жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі (V) – NDVI мәні 0,3-тен жоғары болатын аумақтардың жалпы ауданға қатынасы:

$$V = (A_{NDVI>0.3} / A_{total}) \times 100\% \quad (4)$$

Мұндағы:

$A_{NDVI>0.3}$ – NDVI мәні 0,3-тен жоғары аумақтардың қосындысы (орташа және тығыз өсімдік жамылғысы).

A_{total} – ЕҚТА-ның жалпы ауданы.

5) ЕҚТА жасы (Y) – ЕҚТА құрылған уақытынан бастап бүгінгі күнге дейінгі жыл саны:

$$Y = 2025 - Y_{est} \quad (5)$$

Мұндағы:

Y_{est} – ЕҚТА құрылған жыл;

Көп критерийлі индекстерде салмақтарды анықтау – маңызды әрі күрделі мәселе (Morris et al., 2014). Біздің зерттеуде салмақтық коэффициенттер Saaty (Saaty, 1980) аналитикалық иерархия процесі (Analytic Hierarchy Process, AHP) принциптеріне негізделіп, эксперттік бағалау арқылы анықталды. AHP әдісі бойынша көрсеткіштер жұптық салыстыру арқылы бағаланды (1-кесте).

1-кесте
CIBI көрсеткіштерінің салмақтық коэффициенттері

Көрсеткіш	Салмақ	Негіздеме
S (түрлік байлық)	0,25	Биоалуантүрліктің іргелі көрсеткіші; деректер қолжетімді; ЕҚТА-ның негізгі мақсаты – түрлерді сақтау
R (ҚК үлесі)	0,20	Қорғау құндылығының тікелей индикаторы; сирек түрлердің болуы аумақтың маңызын көрсетеді
D (тығыздық)	0,20	Кеңістіктік тиімділікті көрсетеді; шағын, бірақ түрлерге бай аумақтардың маңызын ескереді
V (вегетация)	0,20	Экожүйе жағдайының объективті көрсеткіші; спутниктік деректерге негізделген; мониторинг үшін қолайлы
Y (жас)	0,15	Қорғау тарихын ескереді; жанама фактор, сондықтан салмағы төменірек

Ескертпе: Салмақтардың қосындысы = 1,0. ҚК – Қызыл кітап.

Түрлік байлыққа (S) ең жоғары салмақ (0,25) берілді, себебі ол – биоалуантүрліктің ең іргелі және әмбебап көрсеткіші. Қызыл кітап түрлері үлесі (R), түр тығыздығы (D) және жоғары вегетациялы аумақтар үлесі (V) бірдей салмақ алды (0,20), себебі олар биоалуантүрліктің әртүрлі, бірақ бірдей маңызды аспектілерін сипаттайды. ЕҚТА жасына (Y) ең төмен салмақ (0,15) берілді, себебі ол тікелей биоалуантүрлік көрсеткіші емес, жанама фактор.

Кеңістіктік талдау ArcGIS 10.8 және QGIS 3.36.0 бағдарламаларында жүргізілді. NDVI Sentinel-2 суреттерінің B4 (қызыл, 665 нм) және B8 (жақын инфрақызыл, 842 нм) каналдары негізінде стандартты формула бойынша есептелді:

$$NDVI = (NIR - RED) / (NIR + RED) \quad (6)$$

NDVI мәндері бес класқа жіктелді: I класс (< 0,1) – өсімдік жамылғысы жоқ немесе өте аз; II класс (0,1–0,2) – сирек өсімдік жамылғысы; III класс (0,2–0,3) – орташа сирек; IV класс (0,3–0,4) – орташа тығыз; V класс (> 0,4) – тығыз өсімдік жамылғысы. Әр ЕҚТА үшін NDVI кластарының аудандары есептеліп, жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі (V) анықталды.

Көрсеткіштер әртүрлі өлшем бірліктерінде (түр саны, пайыз, жыл, түр/км²) берілгендіктен, оларды біріктіру үшін нормализация қажет. Біз min-max нормализация тәсілін (Morris et al., 2014) қолдандық:

$$x_{norm} = \frac{x_i - x_{min}}{x_{max} + x_{min}} \quad (7)$$

Мұндағы:

x_i – Нормалау керек нақты мән.

x_{min} – көрсеткіштердің ішіндегі ең кіші мән.

x_{max} – көрсеткіштердің ішіндегі ең үлкен мән.

x_{norm} – нормаланған мән (нәтиже).

Бұл тәсіл барлық көрсеткіштерді 0–1 аралығына түрлендіреді, мұндағы 0 – ең төмен мән, 1 – ең жоғары мән. Min-max нормализация қарапайым, түсінікті және кеңінен қолданылады.

CIBI индексі салмақталған қосынды формуласы бойынша есептелді:

$$CIBI = (S_{norm} \times 0{,}25) + (R_{norm} \times 0{,}20) + \\ + (D_{norm} \times 0{,}20) + \\ + (V_{norm} \times 0{,}20) + (Y_{norm} \times 0{,}15) \quad (8)$$

Мұндағы:

CIBI – Кешенді биоалуантүрлік индексі – 0 мен 1 аралығындағы салыстырмалы мән;

S_{norm} – жалпы түрлік байлықтың нормализацияланған мәні;

R_{norm} – сирек түрлер үлесінің нормаланған мәні;

D_{norm} – түр тығыздығының нормаланған мәні;

V_{norm} – NDVI құрылымдық индексінің нормаланған мәні;

Y_{norm} – ЕҚТА жасының нормаланған мәні.

CIBI индексі 0 мен 1 аралығында мән қабылдайды. Нәтижелерді интерпретациялау

үшін төрт санат анықталды: өте төмен (< 0,20), төмен (0,20–0,30), орташа (0,30–0,40) және жоғары (> 0,40) биоалуантүрлік деңгейі (2-кесте). Бұл шекаралар деректердің таралуы мен практикалық маңыздылығы негізінде анықталды.

2-кесте
CIBI индексінің жіктемесі


CIBI индексінің диапазоны	Санат	Бағалау
> 0,40	Жоғары	Биоалуантүрлік деңгейі жоғары, экожүйе тұрақты
0,30 – 0,40	Орташа	Экожүйе құрылымы жақсы сақталған
0,20 – 0,30	Төмен	Биоалуантүрлік төмендеген, қорғау шаралары қажет
< 0,20	Өте төмен	Экожүйе осал, қалпына келтіру шаралары қажет

Ескертпе: Шекаралар деректердің таралуы мен практикалық маңыздылығы негізінде анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттелген 22 ЕҚТА-да өсімдіктердің жалпы түр саны 215-тен (Ертіс орманы) 800 түрге дейін (Көкшетау және Қарқаралы) өзгереді (2-сурет). Ең жоғары флористикалық әртүрлілік Көкшетау (800 түр), Қарқаралы (800 түр) және Наурызымда (687 түр) тіркелген. Қызыл кітапқа енген сирек өсімдіктер саны 4-тен (Ертіс орманы) 32 түрге дейін (Ырғыз-Торғай) өзгереді.

2-сурет
Дала зонасындағы ЕҚТА-лардағы өсімдік түрлерінің саны




Ескерту: автор құрастырған.

Омыртқалы жануарлардың жалпы түр саны 190-нан (Қарқаралы) 459 түрге дейін (Ырғыз-Торғай) ауытқиды (3-сурет). Барлық зерттелген ЕҚТА-ларда омыртқалы жануарлардың ішінде құстар түр саны бойынша басымдыққа ие: 115 түрден (Баянауыл) 391 түрге дейін (Ырғыз-Торғай). Жалпы түрлік байлық (S_{total}) 458-ден (Ертіс орманы) 1092 түрге дейін (Көкшетау) өзгереді.

Sentinel-2 спутниктік суреттері негізінде жүргізілген NDVI талдау ЕҚТА-лар арасында өсімдік жамылғысының тығыздығы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті (4-сурет).

3-сурет
Дала зонасындағы ЕҚТА-лардағы жануар түрлерінің саны




Ескерту: автор құрастырған.

Тығыз өсімдік жамылғысы (NDVI > 0,4) бар аумақтардың үлесі 0,006%-дан (Ырғыз-Торғай МТР) 35,9%-ға дейін (Көкшетау МҰТП) өзгереді. Жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі (V, NDVI > 0,3) негізінен ұлттық парктерде жоғары: Көкшетау – 77,4%, Бурабай – 56,5%, Қарқаралы – 30,2%. Дала қорықтары мен резерваттарында бұл көрсеткіш едәуір төмен: Наурызым – 1,2%, Қорғалжын – 1,9%, Ырғыз-Торғай – 0,4%.

Әзірленген әдістеме арқылы дала зонасының 22 ЕҚТА-сына экологиялық бағалау жасалды. CIBI индексі 0,0631-ден (Жарсор-Үркаш) 0,4058-ге дейін (Наурызым) өзгереді. Нәтижелер бойынша ЕҚТА-лар төрт санатқа жіктелді (3-кесте, 5-сурет).

4-сурет
ЕҚТА-лардағы NDVI мәндерінің үлесі



3-кесте
CIBI индексін анықтауға арналған көрсеткіштер

ЕҚТА атауы	S_{norm}	R_{norm}	D_{norm}	V_{norm}	Y_{norm}	*CIBI*
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*
Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы	0,953	0,0571	0,0184	0,0122	1	0,4058
Белдеутас мемлекеттік табиғи зоологиялық қорығы	0,476	0,0729	0,1860	1	0,025	0,3745
Белағаш мемлекеттік зоологиялық қорықшасы	0,422	0,2048	1	0,0483	0,0375	0,3618
Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы	0,918	0,2052	0,0047	0,0187	0,5375	0,3559
Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	1	0	0,0193	0,1393	0,1875	0,3099
Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты	0,628	0,2415	0,4634	0,0002	0,05	0,3055
Қаркаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	0,901	0,0228	0,0188	0,0555	0,1625	0,2691
Бурабай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	0,845	0,0225	0,0257	0,1035	0,1375	0,2622
Михайлов мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,422	0,2048	0,0215	0,1247	0,55	0,2582
Смирновск мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,067	0,5406	0,0599	0,1466	0,55	0,2487
Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	0,626	0,0903	0,0414	0,0482	0,325	0,2412


Кестенің жалғасы

ЕҚТА атауы	Snorm	Rnorm	Dnorm	Vnorm	Ynorm	CIBI
1	2	3	4	5	6	7
«Ертіс жағалауы» мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,731	0,085	0,0068	0,0860	0,125	0,2371
Орлиногор мемлекеттік табиғи ботаникалық қорықшасы	0,067	0,5406	0,1674	0,1132	0,3125	0,2279
«Қызылтау» мемлекеттік табиғи қорықшасы	0	1	0	0,0613	0,05	0,2198
Таунсор мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,29	0,2976	0,0375	0,0170	0,4625	0,2123
Бұланды мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,203	0,4171	0,0175	0,1335	0,3125	0,2113
Атбасар мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,461	0,0842	0,0115	0,0069	0,4375	0,2014
«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты	0,592	0,1035	0,0012	0,0089	0,1	0,1857
Шығыс мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,203	0,3558	0,00618	0,1100	0,15	0,1677
Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	0,442	0,0902	0,02084	0,0601	0	0,1447
«Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты	0,385	0,1089	0,00329	0,0118	0,1	0,1361
Жарсор-Үркаш мемлекеттік табиғи зоологиялық қорықшасы	0,153	0,0703	0,02586	0	0,0375	0,0631

Ескерту: автор құрастырған.

5-сурет

Дала зонасындағы ЕҚТА-лардың CIBI индексі бойынша жіктелуі



Ескерту: автор құрастырған.

Жоғары биоалуантүрлік (CIBI > 0,40): Бұл санатқа тек Наурызым қорығы кіреді (CIBI = 0,4058). Қорық жоғары түрлік байлық (1044 түр), Қызыл кітап түрлерінің көптігі (23 түр) және ұзақ қорғау тарихымен (1931 жылдан бастап, 93 жыл) ерекшеленеді.

Орташа биоалуантүрлік (CIBI 0,30–0,40): Бұл санатқа 5 ЕҚТА кіреді – Белдеутас (0,3745), Белағаш (0,3618), Қорғалжын (0,3559), Көкшетау (0,3099) және Ырғыз-Торғай (0,3055). Бұл аумақтарда экожүйе құрылымы жақсы сақталған.

Төмен биоалуантүрлік (CIBI 0,20–0,30): Бұл топқа 11 ЕҚТА жатады. Атап айтқанда Қарқаралы (0,2691), Бурабай (0,2622), Михайлов (0,2582), Смирновск (0,2487), Баянауыл (0,2412), Ертіс жағалауы (0,2371), Орлиногор (0,2279), Қызылтау (0,2198), Таунсор (0,2123), Бұланды (0,2113), Атбасар (0,2014).

Өте төмен биоалуантүрлік (CIBI < 0,20): Бұл топқа 5 ЕҚТА кіреді: Семей орманы (0,1857), Шығыс (0,1677), Бүйратау (0,1447), Ертіс орманы (0,1361), Жарсор-Үркаш (0,0631).

NDVI орташа мәні мен жалпы түрлік байлық арасында орташа оң корреляция анықталды ($r = 0,58$; $p < 0,01$).

Индекс мәні жоғарылаған сайын экожүйелік байлық, өсімдік құрылымы мен сирек түрлер шоғырлануы артады. Сондықтан CIBI экожүйелерді басымдықпен қорғау немесе қалпына келтіру іс-шараларын жоспарлауға ғылыми негіз ұсынады.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның дала зонасындағы ЕҚТА-лар арасында биоалуантүрлік деңгейі бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті. CIBI индексі 0,0631-ден 0,4058-ге дейін өзгеріп, ЕҚТА-лардың экологиялық жағдайының біркелкі еместігін дәлелдейді.

Наурызым қорығының CIBI көрсеткіші ең жоғары болуы (0,4058) бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, қорық 1931 жылы құрылып, 93 жылдық қорғау тарихына ие – бұл зерттелген ЕҚТА-лар арасындағы ең ұзақ мерзім. Халықаралық зерттеулер қорғалатын аумақтардың жасы мен биоалуантүрлік деңгейі арасында оң байланыс бар екенін растайды: ұзақ уақыт қорғалған аумақтарда экожүйелер қалпына келу мен тұрақтану мүмкіндігіне ие болады (Tikkanen et al., 2009, Geldmann et al., 2019). Екіншіден, Наурызым қорығы 2008 жылы ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізіміне енген, бұл оның халықаралық деңгейде танылған экологиялық құндылығын көрсетеді. Үшіншіден, қорық аумағында антропогендік қысым төмен, бұл табиғи экожүйелердің сақталуына қолайлы жағдай жасайды.

Орташа биоалуантүрлік санатына кірген ЕҚТА-лар (Белдеутас, Белағаш, Қорғалжын, Көкшетау, Ырғыз-Торғай) әртүрлі себептермен жоғары көрсеткіштерге ие. Қорғалжын қорығы (0,3559) жоғары түрлік байлықпен (1008 түр) және ЮНЕСКО мәртебесімен ерекшеленеді. Көкшетау МҰТП (0,3099) ең жоғары флористикалық әртүрлілікке ие (800 түр) және жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі бойынша көшбасшы (77,4%). Ырғыз-Торғай (0,3055) Қызыл кітапқа енген түрлер саны бойынша барлық ЕҚТА-лар арасында көшбасшы (47 түр), ол арқылы аумақтың жоғары қорғау құндылығын көре аламыз (Watson et al., 2014). Белдеутас және Белағаш қорықшалары шағын аудандарына қарамастан жоғары түр тығыздығымен ерекшеленеді, бұл CIBI әдістемесінің шағын, бірақ экологиялық құнды аумақтарды анықтау қабілетін көрсетеді.

Өте төмен биоалуантүрлік санатындағы ЕҚТА-лар (Ертіс орманы, Жарсор-Үркаш, Бүйратау) төмен көрсеткіштерінің себептері әртүрлі. Бұл ЕҚТА-лардың көпшілігі шаруашылыққа қолайсыз жерлерде орналасқан, бұл әлемдік тенденцияға сәйкес келеді (Joppa & Pfaff, 2009). Ертіс орманы резерватында (0,1361) түрлік байлық салыстырмалы түрде төмен (458 түр), бұл монодоминантты қарағай ормандарының ерекшелігімен түсіндіріледі. Жарсор-Үркаш қорықшасы ең төмен CIBI көрсеткішіне ие (0,0631), бұл жас қорықша болуымен (2010 жылы құрылған) және аумағының шағын болуына байланысты.

NDVI мен түрлік байлық арасындағы орташа оң корреляция ($r = 0,58$) биоалуантүрлікті кеңістіктік бағалауда қашықтан зондтау деректерін қолданудың перспективтілігін көрсетеді (Xu et al., 2022). Алайда, бұл байланыс барлық ЕҚТА үшін бірдей емес. Орман резерваттарында (Ертіс орманы, Семей орманы) NDVI мәндері жоғары болғанымен, түрлік байлық салыстырмалы түрде төмен. Бұл құбылыс монодоминантты ормандардың ерекшелігімен түсіндіріледі – жоғары биомасса

өндіру түрлік әртүрлілікпен әрқашан сәйкес келмейді (Pettorelli et al., 2005). Керісінше, дала экожүйелерінде (Наурызым, Қорғалжын) NDVI төмен болғанымен, түрлік байлық жоғары, бұл шөпті өсімдіктердің төмен биомассасына қарамастан жоғары әртүрлілікке ие екенін көрсетеді.

CIBI әдістемесінің дәстүрлі биоалуантүрлік индекстерімен (Shannon, Simpson) салыстырғандағы негізгі артықшылығы – оның көпөлшемділігі. Дәстүрлі индекстер тек түрлік құрам мен молшылықты ескереді (Magurran, 2004), ал CIBI биологиялық (түрлік байлық, сирек түрлер үлесі), кеңістіктік (түр тығыздығы, вегетация жағдайы) және уақыттық (қорғау тарихы) параметрлерді біріктіреді. Бұл тәсіл ЕҚТА-ны жан-жақты бағалауға және басымдықты қорғау аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Бірінші ден, салмақтық коэффициенттер эксперттік бағалауға негізделген және субъективті сипатта. Болашақта Delphi әдісі немесе кеңейтілген AHP сауалнамасы арқылы салмақтарды валидациялау және ЕҚТА-лар арасындағы экологиялық байланыстылықты (connectivity) ескеретін көрсеткіштермен (Saura et al., 2017) толықтыру ұсынылады. Екіншіден, флора мен фауна туралы деректер ЕҚТА-лар бойынша біркелкі емес және түрлі жылдарға жатады. Үшіншіден, NDVI маусымдық өзгерістерге сезімтал, сондықтан бір мезгілдік суреттер қолданылды (шілде-тамыз). Болашақта көпжылдық NDVI динамикасын талдау нәтижелердің дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында Қазақстанның дала зонасындағы ЕҚТА биоалуантүрлігін бағалауға арналған CIBI (Composite Index of Biodiversity Integrity) әдістемесі әзірленіп, 22 ЕҚТА-ға қолданылды. Әдістеме бес көрсеткішті біріктіреді: жалпы түрлік байлық (S), Қызыл кітапқа енген түрлер үлесі (R), түр тығыздығы (D), жоғары вегетациялы аумақтардың үлесі (V) және ЕҚТА жасы (Y).

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

CIBI индексі бойынша ЕҚТА-лар төрт санатқа жіктелді: жоғары биоалуантүрлік (1 ЕҚТА), орташа (5 ЕҚТА), төмен (11 ЕҚТА) және өте төмен (5 ЕҚТА).

Наурызым МТҚ ең жоғары CIBI көрсеткішіне ие (0,4058), бұл оның ұзақ қорғау тарихымен, жоғары түрлік байлығымен және ЮНЕСКО мәртебесімен түсіндіріледі.

NDVI мен түрлік байлық арасында орташа оң корреляция анықталды ($r = 0,58$; $p < 0,01$), сол арқылы қашықтан зондтау деректерін биоалуантүрлікті бағалауда қолдану перспективасын растайды.

CIBI әдістемесі дәстүрлі индекстерден (Shannon, Simpson) айырмашылығы биологиялық, кеңістіктік және уақыттық параметрлерді біріктіреді, бұл ЕҚТА-ларды жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

CIBI әдістемесінің практикалық маңызы: (1) ЕҚТА-ларды объективті салыстыруға мүмкіндік береді; (2) басымдықты қорғау аймақтарын анықтауға көмектеседі; (3) табиғат қорғау саясатында дәлелді шешімдер қабылдауға негіз болады (Jetz et al., 2022). Өте төмен CIBI көрсеткіші бар ЕҚТА-ларда (Жарсор-Үркаш, Ертіс орманы, Бүйратау) экожүйелерді қалпына келтіру шараларын күшейту ұсынылады.

Конфликт интересов

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Авторлардың үлесі:

Концептуализация – Н.Б. Зинабдин және А.Ж. Айткүл; Әдіснама – Н.Б. Зинабдин; Бағдарламалық қамтамасыз ету – А.Е. Токбаева; Валидация – А.Ж. Айткүл және А.Е. Токбаева; Формалдық талдау – А.Ж. Айткүл; Зерттеу – Н.Б. Зинабдин және А.Ж. Айткүл; Ресурстар – А.Е. Токбаева; Деректерді басқару – Н.Б. Зинабдин; Жазу – бастапқы нұсқаны дайындау – А.Ж. Айткүл; Жазу – рецензиялау және өңдеу – Н.Б. Зинабдин; Визуализация – А.Е. Токбаева; Ғылыми жетекшілік – Н.Б. Зинабдин; Жоба әкімшілігі – Н.Б. Зинабдин; Қаржыландыруды тарту – Н.Б. Зинабдин.

Әдебиеттер

Adem Esmail, B., & Geneletti, D. (2018). Multi-criteria decision analysis for nature conservation: A review of 20 years of applications. *Methods in Ecology and Evolution, 9*(1), 42–53.

Brooks, T. M., Mittermeier, R. A., Da Fonseca, G. A. B., Gerlach, J., Hoffmann, M., Lamoreux, J. F., … Rodrigues, A. S. L. (2006). Global biodiversity conservation priorities. *Science, 313*(5783), 58–61.

Buckland, S. T., Magurran, A. E., Green, R. E., & Fewster, R. M. (2005). Monitoring change in biodiversity through composite indices. *Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 360*(1454), 243–254.

Cardinale, B. J., Duffy, J. E., Gonzalez, A., Hooper, D. U., Perrings, C., Venail, P., … Naeem, S. (2012). Biodiversity loss and its impact on humanity. *Nature, 486*(7401), 59–67.

Chape, S., Harrison, J., Spalding, M., & Lysenko, I. (2005). Measuring the extent and effectiveness of protected areas as an indicator for meeting global biodiversity targets. *Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 360*(1454), 443–455.

Geldmann, J., Manica, A., Burgess, N. D., Coad, L., & Balmford, A. (2019). A global-level assessment of the effectiveness of protected areas at resisting anthropogenic pressures. *Proceedings of the National Academy of Sciences, 116*(46), 23209–23215.

Jetz, W., McGowan, J., Rinnan, D. S., Possingham, H. P., Visconti, P., O'Donnell, B., & Londoño-Murcia, M. C. (2022). Include biodiversity representation indicators in area-based conservation targets. *Nature Ecology & Evolution, 6*(2), 123–126.

Joppa, L. N., & Pfaff, A. (2009). High and far: Biases in the location of protected areas. *PLOS ONE, 4*(12), e8273.

Kamp, J., Koshkin, M. A., Bragina, T. M., Katzner, T. E., Milner-Gulland, E. J., Schreiber, D., … Urazaliev, R. (2016). Persistent and novel threats to the biodiversity of Kazakhstan's steppes and semi-deserts. *Biodiversity and Conservation, 25*(12), 2521–2541.

Magurran, A. E. (2003). *Measuring biological diversity*. Blackwell Publishing.

Maxwell, S. L., Cazalis, V., Dudley, N., Hoffmann, M., Rodrigues, A. S. L., Stolton, S., … Watson, J. E. M. (2020). Area-based conservation in the twenty-first century. *Nature, 586*(7828), 217–227.

Morris, E. K., Caruso, T., Buscot, F., Fischer, M., Hancock, C., Maier, T. S., … Rillig, M. C. (2014). Choosing and using diversity indices: Insights for ecological applications from the German Biodiversity Exploratories. *Ecology and Evolution, 4*(18), 3514–3524.

Newbold, T., Hudson, L. N., Hill, S. L. L., Contu, S., Lysenko, I., Senior, R. A., … Purvis, A. (2015). Global effects of land use on local terrestrial biodiversity. *Nature, 520*(7545), 45–50.

Pettorelli, N., Vik, J. O., Mysterud, A., Gaillard, J.-M., Tucker, C. J., & Stenseth, N. C. (2005). Using the satellite-derived NDVI to assess ecological responses to environmental change. *Trends in Ecology & Evolution, 20*(9), 503–510.

Saaty, T. L. (1980). *The analytic hierarchy process*. McGraw-Hill.

Saura, S., Bastin, L., Battistella, L., Mandrici, A., & Dubois, G. (2017). Protected areas in the world's ecoregions: How well connected are they? *Ecological Indicators, 76*, 144–158.

Simaika, J. P., & Samways, M. J. (2009). An easy-to-use index of ecological integrity for prioritizing freshwater sites and for assessing habitat quality. *Biodiversity and Conservation, 18*(5), 1171–1185.

Tikkanen, O.-P., Punttila, P., & Heikkilä, R. (2009). Species–area relationships of red-listed species in old boreal forests: A large-scale data analysis. *Diversity and Distributions, 15*(5), 852–862.

Watson, J. E. M., Dudley, N., Segan, D. B., & Hockings, M. (2014). The performance and potential of protected areas. *Nature, 515*(7525), 67–73.

Xu, H., Wang, Y., Guan, H., Shi, T., & Hu, X. (2019). Detecting ecological changes with a remote sensing-based ecological index (RSEI) produced time series and change vector analysis. *Remote Sensing, 11*(20), 2345.

Qazaqstan Respublikasy. (2006, Shilde 7). *Erekşe qorgalatyn tabiği aumaqtar turaly* [On specially protected natural areas] (No. 175-III). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175

References

Adem Esmail, B., & Geneletti, D. (2018). Multi-criteria decision analysis for nature conservation: A review of 20 years of applications. Methods in Ecology and Evolution, 9(1), 42-53.

Brooks, T. M., Mittermeier, R. A., Da Fonseca, G. A., Gerlach, J., Hoffmann, M., Lamoreux, J. F., ... & Rodrigues, A. S. (2006). Global biodiversity conservation priorities. science, 313(5783), 58-61.

Buckland, S. T., Magurran, A. E., Green, R. E., & Fewster, R. M. (2005). Monitoring change in biodiversity through composite indices. Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 360(1454), 243-254.

Cardinale, B. J., Duffy, J. E., Gonzalez, A., Hooper, D. U., Perrings, C., Venail, P., ... & Naeem, S. (2012). Biodiversity loss and its impact on humanity. Nature, 486(7401), 59-67.

Chape, S., Harrison, J., Spalding, M., & Lysenko, I. (2005). Measuring the extent and effectiveness of protected areas as an indicator for meeting global biodiversity targets. Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences, 360(1454), 443-455.

Geldmann, J., Manica, A., Burgess, N. D., Coad, L., & Balmford, A. (2019). A global-level assessment of the effectiveness of protected areas at resisting anthropogenic pressures. Proceedings of the National Academy of Sciences, 116(46), 23209-23215.

Jetz, W., McGowan, J., Rinnan, D. S., Possingham, H. P., Visconti, P., O'Donnell, B., & Londoño-Murcia, M. C. (2022). Include biodiversity representation indicators in area-based conservation targets. Nature Ecology & Evolution, 6(2), 123-126.

Joppa, L. N., & Pfaff, A. (2009). High and far: biases in the location of protected areas. PloS one, 4(12), e8273.

Kamp, J., Koshkin, M. A., Bragina, T. M., Katzner, T. E., Milner-Gulland, E. J., Schreiber, D., ... & Urazaliev, R. (2016). Persistent and novel threats to the biodiversity of Kazakhstan's steppes and semi-deserts. Biodiversity and conservation, 25(12), 2521-2541.

Magurran, A. E. (2003). Measuring biological diversity. John Wiley & Sons.

Maxwell, S. L., Cazalis, V., Dudley, N., Hoffmann, M., Rodrigues, A. S., Stolton, S., ... & Watson, J. E. (2020). Area-based conservation in the twenty-first century. Nature, 586(7828), 217-227.

Morris, E. K., Caruso, T., Buscot, F., Fischer, M., Hancock, C., Maier, T. S., ... & Rillig, M. C. (2014). Choosing and using diversity indices: insights for ecological applications from the German Biodiversity Exploratories. Ecology and evolution, 4(18), 3514-3524.

Newbold, T., Hudson, L. N., Hill, S. L., Contu, S., Lysenko, I., Senior, R. A., ... & Purvis, A. (2015). Global effects of land use on local terrestrial biodiversity. Nature, 520(7545), 45-50.

Pettorelli, N., Vik, J. O., Mysterud, A., Gaillard, J. M., Tucker, C. J., & Stenseth, N. C. (2005). Using the satellite-derived NDVI to assess ecological responses to environmental change. Trends in ecology & evolution, 20(9), 503-510.

Saaty, T. L. (1980). The analytic hierarchy process.

Saura, S., Bastin, L., Battistella, L., Mandrici, A., & Dubois, G. (2017). Protected areas in the world's ecoregions: How well connected are they?. Ecological indicators, 76, 144-158.

Simaika, J. P., & Samways, M. J. (2009). An easy-to-use index of ecological integrity for prioritizing freshwater sites and for assessing habitat quality. Biodiversity and Conservation, 18(5), 1171-1185.

Tikkanen, O. P., Punttila, P., & Heikkilä, R. (2009). Species–area relationships of red-listed species in old boreal forests: a large-scale data analysis. Diversity and Distributions, 15(5), 852-862.

Watson, J. E., Dudley, N., Segan, D. B., & Hockings, M. (2014). The performance and potential of protected areas. Nature, 515(7525), 67-73.

Xu, H., Wang, Y., Guan, H., Shi, T., & Hu, X. (2019). Detecting ecological changes with a remote sensing based ecological index (RSEI) produced time series and change vector analysis. Remote Sensing, 11(20), 2345.

Қазақстан Республикасы. (2006, 7 шілде). Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы (№ 175-III). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175

Авторлар туралы мәлімет:

Зинабдин Нұрлыбек Бердібекұлы – PhD, аға оқытушы, Физикалық және экономикалық география кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: zinabdin.n@gmail.com).

Токбаева Алия Ерлановна – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: aliqozeet@gmail.com).

Айтқұл Ақжол Жаңабайұлы – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: aakzholzh2001@gmail.com).

Information about authors:

Nurlybek Zinabdin – PhD, Senior Lecturer, Department of Physical and Economic Geography, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: zinabdin.n@gmail.com).

Aliya Tokbaeva – Master's student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aliqozeet@gmail.com).

Akzhol Aitkul – Master's student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aakzholzh2001@gmail.com).

Сведения об авторах:

Зинабдин Нурлыбек Бердибекулы – PhD, старший преподаватель кафедры физической и экономической географии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: zinabdin.n@gmail.com).

Токбаева Алия Ерлановна – магистрант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aliqozeet@gmail.com).

Айтқұл Акжол Жанабайулы – магистрант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aakzholzh2001@gmail.com).

Келіп түсті: 23 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды: 14 ақпан 2025 жыл

IRSTI 39.21.02 https://doi.org/10.26577/jgem80120264

M.O. Tumazhanova[1*], K.K. Muzdybaeva[1], Jan A. Wendt[2], A.S. Aktymbaeva[3], A.E. Moldagalieva[3], K. Zhoya[4]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]University of Gdańsk, Gdańsk, Poland
[3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[4]Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: tumazhanova@mail.ru

ANALYSIS OF THE GEODEMOGRAPHICAL CONDITION OF THE URZHAR DISTRICT OF THE ABAI OBLAST

This article examines the geodemographic situation in the Urzhar district of the Abai oblast. Geodemography is a geographically oriented branch of demographic science that studies the patterns of demographic processes in geographical space. The aim of the study is to conduct a comprehensive analysis of geodemographic trends in the development of the Urzhar district of the Abai oblast.

The study analysed the population size and density, natural movements, migration processes, age and gender structure, ethno-demographic composition, urbanisation and settlement patterns, and socio-economic characteristics of rural districts in the Urzhar District. A comparative analysis of population growth/decline rates in all districts of the region was conducted. Based on natural growth indicators, migration and their values obtained from the total growth, rural districts of the Urzhar district with a low natural growth rate have been identified. Settlements with a predominance of migration processes have been identified (Altynshoky, Barkytbel, Besterek, Naualy, Eltay, Zhanatilek, Konyrshauly, Karakol, Koldenen, Kokozek, etc.). The economy of the Urzhar district, which is focused on agriculture, has a significant impact on migration processes. Based on statistical data, a map of the total population and natural growth of the rural population in the district has been compiled.

The study showed that, although there was natural growth among rural districts, territorial imbalance was observed due to negative net migration. The results of the study are necessary for planning, managing and forecasting the social and economic development of the region.

Keywords: demography, geodemography, geodemographic processes, migration, urbanisation, socio-demographic development.

М.О. Тумажанова[1*], К.К. Муздыбаева[1], Ян А. Вендт[2], А.С. Актымбаева[3], А.Е. Молдагалиева[3], Қ. Жоя[4]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Гданьск университеті, Гданьск, Польша
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[4]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: tumazhanova@mail.ru

Абай облысы Үржар ауданының геодемографиялық жағдайын талдау

Бұл мақалада Абай облысы Үржар ауданының геодемографиялық жағдайы қарастырылды. Геодемография – географиялық кеңістіктегі демографиялық үрдістердің даму заңдылықтарын зерттейтін демография ғылымының географиялық бағыттағы саласы. Геодемографиялық деректер аудандағы халықтың орналасу тығыздығын көрсетеді, бұл инфрақұрылымды дұрыс жоспарлауға көмектеседі. Зерттеудің мақсаты – Абай облысы Үржар ауданының геодемографиялық даму үрдістеріне кешенді талдау жасау.

Зерттеу барысында Үржар ауданы ауылдық округтерінің халқының саны мен тығыздығы, табиғи қозғалысы, көші-қон үрдістері, жас-жыныстық құрылымы, этнодемографиялық құрамы, урбандалу және қоныстану жүйесі, әлеуметтік - экономикалық сипаттары талданды. Облыстағы барлық аудандардың халқының өсу/кему қарқынына салыстырмалы талдау жасалынды. Табиғи өсім, көші-қон көрсеткіштері және олардың жалпы өсімінен алынған мәні негізінде Үржар ауданының табиғи өсім коэффициенті төмен ауылдық округтер анықталды. Көші-қон үрдісі басым елді-мекендер анықталды (Алтыншоқы, Барқытбел, Бестерек, Науалы, Елтай, Жаңатілек, Қоңыршәулі, Қарақол, Көлденен, Көкөзек және т.б.). Үржар ауданының аграрлық бағыттағы эконо-

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

микасы көші-қон үрдістеріне елеулі ықпал етеді. Статистикалық деректер негізінде аудандағы ауылдық округтердің халқының жалпы саны және табиғи өсім картасы құрастырылды.

Зерттеу қорытындысы бойынша ауылдық округтер арасында табиғи өсім оң болғанымен, теріс миграциялық сальдо, аумақтық дисбаланс байқалды. Зерттеу нәтижесі ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуын жоспарлауға, басқаруға және болжауға қажет.

Түйін сөздер: демография, геодемография, геодемографиялық үдерістер, миграция, урбандалу, әлеуметтік-демографиялық даму.

М.О. Тумажанова[1], К.К. Муздыбаева[1], Ян А. Вендт[2],
А.С. Актымбаева[3], А.Е. Молдагалиева[3], Қ. Жоя[4]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[2]Университет Гданьск, Гданьск, Польша
[3]Казахский национальный университет им. аль-фараби, Алматы, Казахстан
[4]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
*e-mail: tumazhanova@mail.ru

Анализ геодемографического состояния Урджарского района Абайской области

В статье представлено исследование геодемографического состояния Урджарского района Абайской области. Геодемография – географически ориентированная отрасль демографической науки. Анализ геодемографических данных способствует в правильном расселении населения, планировании инфраструктуры, видов хозяйственной деятельности, социальной сферы и др. Цель исследования – комплексный анализ геодемографических тенденций развития Урджарского района Абайской области.

В ходе исследования были проанализированы численность, плотность населения, поло-возрастная структура населения, этнодемографический состав, системы урбанизации и расселения, естественное движение населения, миграционные процессы, социально-экономические особенности сельских округов Урджарского района. Проведен сравнительный анализ темпов роста и убывания населения районов области. На основе показателей естественного прироста, миграции и их значений, полученные от общего прироста, определены сельские округа Урджарского района с низким коэффициентом естественного прироста. Определены населенные пункты с преобладанием миграционных процессов (Алтыншокы, Баркытбел, Бестерек, Науалы, Елтай, Жанатилек, Коныршаулы, Каракол, колденен, Кокозек и др.). Экономика Урджарского района имеет аграрную направленность, что оказывает существенное влияние на миграционные процессы. На основе статистических данных составлена карта общей численности населения и естественного прироста сельского населения района.

Исследование показало, что, хотя среди сельских округов в изучаемые периоды наблюдался естественный рост, территориальный дисбаланс наблюдался из-за отрицательного миграционного сальдо. Результаты исследования необходимы для планирования, управления и прогнозирования социального и экономического развития района.

Ключевые слова: демография, геодемография, геодемографические процессы, миграция, урбанизация, социально-демографическое развитие.

Introduction

Researching the geodemographic situation of the Urzhar District in the Abai oblastis one of the pressing issues in regional development. Geodemographic processes determine a region's socioeconomic potential through factors such as population density, natural movement, migration, and age-sex structure. In recent years, the district has seen changes in its population, increased migration trends, and a demographic imbalance among its rural districts. A comprehensive methodology for geodemographic analysis was used during the study. Through the processing, grouping and comparative analysis of statistical data, the natural movement, migration, age-sex and ethnic composition of the population were evaluated.

In achieving the goal of the study, the population and density of rural districts, natural movement, directions and volume of migration, age-sex and ethnodemographic composition, settlement system, level of urbanization, as well as the influence of socio-economic factors were studied. Based on a comparative analysis of the region's districts, the rate of population growth or decline was determined, settlements with low natural growth rates and a dominant migration trend were identified, and the causes of territorial imbalance were revealed. The results obtained are a significant contribution to the development of regional

geodemographic science, issues of territorial planning of demographic processes.

The practical significance of the study is that its results can be used to plan, manage, and forecast the district's social and economic development. The identified list of settlements with low natural growth and a predominance of migration processes can serve as the basis for the development of regional personnel policy, programs for the development of social infrastructure, as well as measures to regulate migration processes.

Literature review

Geodemography is a scientific discipline that has developed from the interconnection of social sciences, demography, economics, and socio-economic geography. It comprehensively examines regional characteristics of demographic processes caused by internal (demographic) and external (economic, settlement, social, ethnic, environmental, political) factors. Geodemographic characteristics influence the direction of socio-economic development in a region (Fedorov, 2014). The object of geodemography is geodemographic processes. A geodemographic process is the temporary development of the population in a specific territory, its quantitative and qualitative changes, and its general character. Geodemographic process-includes changes in the spatial distribution of the population and settlement trends (Topchiev, 2005).

Alexander D. Singleton and Seth E. Spielman explore the historical development of geodemography in the United States and the United Kingdom. Geodemographics is important not only for commercial purposes, but also for social research and policy planning. Although this industry has developed in different directions in the US and the UK, technological advances and open data are providing new opportunities for geodemographics. Geodemographics can be a useful tool in politics, urban planning, and the study of social inequality (Singleton & Spielman, 2014).

Timms (1971) studied the spatial distribution of urban residents and their social characteristics, and also developed theoretical concepts of geodemography. Rees (1972) established the theoretical and practical basis for spatial differentiation and clustering of social factors. It served as the basis for the development of quantitative statistical methods used in geodemography.

The demographic development of each region has its own characteristics in terms of geographical location, ethnic composition, age and gender differences, and level of socio-economic development. The document on the demographic situation in the region analyses indicators of population size, birth rate, mortality rate, migration, age and gender structure, and ethnic composition (Shchukina, 2015). Geodemographic studies are conducted using various methods. The main method of geodemographic research is classification. This method is effective because it allows for the adjustment of various indicators characterising the geodemographic status of the territory under study. The main sources of information for geodemographic classifications are census results and current population records, data obtained during research, and survey data (Kuznetsova, 2015).

Geodemography is an essential analytical tool that integrates demographic and spatial data to enable the analysis of consumer behavior patterns and the optimization of marketing strategies. This approach enhances business effectiveness by facilitating the tailoring of products and services to specific consumer segments (Yazgi Walsh, Brunsdon, Charlton, 2021).

In geodemographic research, many scientific challenges remain unresolved. Although the field of geodemography has developed substantially in both theoretical and methodological dimensions, issues related to data quality and the standardization of analytical models persist. These limitations are particularly evident in developing countries, where deficiencies in data infrastructure and shortages of qualified specialists are common, and where spatial technologies-such as AI-based analytics and geolocation tools are not yet fully integrated into research and applied practice. Geodemographic research is well developed in urban areas but remains insufficiently advanced in rural settlements. Despite the scientific significance of geodemography, its full potential has yet to be realized. Addressing these shortcomings requires the development of geodemographic approaches grounded in inclusivity, accuracy, and critical analytical rigor (Gnyawali & Sigdel, 2025).

Geodemography is an effective tool that enables the clustering of spatial units based on socio-

economic data. Research conducted at the Small Areas level in Ireland demonstrates the capacity of this approach to reveal local socio-economic disparities (Yazgi Walsh, Brunsdon & Charlton, 2020). The use of open data and open-source tools enhances the methodological accessibility of research and enables geodemography to be employed more effectively as an analytical instrument aimed at serving public interests and informing policy decisions

Thus, geodemography represents a critical analytical tool that integrates socio-economic and spatial data to facilitate the examination of local disparities. However, limitations related to data quality and technological resources impede the full realization of the field's potential. Addressing these challenges requires the development of methodologies grounded in inclusivity, precision, and critical analysis, as well as ensuring that data remain open and accessible.

The Abai oblast was part of the East Kazakhstan Oblast of the former Semipalatinsk Oblast from 1997 to 2022. On 8 June 2022, the Abai Oblast was formed on the territory of the former Semipalatinsk Oblast. Therefore, demographic studies in the Abai Oblast until 8 June 2022 were considered jointly with demographic studies in the East Kazakhstan Oblast. A study of the demographic situation in the East Kazakhstan economic region was conducted by domestic and foreign scientists. Among the scholars who have conducted research on the East Kazakhstan economic region, the works of researchers such as Alekseenko A.N., Makhmetova N.A., and Aubakirova Zh. S. Alekseenko N.V. (2007) analyses the historical and demographic aspects of Eastern Kazakhstan in the 20th century: demographic changes in the 1920s and 1930s, industrialisation and migration, the Great Patriotic War and its demographic consequences, urbanisation and ethnic changes in the 1950s-1980s, and demographic trends during the period of independence. Abenova G.A., Ibraemova M.S., Mukataeva Z.K. (2020) analysed the social, economic and political factors influencing demographic processes in Eastern Kazakhstan in 1985-1995. Makhmetova N.A., Aubakirova Zh.S. (2023) conducted research on the dynamics of the ethnic composition of the East Kazakhstan region. An analysis was conducted of the policy of resettling other nationalities in the region, the predominance of Kazakh and Russian nationalities, and migration as the main reason for the decline in the number of ethnic groups. Shyngysbaeva Sh.K., Saipov A.A. (2022) analyse the factors influencing the demographic situation, considering the dynamics of natural population growth/decline in the East Kazakhstan Oblast.

Methodology

To analyze the geodemographic situation of the Urzhar district, official statistical data were utilized, obtained from the dataset provided by the District Administration's Department of Economy and Finance. The study examined the following key indicators: total population, ethnic composition, natural population growth, migration dynamics, age–sex structure, and economic activity of the population. during data processing and analysis, statistical, comparative–geographical, cartographic, geoinformation, and analytical methods were employed. These methodological approaches enabled a comprehensive assessment of the demographic and socio-economic characteristics of the study area.

Results and discussion

The districts of the Abai oblast differ from each other in terms of geography, socio-economic factors and natural resources. The Urzhar District is an administrative-territorial unit located in the south of the Abai Oblast. The Urzhar District borders the Ayagoz and Aksuat districts in the north, the Makanshi districts of the region in the west and north-west, and the Alakol district of the Zhetysu region in the south. The Urzhar District is located on the southern slope of Mount Tarbagatai. The climate of the Urzhar District is continental, with very hot and dry summers and frosty winters. Geomorphological structure: the Sauyr-Tarbagatai Range, uplifted during the Palaeozoic period, semi-arid plains, alluvial plains of the Alakol-Sasykkol Lowland. The rivers belong to the internal basin of Balkhash-Alakol. The population is mainly settled at the foot of Mount Tarbagatai and along the valleys of large rivers (Urzhar, Karakol, Eginsu, Besbakan, Karagaily, Zhetibay, Karasu, Shoshkaly, Kusak, etc.). This is due to the fact that the soils in these regions are fertile, rich in water, and favourable

for the development of crop and livestock farming. The main industry in the region is agriculture. The total land area is 12,000 км². The geographical location of the region influences the population density and demographic structure. The administrative division consists of 35 settlements, grouped into 16 rural districts. The district centre is the village of Urzhar. The population is 41,240. The population density of the Urzhar District is relatively low, averaging 3.44 people per square kilometre.

In order to effectively study and plan the demographic development of the region, a comparative analysis of the population size with other districts of the region was conducted. Since gaining independence, the Republic of Kazakhstan has conducted three population censuses: in 1999, 2009, and 2021. The Abai oblast has two cities of regional significance and ten districts. The analysis of the population by administrative-territorial structure of the Abai oblast for 2009-2021 is presented in the table below.

Table 1
Population growth/decline rates in the Abai oblast

№	Districts and cities of the region	2009	2021	Growth/decline rate (%)	2021 By 2009%
1	Abai District	15258	14240	-6,6	93,3
2	Aksuat District	21276	19916	-6,3	93,6
3	Ayagoz District	74572	66956	-10,2	89,8
4	Beskaragay District	22210	18296	-17,6	82,4
5	Borodulikha District	40167	33647	-16,2	83,8
6	Zhanasemey District	25228	20868	-17,2	82,7
7	Zharma District	44770	37460	-16,3	83,7
8	Kokpekti District	18375	13932	-24,1	75,8
9	Makanshi District	32135	27467	-14,5	85,5
10	Urzhar District	51039	43643	-14,4	85,5
11	The city of Kurchatov	10127	10411	2,8	102,8
12	The city of Semey	299264	303210	1,31	101,3
13	total	629193	589358	-6,5	93,7

**Note. Compiled by the authors based on data from the Bureau of National Statistics*

According to the results of the analysis of the population by administrative-territorial structure of the Abai oblast, there was a decline in population. Between 2009 and 2021, the total population of Kazakhstan increased, but there is a regional imbalance. The overall growth rate is - 6.5, with the population share remaining at 93.7%. Several factors may influence this trend. External migration (emigration), migration of ethnic groups to countries such as Russia and Germany, for example, Russian, German, Ukrainian, etc. Ethnic groups are most populous in the East Kazakhstan economic region. Labour migration, young people leaving for countries such as Russia, South Korea, and Turkey. Internal migration (urbanisation), migration from rural areas to cities. In cities of regional significance, namely Kurchatov and Semey, positive growth is observed, as stable operations have been established in urban areas. Environmental and radiation factors (Semipalatinsk nuclear test site). The Urzhar District of the study area is also experiencing a decline in population. Nevertheless, the demographic situation has remained relatively stable compared to other regions between 2009 and 2021, with the population share remaining at 85.5% and natural growth increasing. The following table presents an analysis of population changes by rural district in the region under study.

This table shows the population growth rates for rural districts in the Urzhar District between

2015 and 2024. During the COVID-19 pandemic, there was a decline in population, a trend that may be linked to the socio-economic consequences of the pandemic. In addition, migration and urbanisation have contributed to a decline in the region's population. The following map shows the population by rural districts in the Urzhar District.

Шаған көлі Қазақстан үкіметі тарапынан ядролық сынақтардан ең қатты зардап шеккен аймақтар тізіміне енгізілді. Көлде әлі кейбір балық түрлері тіршілік етеді, бірақ олардың қолданылуы қатты ұсынылмайды. Көлдегі су ішуге және ауылшаруашылық жерлерді суаруға жарамсыз. Судағы радиоактивті заттар, әсіресе тритийдің (^{3}H) мөлшері, рұқсат етілген нормадан жүздеген есе асып кетеді.

Адам үшін ең басты қауіп – «Атомдық көл»-дің айналасындағы 3–4 км радиустық топырақ қорғаны аймағы, оны қоршаған орта объектілерінің (су, өсімдік, ауа) екінші деңгейлі ластануының маңызды потенциалды көзі ретінде қарастыру қажет.

2016–2018 жылдардағы зерттеулер нәтижесінде «Атомдық көл» 5 км төмен ағыста Шаған өзенінде ^{3}H жоғары концентрациясының болуы бірнеше рет анықталып расталды (сурет 4).

4-сурет

«Атом көлінен» қашықтыққа байланысты Шаған өзенінің суындағы тритийдің (^{3}H) концентрациясы



Ескерту: автор құрастырған.

Тритийдің таралуы процесін түсіну үшін 4-суреттегі графикті төрт учаскеге бөлінді және әр бөлік үшін тәуелділіктер келтірілді:

1. Бірінші учаскеде тритий концентрациясы келесі формуламен артады:

$$n = 1000 \cdot 10^{0,242 \cdot L}$$ (Бк/м³), 0<L≤5 км; (1)

мұндағы:

n – тритийдің салыстырмалы белсенділігі, Бк/м³;

L – «Атом көлінен» қашықтық, км.

2. Екінші учаскеде тритий концентрациясы шамамен өзгермей, тең болады:

n =16200 (Бк/м³), 5< L ≤ 20 км; (2)

3. Үшінші учаскеде тритий концентрациясы төмендейтін формула бойынша азаяды:

$$n = 16200 \cdot 10^{0,054 \cdot (L-20)}$$(Бк/м³), 20< L ≤ 70 км; (3)

4. Төртінші учаскеде тритий концентрациясы баяу артып, формула бойынша есептеледі:

$$n = 31,6 \cdot 10^{0,005 \cdot (L-70)}$$ (Бк/м³), L>70 км. (4)


Төртінші учаскеде тритийдің миграциясы тұрақталуы керек деп есептелгенімен, зерттеу деректері (2020–2024 жж.) концентрацияның баяу өсуін көрсетеді. Бұл техногендік радионуклидтердің жел арқылы тасымалдануы, сондай-ақ атмосфералық жауын-шашынмен айналадағы жерге және Шаған өзенінің арнасына ағып кетуі, әрі радионуклидтердің суарқылы тасымалдануы мүмкін. Әр жағдайда бұл әрі қарайғы зерттеулерге тақырып болып табылады. (Мошков, Лукашенко, Яковенко, 2011)

Жүргізілген зерттеулер материалының талдауы нәтижесінде Балапан полигоны аумағы экожүйе компоненттерінің қазіргі жағдайы туралы ақпарат алынды. Топырақ пен ауыз су, дондық шөгінділердің техногендік радионуклидтермен ластануы «Атомдық көл» мен «Телкем» өңіріне байланысты екені анықталды. Жер қабатында, штольнялар мен ұңғымаларда сынақтар жүргізілген жерлерде, оның ішінде ұзақ өмір сүретін радиоактивтік өнімдердің мол мөлшері бар екеніне күмән жоқ. Мұндай жерлер шаруашылық мақсатында пайдалануға жарамсыз, сондықтан оларды ұзақ уақыт бойы адамдардың кіруін болдырмай қорғай отырып сақтау қажет. (Яковенко, Абишев, 2016)

Бүгінде ғылым мен техника дамып түрған да жасанды серіктерінің деректерін пайдалана отыра Семей полигоны территориясын ғарыштық мониторингтау мен жылдам карталар жасауды қамтамасыз ететін заманауи аппараттары және бағдарламалары баршылық. Ғарыштық мониторингтен алынған деректер бойынша осы аймақтың экологиялық карталарын жасау геоақпараттық жүйеге негізделінеді. Семей ядролық полигоны аймағындағы экологиялық зерттеулер Қазақстан полигондары территориясын ғарыштық мониторингтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құрып, зерттеу жұмыстарынан адамзат тіршілігіне қажетті практикалық мәселелерді шешуге негізделген (5-сурет).

5-сурет

«Семей» ғарыштық бағдарламасының геоақпараттық жүйесі



Ескерту: автор құрастырған.

Аталмыш ГАЖ бұрынғы деректерді сақтай отыра, оған еркін кіру мен модельдеуді қамтамсыз етеді және де зерттелетін аумақтың географиялық мәліметтері мен ғарыштық суреттерін бір-бірімен қабыстырады. Оған мыналар кіреді:


- географиялық және ақпараттық деректер базасы (тақырыптық және векторлық карталар: геологиялық, радиологиялық және т.б);
- қашықтан зондттау жүйесі;
- векторлау және моделдеу жүйелері;
- дайын өнімдер (әр түрлі топографиялық карталар). (Лукашенко, 2010)

Картографиялық деректер қашықтан зондтау қосалқы жүйесіне «енгізіледі», яғни ғарыштық түсірілімдерді географиялық байлау процесіне қатысады. Ал ғарыштық түсірілімдер, өз кезегінде, геоақпараттық деректер базасы үшін ақпарат көзі болып табылады. Географиялық деректер мен қашықтан зондтау деректері «Модельдеу» қосалқы жүйесі үшін бастапқы мәліметтер ретінде қолданылады. Бұл карталардан 20 жыл бұрын 468 штольнялардың ауыздары бетондалып жабылса да, Семей полигоны аймағындағы топырақ қабаты мен суы екінші рет, қайтадан ластануын көреміз. Өйткені жер қойнауында, жерасты суларында ұзақ сақталатын радиоактивті заттар (стронций, цезий және тритий элементтері) жинақталған. Полигон аймағында күні бүгінге дейін топырақ және өсімдіктер ластанып, 1,7 млн адам мекендейтін 304 мың км^2 жер (Семей, Павлодар, Қарағанды облыс аумақтары) шөлейттенген, адамдар денсаулығына орасан зиян келіп отыр. (Умирбаева, Нурпеисова, Омиржанова, 2019)

Зерттеу жұмыстары штольняларды жою шараларының жеткіліксіз жүргізілмегендігін көрсетіп отыр. Мәселен, 6, *а*-суретінде келтірілген картадан полигон аймағындағы жер бедерінің төмендеген учаскелерінде өте жоғары адсорбциялық қасиеті бар цезийдің жиналғанын, ал 6,б-суретінен миграциялық қасиеті жоғары стронцийдің шоғырланғанын байқауға болады.

6-сурет

Семей полигоны аймағындағы топырақ қабатының 2008-2010 жылдар аралығында:а)–^{137}Cs цезиймен; б)- ^{90}Sr стронциймен ластану дәрежелері



Ескерту: автор құрастырған.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Заңға қол қойды, оған сәйкес бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны жерлерінің бір бөлігі ауыл шаруашылығы айналымына енгізілетін болады. *бұл шамамен **1 млн** гектар* 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында жердің ауыл шаруашылығына жарамдылығын кешенді мониторингілеу жер ресурстарының жай-күйін және олардың өндірістік әлеуетін бағалаудың маңызды құралы болып табылатыны анықталды. Жүргізілген тал-

дау топырақтың құнарлылық деңгейі, агроэкологиялық және климаттық жағдайлар, сондай-ақ антропогендік жүктеме дәрежесі жерді ауылшаруашылық пайдалану тиімділігіне айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Далалық Зерттеулерді, зертханалық талдауларды, қашықтықтан зондтау әдістерін және геоақпараттық жүйелерді қамтитын кешенді тәсілді қолдану эрозия, түздану және гумустың азаюы сияқты жердің деградация процестерін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жерді пайдалану саласында негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін ғылыми негіз жасайды. Осылайша, кешенді мониторинг ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануға және қорғауға, олардың өнімділігін арттыруға және ұзақ мерзімді перспективада аграрлық Ландшафттардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

1. Радиоактивтік заттардың екінші рет таралуын болдырмау және алдын алу үшін ең тиімді тәсіл – СИП аумағында кешенді мониторинг жүргізу (ғарыштық, геодезиялық және радиоэкологиялық). Кешенді мониторингтің негізгі міндеті – қазіргі геоақпараттық технологияларды қолдана отырып, біртұтас ақпараттық кеңістік құру.

2. Геодезиялық мониторинг нәтижелері локалды желілердің жұмысын жетілдіру және олардың негізінде СИП аумағында аймақтық геомониторинг желісін құру бойынша ұсыныстарды негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл болашақта геодинамикалық процестерді зерттеуге және полигоның бүкіл аумағы бойынша жер қыртысының қазіргі қозғалысын картаға түсіруге жағдай жасайды.

3. Радиоэкологиялық мониторинг нәтижелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына экологиялық жағдайды бағалау критерийлерін әзірлеуге ғылыми негізделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді, сондай-ақ СИП аумағын кешенді экологиялық зерттеуден өткізу жұмыстарын оңтайландырып, оны кейін халық шаруашылығына енгізуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасының «СИП радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізіледі.

4. Алынған нәтижелер аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде ұсынымдар жасауға, оларды одан әрі халық шаруашылығына енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдалану студенттердің білім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі:

Тұжырымдаманы әзірлеу – М.Ж. Бегалиева және С.Т. Солтабаева; Әдіснама – А.Т. Саулембаев; Бағдарламалық қамтамасыз ету – М.Ж. Бегалиева; Валидация – М.Ж. Бегалиева, С.Т. Солтабаева және Н.С. Дөненбаева; Формалды талдау – С.Т. Солтабаева; Зерттеу – М.Ж. Бегалиева; Ресурстар – А.Т. Саулембаев; Деректерді өңдеу – М.Ж. Бегалиева; Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу – С.Т. Солтабаева; Қарау және редакциялау – М.Ж. Бегалиева; Визуализация – Н.С. Дөненбаева; Ғылыми жетекшілік – С.Т. Солтабаева; Жобаны басқару – С.Т. Солтабаева; Қаржыландыруды тарту – М.Ж. Бегалиева.

Әдебиеттер

Труды международной научной конференции «Семипалатинский испытательный полигон. Радиационное наследие и перспективы развития». (2012). Курчатов: НЯЦ РК.

Космические исследования в Казахстане / Под общей редакцией У. М. Султангазина. (2002). Алматы: Институт космических исследований.

Султангазин, У. М., & Закарин, Э. А. (2000). Дистанционное зондирование температурных аномалий в районе СИЯП. *Доклады Национальной академии наук РК, (2)*, 51–54.

Nurpeissova, M., Umirbayeva, A., Tursynbayev, N., Donenbayeva, N., & Bakyt, N. (2025). Assessment of deformation and radiation state of adjacent territories of the deposit “Karazhyra”. *News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Geology and Technical Sciences, 2*(469), 166–179. https://doi.org/10.32014/2025.2518-170X.4982

Уставич, Г. А., & Яковенко, А. М. (2013). Состав геодезических и картографических работ при изучении мест проведения ядерных взрывов на Семипалатинском испытательном полигоне. *Геодезия и картография, (4)*, 2–6.

Яковенко, А. М., & Уставич, Г. А. (2015). Деформационный мониторинг дневной поверхности испытательных скважин Семипалатинского испытательного ядерного полигона. *Известия вузов. Геодезия и картография, (5)*, 146–151.

Патент № 4700. Грунтовый репер для геодезических измерений / Нурпеисова М. Б., Умирбаева А. Б., Доненбаева Н. С. и др. (2020). Комитет по правам интеллектуальной собственности МЮ РК, Астана, 12.03.2020.

Nurpeisova, M., Umirbaeva, A., & Fedorov, E. (2021). Integrated monitoring-based assessment of deformation and radiation situation of territorial domains. *Eurasian Mining, (1)*, 83–87.

Nurpeisova, M. B., Salkynov, A. T., Soltabayeva, S. T., & Miletenko, N. A. (2024). Patterns of development of geomechanical processes during hybrid open pit/underground mineral mining. *Eurasian Mining, (1)*, 7–11. https://www.rudmet.ru/journal/2325/article/3829

Постановление Республики Казахстан по комплексному решению проблем Семипалатинской зоны экологического бедствия до 2025 года в соответствии с разработанным планом поэтапного обследования СИП. (2017, 29 сентября). № 602. Астана.

Уставич, Г. А., Пошивайло, Я. Г., Дубровский, А. В., Ахметов, Б. Ж., & Пошивайло, А. О. (2016). Зонирование и межевание земель, прилегающих к ядерным полигонам, для целей хозяйственного использования (на примере Семипалатинского испытательного ядерного полигона). *Вестник СГУГиТ, 4*(36), 145–157.

Мошков, А. С., Лукашенко, С. Н., Яковенко, Ю. Ю., и др. (2011). Характер и уровни радионуклидного загрязнения площадки «Опытное поле» Семипалатинского испытательного полигона. В *Актуальные вопросы радиоэкологии Казахстана* (Т. 1, вып. 3, с. 13–81). Курчатов: Национальный ядерный центр Республики Казахстан.

Яковенко, А. М., & Абишев, А. Х. (2016). Проведение геодезического мониторинга на приустьевой площадке скважины № 104 участка Сары-Узень на бывшем Семипалатинском испытательном ядерном полигоне. В *Интерэкспо ГЕО-Сибирь – 2016. XII Международный научный конгресс: Международная научная конференция «Геодезия, геоинформатика, картография, маркшейдерия»* (Т. 2, с. 8–12). Новосибирск: СГУГиТ.

Яковенко, А. М. (2016). Геодезический деформационный мониторинг мест проведения подземных ядерных взрывов на Семипалатинском испытательном полигоне. В *Мониторинг ядерных испытаний и их последствий: Тезисы докладов IX Международной конференции* (8–12 августа 2016 г., Алматы, Казахстан) (с. 105–106). Курчатов: НЯЦ РК.

Радиоэкологическое состояние «северной» части территории Семипалатинского испытательного полигона / Коллектив авторов под рук. С. Н. Лукашенко. (2010). В *Актуальные вопросы радиоэкологии Казахстана* (вып. 1). Курчатов: Дом печати.

Умирбаева, А. Б., Нурпеисова, М. Б., & Омиржанова, Ж. Т. (2019). Оценка последствий загрязнения территории с точки зрения радиационной безопасности. В *Сборник трудов международной конференции, посвященной 125-летию К. И. Сатпаева «Роль геодезии и маркшейдерии в реализации программы "Цифровой Казахстан"»* (с. 996–1000). Алматы: КазНИТУ.

References

Semipalatinskiy yadernyy poligon. Radiatsionnoye naslediye i perspektivy razvitiya (2012) [Semipalatinsk nuclear test site. Radiation heritage, and development prospects]. Materials of the International Scientific Conference. Kurchatov: SNC RK, 150 p.

Kosmicheskiye issledovaniya v Kazakhstane red. U. M. Sultangazin (2002) [Space research in Kazakhstan Edited by U.M. Sultangazin]. Almaty: Space Research Institute, 488 p.

Sultangazin U.M., Zakarin E.A. Remote sensing of temperature anomalies in the SIAP region // Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. 2000.-#2.- P. 51-54.

Nurpeissova M., A.Umirbayeva A., N.Tursynbayev N., N.Donenbayeva N., N.Bakyt N. Assessment of deformation and radiation state of adjacent territories of the deposit "Karazhyra» *//NEWS of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan SERIES OF GEOLOGY AND TECHNICAL SCIENCES Volume 2. Number 469 (2025), 166–179.* https://doi.org/10.32014/2025.2518-170X.4982

Ustavich G.A., Yakovenko A.M. Composition of geodetic and cartographic works in the study of the sites of nuclear explosions at the Semipalatinsk test site // Geodesy and cartography. – 2013. – No. 4. – P.2-6.

Deformation monitoring of the daytime surface of test boreholes of the Semipalatinsk nuclear test site / A.M. Yakovenko, G.A. Ustavich, // News of Higher Education Institutions. Geodesy and Cartography No. 5, 2015. – P. 146-151.

Patent No. 4700. Ground benchmark for geodetic measurements / Nurpeisova M.B., Umirbaeva A.B., Donenbaeva N.S. et al. – Committee on Intellectual Property Rights of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan. – Astana, March 12, 2020

M.Nurpeisova, A.Umirbaeva, E.Fedorov (2021). Integrated monitoring-based assessment of deformation and radiation situation of territorial domains //Eurasian mining. 2021. No.1.pp. 83–87

Nurpeisova M.B., Salkynov A.T., Soltabayeva S.T., N.A.Miletenko N.A. Patterns of development of geomechanical processes during hybrid open pit/underground mineral mining// Eurasian mining. 2024.No.1. pp.7-11 https://www.rudmet.ru/journal/2325/article/3829

Resolution of the Republic of Kazakhstan on a comprehensive solution to the problems of the Semipalatinsk ecological disaster zone until 2025 in accordance with the developed plan for a phased survey of the SIP – Astana dated September 29, 2017 No. 602.

Альмира Жакупова *Исследование спутниковой оценки земель для сельскохозяйственных культур при применении обработки данных ДЗЗ* — применение ГИС и космического мониторинга для оценки пригодности земель. 2023. -С. 12-17

Н.Г.Мартынова – *Мониторинг сельско-хозяйственных земель по данным дистанционного зондирования Земли* – применение спутниковых данных для оценки состояния сельхозземель.2023г.

Жумадилов К.Ш. Оценка радиоактивного загрязнения в местах наземных и подземных ядерных испытаний / / Наука и Здравоохранение. 2016. №6. С. 73-79.

Ustavich, G. A., Poshivailo, Ya. G., Dubrovsky, A. V., Akhmetov, B. Zh., & Poshivailo A. O. (2016). Zoning and surveying of lands adjacent to nuclear test sites for the purposes of economic use (on the example of the Semipalatinsk nuclear test site). Vestnik SGUGiT [Vestnik SSUGT], 4(36), 145–157 [in Russian].

Moshkov, A. S., Lukashenko, S. N., Yakovenko, Yu. Yu., & et al. (2011). The nature and levels of radionuclide contamination of the Experimental Field site of the Semipalatinsk test site. In Sbornik trudov Natsional'nogo yadernogo tsentra Respubliki Kazakhstan: T. 1, vyp. 3. Aktual'nye voprosy radioekologii Kazakhstana [Proceedings of the National Nuclear Center of the Republic of Kazakhstan: Vol. 1, Issue 3. Current Issues of the Radio Ecology of Kazakhstan] (pp. 13–81). Kurchatov [in Russian].

Yakovenko, A. M., & Abishev, A. Kh. (2016). Conducting geodetic monitoring at the wellhead site of well No. 104 of the Sary-Uzen section at the former Semipalatinsk nuclear test site. In Sbornik materialov Interekspo GEO-Sibir'-2016: Mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii: T. 2. Geodeziya, geoinformatika, kartografiya, marksheyderiya [Proceedings of Interexpo GEO-Siberia-2016: International Scientific Conference: Vol. 2. Geodesy, Geoinformatics, Cartography, Mine Surveying] (pp. 8–12). Novosibirsk: SSUGT Publ. [in Russian].

Yakovenko, A. M. (2016). Geodetic deformation monitoring of sites of underground nuclear explosions at the Semipalatinsk test site. In Tezisy dokladov IX Mezhdunarodnoy konferentsii: Monitoring yadernykh ispytaniy i ikh posledstviy [Theses of Reports IX International Conference: Monitoring of Nuclear Tests and their Consequences] (pp. 105–106). Kurchatov: National Center of the Republic of Kazakhstan Publ. [in Russian].

Lukashenko, S. N., & et al. (2010). Radioecological state of the "northern" part of the territory of the Semipalatinsk test site. Aktual'nye voprosy radioekologii Kazakhstana. Vyp. 1 [Current issues of radio ecology of Kazakhstan: Issue 1] (234 p.). Kurchatov: Dom pechati Publ. [in Russian].

Umirbayeva, A. B., Nurpeisova, M. B., & Omirzhanova, Zh. T. (2019). Assessment of the consequences of pollution of the territory from the point of view of radiation safety. In Sbornik trudov mezhdunarodnoy konferentsii, posvyashchennoy 125-letiyu K. I. Satpaeva: Rol' geodezii i marksheyderii v realizatsii programmy "Tsifrovoy Kazakhstan" [Proceedings of the International Conference devoted to the 125th Anniversary of K. I. Satpaev: The Role of Geodesy and Land Surveying in the Implementation of the Program "Digital Kazakhstan"] (pp. 996–1000). Almaty: KazNITU Publ. [In Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Бегалиева Майра Жалғасқызы – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті докторанты (Алматы қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0009-0004-4654-4641,maira_010591@mail.ru).

Солтабаева Сауле Темірболатовна – техника ғылымдарының кандидаты, «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының профессоры, Satbayev University (Алматы қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-1330-2174, saule_soltabaeva@mail.ru).

Доненбаева Назгул Сериковна – PhD доктор, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-1530-0746 e-mail: donenbayeva_ns@enu.kz).

Саулембаев Алтынбай – география ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті аға оқытушы (Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. e-mail:altynbai_saulembaev@mail.ru).

Information about authors:

Begaliyeva Maira Zhalgaskyzy – doctoral of the Kazakh National Research technical university (Almaty, Kazakhstan, https://orcid.org/0009-0004-4654-4641, maira_010591@mail.ru).

Soltabayeva Saule Temirbolatovna – Candidate of Technical Sciences., Professor of the Department of Surveying and Geodesy, Satbayev University (Almaty, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-1330-2174, saule_soltabaeva@mail.ru).

Donenbaeva Nazgul Serikovna – PhD doctor Gumilyov Eurasian National University (Astana, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-1530-0746, donenbayeva_ns@enu.kz).

Altynbai Saulembaev – Candidate of Geographical Sciences, Senior Lecturer at the South Kazakhstan Pedagogical University named after Özbekali Zhanibekov (Shymkent, Republic of Kazakhstan. E-mail: altynbai_saulembaev@mail.ru).

Сведения об авторах:

Бегалиева Майра Жалгаскызы – докторант, Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: maira_010591@mail.ru).

Солтабаева Сауле Темирболатовна – кандидат технических наук, профессор кафедры маркшейдерского дела и геодезии, Satbayev University (Алматы, Казахстан, e-mail: saule_soltabaeva@mail.ru).

Доненбаева Назгул Сериковна – PhD доктор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: donenbayeva_ns@enu.kz).

Саулембаев Алтынбай – кандидат географических наук, старший преподаватель Южно-Казахстанского педагогического университета имени Өзбекәлі Жәнібекова (Шымкент, Казахстан, e-mail: altynbai_saulembaev@mail.ru).

Келіп түсті: 11 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 04 наурыз 2026 жыл

FTAMP 39.01.94, 68.01.94 https://doi.org/10.26577/JGEM80120266

К.Б. Зулпыхаров[1*], А.А. Токбергенова[1], Р. Салмұрзаұлы[1], А.А. Калдыбаев[2], У.Б. Мухтаров[1], А.А. Асанбаева

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]«Институт Ионосфера» ЖШС, Алматы, Қазақстан
*e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ИРРИГАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СУАРМАЛЫ ЕГІСТІК ЖЕРЛЕРІНІҢ МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Мақалада Түркістан облысындағы ирригациялық жүйелердің қазіргі техникалық жай-күйі және олардың суармалы егістік жерлердің мелиоративтік жағдайына тигізетін әсері қарастырылған. Зерттеу барысында негізгі суару және коллекторлық-дренаждық желілердің физикалық тозу деңгейі, гидротехникалық құрылыстардың пайдалану тиімділігі, сондай-ақ су беру режимдерінің топырақтың агромелиоративтік көрсеткіштеріне ықпалы талданды. Зерттеудің ақпараттық базасын көпжылдық архивтік материалдар, далалық бақылау деректері және қашықтан зондтау мәліметтері құрады.

Зерттеу нәтижелері ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелердің техникалық жағдайының қанағаттанарлықсыз болуына байланысты Түркістан облысындағы суармалы жерлердің жыл сайын шамамен 10-15% пайдаланылмай келеді. Атап айтқанда, суармалы алқаптардың 1,5-3%-ы өте күшті тұздануға, 4-5,6%-ы су тапшылығына, 1,5-2%-ы жерасты сулары деңгейінің шектен тыс (2 м-ден жоғары) көтерілуіне немесе батпақтануға, ал 5,6-7%-ы суару жүйелерінің тозуына және өзге де қаржылық-техникалық факторларға байланысты пайдаланылмай отыр.

Алынған нәтижелер ирригациялық жүйелердің техникалық тозуы топырақтың тұздану және батпақтану үдерістерінің күшеюіне, жерасты сулары деңгейінің жоғарылауына және суармалы егістік жерлердің өнімділігінің төмендеуіне әкелетінін айқындады. Зерттеу қорытындылары өңірдегі суару жүйелерін жаңғырту, су ресурстарын тиімді басқару және суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту бойынша ғылыми-практикалық ұсынымдар әзірлеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: ирригациялық жүйелер, коллекторлық-дренаждық жүйелер, тұздану, Мырзашөл суармалы массиві, Қызылқұм суармалы массиві.

K.B. Zulpykharov[1*], A.A. Tokbergenova[1], R. Salmurzauly[1],
A.A. Kaldybayev[2], U.B. Mukhtarov[1], A. A. Assanbayeva[1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]LLP "Institute of Ionosphere", Almaty, Kazakhstan
*e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com

Technical condition of irrigation systems of Turkestan region and their impact on the reclamation state of irrigated arable land

This article examines the current technical condition of irrigation systems in the Turkestan oblast and their impact on the meliorative status of irrigated agricultural lands. The study analyzes the degree of physical deterioration of the main irrigation and collector–drainage networks, the operational efficiency of hydraulic structures, as well as the influence of water delivery regimes on soil agromeliorative indicators. The information base of the research includes long-term archival materials, field observation data, and remote sensing data.

The results of the study show that due to the unsatisfactory technical condition of irrigation and collection and drainage systems, about 10-15% of irrigated land in the Turkestan region is unused annually. In particular, 1.5-3% of irrigated areas are affected by severe salinization, 4-5.6% experience water shortages, 1.5-2% are subject to excessive groundwater level rise (above 2 m) or waterlogging, while 5.6-7% are not utilized due to the deterioration of irrigation systems and other financial and technical constraints.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

The findings demonstrate that the technical degradation of irrigation systems leads to intensified soil salinization and waterlogging processes, rising groundwater levels, and, consequently, a decline in the productivity of irrigated agricultural lands. The conclusions of the study provide a scientific basis for developing practical recommendations aimed at modernizing irrigation systems, improving water resource management, and enhancing the meliorative condition of irrigated lands in the oblast.

Keywords: irrigation systems, collector–drainage systems, soil salinization, Myrzashol irrigated massif, Kyzylkum irrigated massif.

К.Б. Зулпыхаров[1*], А.А. Токбергенова[1], Р. Салмұрзаұлы[1],
А.А. Калдыбаев[2], У.Б. Мухтаров[1], А.А. Асанбаева[1]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]ТОО «Институт ионосферы», Алматы, Казахстан
*e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com

Техническое состояние ирригационных систем Туркестанской области и их влияние на мелиоративное состояние орошаемых пахотных земель

В статье рассматривается современное техническое состояние ирригационных систем Туркестанской области и их влияние на мелиоративное состояние орошаемых сельскохозяйственных земель. В ходе исследования проанализированы уровень физического износа основных оросительных и коллекторно-дренажных сетей, эффективность эксплуатации гидротехнических сооружений, а также влияние режимов водоподачи на агромелиоративные показатели почв. Информационную базу исследования составили многолетние архивные материалы, данные полевых наблюдений и материалы дистанционного зондирования Земли.

Результаты исследования показывают, что в связи с неудовлетворительным техническим состоянием ирригационных и коллекторно-дренажных систем ежегодно не используется около 10–15% орошаемых земель Туркестанской области. В частности, 1,5–3 % орошаемых площадей характеризуются сильной степенью засоления, 4–5,6 % дефицитом водообеспечения, 1,5–2 % чрезмерным подъёмом уровня грунтовых вод (выше 2 м) или заболачиванием, а 5,6–7 % не используются вследствие износа оросительных систем и иных финансово-технических факторов.

Полученные результаты свидетельствуют о том, что технический износ ирригационных систем приводит к усилению процессов засоления и заболачивания почв, повышению уровня грунтовых вод и, как следствие, снижению продуктивности орошаемых сельскохозяйственных земель. Выводы исследования могут быть использованы при разработке научно-практических рекомендаций по модернизации оросительных систем, рациональному управлению водными ресурсами и улучшению мелиоративного состояния орошаемых земель региона.

Ключевые слова: ирригационные системы, коллекторно-дренажные системы, засоление почв, Мырзашольский орошаемый массив, Кызылкумский орошаемый массив.

Кіріспе

Топырақтың тұздануы мен батпақтануы – ауыл шаруашылығы мен табиғи экожүйелерге ауқымды әсер ететін негізгі экологиялық мәселелер (Zaghloul et al., 2020; Singh, 2021; Zhang, 2023; Cisse et al., 2024). Қазіргі таңда әлемдегі ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жер ресурстарының шамамен 20 %, ал суармалы жерлердің 33 % топырақ жамылғысы тұздануға ұшырап, 2050 жылға қарай дүние жүзіндегі жалпы егістік жерлерінің 50 % астамы тұзданады деген болжам бар (Shrivastava et al., 2015; Pitman & Läuchli, 2002; Jamil et al., 2011). Сол сияқты, әлемдегі суармалы егістік жерлерінің шамамен 10-15 % батпақтануға ұшыраған (Tian et al., 2021). Аталған мәселелер, әсіресе жауын-шашын мөлшерінің аздығы, буланудың жоғары деңгейі және суару жүйелерінің қарқынды қолданылуы топырақтың деградациялық үдерістерін күшейтетін құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарда кеңінен таралған (Hagage et al., 2024; Singh, 2021; Pitman & Läuchli, 2002;).

Суармалы жерлердегі топырақтың деградацияға ұшырауына себепші болатын факторлар көпқырлы және олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Топырақтың тұздануы үгілу үрдістері, минералданған жер асты суларының жер бетіне жақын орналасуы және т.б сияқты табиғи жағдайлардың әсерінен қалыптасуы мүмкін (Askri et al., 2022, Greene et al., 2016). Алайда, ирригациялық жүйелердің дұрыс орналастырылмауы, суару әдістерінің дұрыс жүргізілмеуі, дренаж жүйелерінің жеткіліксіздігі және сапасы төмен суару суларының пайдаланылуы сияқты бірқатар анропогендік әрекеттер бұл үр-

дісті едәуір күшейтеді (Singh, 2021; Khalil et al., 2021). Аталған мәселелер әлемдегі ең ірі суармалы егіншілікпен айналысатын аймақтардың бірі құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарда орналасқан Орталық Азияда айқын көрініс тапқан. Бұл аймақта суармалы ауыл шаруашылығы кеңінен таралған және аймақтың тұщы су ресурстарын пайдаланудың шамамен 90 %-ын құрайды (Rakhmatullaev et al., 2013). Тарихи тұрғыдан алғанда, аймақтағы ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімсіздігімен сипатталады, бұл бір жағынан суарудың тиімсіз әдістерімен, екінші жағынан ескірген және тиісті деңгейде күтім жасалмайтын суару каналдары инфрақұрылымының салдарынан болатын судың елеулі тасымалдау шығындарымен байланысты (Bekchanov, 2024).

2024 жылғы жайғдай боынша Қазақстанның жалпы егістік жерлерінің ауданы 27 089,4 мың га (93,3%) болса, оның 1 815,7 мың га (6,7%) ғана суармалы жерлерді құрайды. Алайда, жалпы еліміздегі егістік жерлерден түсетін табыстың 45% жуығы суармалы жерлердің үлесіне тиісті. Ал, жалпы республикадағы егістік жерлердің 25% астамы біздің зерттеп отырған, яғни Түркістан облысына тиесілі (АШМ ЖРБК жылдық талдамалы есебі, 2023). Соңғы зерттеулер көрсеткендей, зерттеу аумағындағы суармалы алқаптардың 30 % жуығы әртүрлі дәрежеде тұздануға ұшыраған. 2023 жылы облыстағы жалпы 543 058 га суармалы жерлердің 8 312 га тұздану, 600 га жер асты суының көтерілуі (батпақтану), 19 545 га су жетіспеушілігі және 30 641 га басқада себептерге байланысты (суару жүйелерінің техникалық жағдайы) пайдаланылмаған.

Түркістан облысындағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайының өзгеруі тарихи суармалы жерлерді игеру кезінде суару жүйелерінің тиімсіз ұйымдастырылуымен тікелей байланысты. Бұл келесідей 4 кезеңмен сипатталады (Tokbergenova et al., 2023; Мороз, 1993):

1928-1950 жылдары алғашқы суармалы жерлерді игеру кезеңі, бұл кезеңде су ресурстары шектеусіз болып, су нормасы 1,5-2,0 есе артық пайдаланылды. Нәтижесінде Мырзашөл және Қызылқум суармалы массивтеріндегі минералданған жер асты суларының деңгейі 12-,15 м тереңдіктен 3-4 м м дейін көтерілген.

1950-1970 жылдары қажетті коллектор-дренаж жүйелерін салусыз жаңа суармалы жерлерді игеру қарқынды жалғастырылды. Суару нормасы 12–20 мың м³/га-дан 10–12 мың м³/га-ға дейін төмендеді. Түздардың келуі шығыстан 2,4–2,5 т/га артық болды. Нәтижесінде, 50–55% жерлер орташа және күшті тұзданған болды. 1955–1965 жылдар аралығында мақта өнімділігі 28–30 ц/га-дан 17–24 ц/га-ға дейін төмендеді.

1968-1992 жылдары коллектор-дренаж жүйелерін дамыту, тұзданумен күрес шаралары іске асырылды. 1975-1980 жылдары Мырзашөл суармалы алқабында 830 вертикальды дренаж ұңғымасы салынды. Нәтижесінде, жер асты суларының деңгейін жыл мезгілдеріне қарай 1,5 м-3,5 м дейін реттелді және аумақтағы 80-85 % суармалы жерлер тұзданбаған және әлсіз тұзданған категорияларға өтті.

1991 жылдан кейінгі кезең, яғни ұжымшарлар мен кеңшарлардың ұсақ шаруа қожалықтары мен кооперативтерге айналуы. Көптеген фермерлер агротехникалық шараларды дұрыс орындамады, соның нәтижесінде топырақтың тұзденуы мен құнарлылығының төмендеуі байқалды.

1990-2023 жылдардың аралығында Мырзашөл суармалы алқабындағы вертикальді дренаждардың саны 830-дан 377-ге дйін азайды. Ал, облыстағы күшті және өте күшті тұзданған жерлердің ауданы 1995-2023 жж аралығында 12 мың гектардан 40,3 мың га немесе 3,7 %-дан 8 % дейін артты. Алайда, соңғы жылдары облыстағы суармалы жерлерді тиімді пайдлану мақсатында және тұздану үрдістерінің алдын алу мен тұзданған жерлерді қалпына келтіру бойынша бірнеше бағдарламалар іске асырылуда. Атап айтқанда, «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы» (ИДЖЖЖ), «Су ресурстарын басқару мен жерді қалпына келтіру жобасы (СРБЖҚКЖ) және т.б. Аталған жобалар аясында қазіргі таңда бірнеше негізгі ирригациялық жүйелер (каналдар, қашыртқылар және т.б.) клоекторлық-дренаджық жүйелер қалпына келтірілуде. Зерттеу жұмысының мақсаты – облыстағы ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайына талдау жасай отырып, олардың суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына әсерін бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері


Зерттеу нысаны

Түркістан облысы Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстігінде орналасқан (40°34′04″–46°00′13″ с.е., 65°59′44″–70°56′43″ ш.б.) және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ресурстарына бай, республиканың жетекші аграрлық өңірлерінің бірі болып табылады. Облыстың жалпы жер қоры 10 041,7 мың га құрайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жалпы ауданы 10 042,4 мың га, оның ішінде егістік жер-

лердің көлемі 931,0 мың га, ал суармалы жерлер 458,8 мың га немесе егістік алқаптардың 49,3%-ын құрайды (АШМ ЖРБК жылдық талдамалы есебі, 2023).

Жалпы Қазақстандағы мақта өндірісінің 100 %, көкөніс, бақша дақылдарының 41 % жуығы және жүгері өндірісінің 25 % астамы Түркістан облысының суармалы жерлерінің үлесіне тиесілі (ҚР ұлттық статистика бюросының деректері, 2023). Облыстың негізгі суармалы жерлері төрт ірі суармалы алқаптарда шоғырланған: Мырзашөл (Жетісай, Мақтаарал аудандары), Арыс-Түркістан (Ордабасы, Сауран аудандары мен Түркістан және Арыс қ.ә.), Қызылқум (Шардара ауданы) және Шәуілдір (Отырар ауданы) (ҚР ұлттық атласы II том, 2010). (1-сурет).

1-сурет
Зерттеу нысаны



Ескерту: автор құрастырған.

Түркістан облысының климаты шұғыл континенттік сипатқа ие. Қыс мезгілі қысқа әрі салыстырмалы түрде жұмсақ болып келеді, қар жамылғысы жұқа және тұрақсыз. Қаңтар айының орташа көпжылдық ауа температурасы – 4,9°С-ты құрайды. Жаз мезгілі ұзақ, өте ыстық, қуаң және аңызақты сипатта өтеді. Шілде айының орташа көпжылдық температурасы +29,9°С, ал ең жоғары абсолюттік температура +43,3 °С-қа дейін жетеді.

Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктеріне байланысты әркелкі таралған: шөлді аймақтарда 120–140 мм, тау етегінде 350–500 мм, ал биік таулы бөліктерде шамамен 700 мм-ге дейін жетеді. Жауын-шашынның негізгі бөлігі (шамамен 57%) көктемгі-қысқы кезеңге сәйкес келеді.

Түркістан облысының негізгі су көзі – Сырдария өзені және оның ірі салалары болып табылатын Арыс, Келес, Құркелес, Бадам өзендері. Облыс аумағындағы суармалы егіншілік алқаптарын сумен қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінен бастау алатын Достық және Қызылқум магистральді каналдары, сондай-ақ Арыс өзенінен тартылған Арыс–Түркістан магистральді каналдары пайдаланылуда. Аталған гидротехникалық нысандар өңірдің суармалы жерлерін тұрақты сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Облыстың суармалы жерлеріндегі топырақ жамылғысы әралуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл облысытың жер бедерінің күрделілігімен, климаттық жағдайының әркелкі болуы және аналық жыныстардың құрамымен тығыз бай-

ланысты. Облыстың топырақ жамылғысы тек ендік зоналылықтың ғана емес, сонымен қатар биіктік белдеулік заңдылықтарының әсерінен қалыптасады.

Облыстың суармалы жерлеріндегі топырақ жамылғысы биіктік-зоналық таралу ерекшеліктеріне және топырақ түзілу заңдылықтарына сәйкес үш негізгі зонаға бөлінеді.

«А» зонасы – шөл және шөлейтке өтпелі аймақ. Бұл зонада ылғалдану коэффициенті 0,1-ден төмен, жылдық жауын-шашын мөлшері 200 мм-ге дейін, ал орташа тәуліктік ауа температурасы +10 °С-тан жоғары болатын кезеңнің ұзақтығы 120–200 күнді құрайды. Аталған табиғи жағдайда серо-қоңыр, тақыр тәріздес және сұр топырақтар қалыптасқан. Әкімшілік-аумақтық түрғыдан бұл зонаға Созақ, Отырар, Шардара аудандары және Арыс қалалық әкімшілігі аумағы жатады.

«Б» зонасы – эфемерлі дала аймағы. Мұнда ылғалдану коэффициенті 0,1–0,2 аралығында, жылдық жауын-шашын мөлшері 200–300 мм, ал жылы кезеңнің ұзақтығы 200–220 күнге жетеді. Бұл аймақта ашық түсті сұр, сұр-шалғынды және шалғынды топырақтар таралған. Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша зона Мақтаарал, Жетісай, Ордабасы, Бәйдібек аудандарын, сондай-ақ Түркістан және Арыс қалалық әкімшіліктерін қамтиды.

«В» және «Г» зоналары – түрлі шөптесін далалар аймағы. Бұл белдеулер салыстырмалы түрде ылғалды болып келеді, жылдық жауын-шашын мөлшері 300 мм-ден жоғары, ал ылғалдану коэффициенті 0,2–0,3 аралығында өзгереді. Мұнда негізінен сұр және типтік сұр топырақтар басым таралған. Әкімшілік-аумақтық түрғыдан бұл зоналар Сарыағаш, Қазығұрт, Төле би, Түлкібас және Сайрам аудандары аумағында орналасқан.

Бастапқы материалдар

Облыстың суармалы жерлеріндегі ирригациялық жүйелерінің (каналдар, коллекторлық-дренаж жүйелері, қашыртқылар) саны, ұзындығы және олардың техникалық жағдайы және олардың қанша суармалы жерлерді суаруға қызмет етуі туралы ақпарат «Қазсушар» РМК Түркістан филиалы мен ҚР АШМ «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ ұйымдарынан жинақталды.

Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын анықтау мақсатында Мырзашөл, Қызылқұм суармалы массивтерінде далалық-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, топырақ үлгілері, суармалы сулардан сынамалар алынып зертханалық талдаулар жасалынды. Суармалы алқаптардағы топырақ жамылғысының тұздану дәрежелерін анықтау мақсатында 2013-2023 жж аралығындағы Landsat сериялы спутнигінің кескіндері жүктеліп, вегетациялық, тұздану және ылғалдылық индекстері есептелінді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы кешенді әдістемелік тәсілдерге негізделіп, далалық, зертханалық, қашықтан зондтау және аналитикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді.

Ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайын бағалау үшін визуалды-инженерлік зерттеу әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы каналдар, коллекторлық-дренаж жүйелері мен қашыртқылардың конструктивтік элементтерінің тозу деңгейі, деформациялар, жарықтар, су жоғалту белгілері, шөгінділердің жиналуы және техникалық ақаулар анықталды. Ирригациялық нысандардың нақты жағдайы жобалық және нормативтік талаптармен салыстырылып, олардың жұмысқа жарамдылық дәрежесі бағаланды.

Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын анықтау мақсатында далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Далалық зерттеулер барысында негізгі зерттеу учаскелерінде жоғары дәлдікті портативті HM-WSYP детекторы қолданылып, топырақтың ылғалдылығы, температурасы, электр өткізгіштігі (тұздану деңгейін сипаттайтын көрсеткіш) және сутектік көрсеткіші (pH) анықталды. Далалық жұмыстар аясында суармалы жерлердің әртүрлі тұздану деңгейін қамтитын топырақ үлгілері алынып, олар кейінгі зертханалық талдауларға жіберілді. Зертханалық зерттеулер барысында топырақтың тұздану дәрежесі, ерігіш тұздардың құрамы және суармалы сулардың минералдану көрсеткіштері қолданыстағы әдістемелік нұсқаулар мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес анықталды (ҚР АШМ суармалы жерлерінің мелиорациялық жай-күйін анықтау бойынша нұсқаулығы, 2016).

Далалық зерттеу кезінде суармалы жерлердің жер асты суының деңгейін, жер асты суының минералдық құрамын анықтау мақсатында бақылау құдықтарынан сынамалар алынып зертханада талдау жасалынды. Сонымен қатар, суармалы алқаптардағы топырақ жамылғысының мелиоративтік жағдайының кеңістіктік және уақыттық түрғыдан өзгеру динамикасын анықтау мақсатында 2013-2023 жж аралығында ЖҚЗ деректері пайдаланылып келесідей индекстер есептелінді:

1	Normalized Difference Water Index	$NDWI = \frac{G - NIR}{NIR + G}$	(McFeeters et al., 1996)
2	Normalized Difference Vegetation Index	$NDVI = \frac{NIR - R}{NIR + R}$	(Rouse et al., 1973)
3	Normalized Difference Salinity Index	$NDSI = \frac{R - NIR}{R + NIR}$	(Singh et al., 1985)
4	Salinity index1	$SI_1 = \sqrt{G \cdot R}$	(Sowmya et al., 2021)
5	Salinity index2	$SI_2 = \sqrt{G^2 + R^2 + NIR^2}$	(Yuan et al., 2022)
6	Salinity index3	$SI_3 = \sqrt{G^2 + R^2}$	(Chen et al., 2023)

Нәтижелер мен талқылаулар

2023 жылғы жайғдай бойынша, облыс аумағындағы ирригациялық жүйелердің жалпы ұзындығы 11 991,1 км құрап, оның 74,8% (8 965,2 км) жер арналарында, 6,5% (782,2 км) бетонмен қапталған, 11,4% (1 371 км) лотоктарда, ал қалған 7,3% (872,7 км) құбырлы жүйелерде орналасқан. Аталған ирригациялық жүйелердің 43,9% (5 262,1 км) мемлекеттік меншікте, 50,1 % (6 010,4 км) коммуналдық және 6 % (718,6 км) жеке меншікте (1-кесте).

1-кесте

Түркістан облысының аудандары бөлінісіндегі ирригациялық жүйелердің сипаттамасы

№	Аудандар	Канал саны	Жалпы ұзындығы, км	Іргелес жатқан жер көлемі, га	Гидротехникалық құрылғылар	Каналдың түрі (км)			
						ашық	лоток	бетондалған	құбыр
Республикалық меншіктегі каналдар									
1	Қазығұрт	4	133,3	4142	1749	5,6	14,5	0	113,2
2	Ордабасы	2	21	2425	0	4	17	0	0
3	Созақ	11	120,2	4149	41	6,7	55,7	19,2	38,6
4	Отырар	112	388	41943	0	306,3	47,7	34	0
5	Сарыағаш	5	138	3872	0	126	7,2	2,2	2,6
6	Жетісай	783	1256,9	47511	1015	1056,5	-	200,4	0
7	Мақтаарал	529	1152	53374	385	898,9	100	153,1	0
8	Шардара	258	762,9	58814	10319	747,4	0	15,5	0
9	Келес	5	39,9	2258	21	24,9	0	0	15
10	Төлеби	36	232,9	6395	84	208,9	0	24	0
11	Түлкібас	111	572	14800	33	495,2	46,9	15,9	14
12	Кентау қаласы	105	445	60042	594	125	271	49	0
Барлығы		1961	5262,1	299725	14241	4005,4	560	513,3	183,4
Коммуналдық меншіктегі каналдар									
1	Қазығұрт	101	634,2	11529	3578	371	25,2	0	238
2	Ордабасы	72	655,6	53000	165	528,9	102	24,7	0
3	Сайрам	47	363,2	18036	515	305,7	20	37,5	0
4	Созақ	8	75	2215	15	0	61	2	12
5	Отырар	6	33,6	1229	0	33,6	0	0	0
6	Сарыағаш	79	541,6	24510	0	245	41,1	20	235,5

Кестеніг жалғасы

№	Аудандар	Канал саны	Жалпы ұзындығы, км	Іргелес жатқан жер көлемі, га	Гидротехни-калық құрылғылар	Каналдың түрі (км)			
						ашық	лоток	бетон-далған	құбыр
7	Жетісай	180	413,6	2793	208	365,9	0	47,7	0
8	Шардара	343	1056,5	36594	7881	1038,9	0	17,6	0
9	Келес	143	641,3	23516	335	579,1	24,1	21	17,1
10	Төлеби	38	249,4	3359	108	234,5	0	14,9	0
11	Бәйдібек	30	263,4	11767	107	215,4	29,8	18,2	0
12	Кентау қаласы	87	1083	34272		716	367		
Бар-лығы	1134	6010,4	222820	12912	4634	670,2	203,6		502,6
Жеке меншіктегі каналдар									
1	Ордабасы	9	136,8	4434	86	56,2	71,6	9	0
2	Сайрам	6	64,3	2950	53	55	0	9,3	0
3	Созақ	3	48	893	21	0	35,6	0	12,4
4	Сарыағаш	4	225,3	5730	0	51	0	0	174,3
5	Жетісай	11	23,7	1860,6	165	15,6	4,5	3,6	0
6	Мақтаарал	48	122,8	5755,5	1161	75,3	29,1	18,4	0
7	Шардара	9	75,7	15103	144	50,7	0	25	0
8	Түлкібас	1	22	2032	0	22			
Бар-лығы	91	718,6	38758,1	1630	325,8	140,8	65,3		186,7
Облыс бойын-ша	3186	11991,1	561303,1	28783	8965,2	1371	782,2		872,7

Ескерту: авторлар құрастырған.

Облыс аумағында коллекторлық-дренаждық желі жоғарыда атап өткеніміздей, XX ғасырдың ортасында салынған. Облыс бойынша коллекторлық-дренаждық желінің жалпы ұзындығы 6 294,06 км құрайды, оның ішінде шаруашылық-аралық желі – 1497,2 км, шаруашылықішілік желі – 4796,86 км (2-кесте), сондай-ақ бұрыннан бар тік дренаж ұңғымаларының саны 1785 дана, олардың ішінде бүгінгі күні қалпына келтірілгені –2015 жылғы жағдай боынша 518 дана, ал 2026 жылға қарай 732 данасы іске қосылады деп жоспарланған.

Қазіргі уақытта техникалық жағдайының қанағаттанарлықсыз болуына байланысты облыстың суару жүйелерінде судың едәуір шығындары байқалады.

Экономиканың жоспарлы жүйеден нарықтық жүйеге өту кезеңінде су шаруашылығына инвестициялар іс жүзінде тоқтатылды, бұл суару жүйелерінің қарқынды тозуына алып келді. Бүгінгі таңда олардың тозу деңгейі 50%-дан асады, ал су қамтамасыз ету түрғысынан жүйенің пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) 0,5-тен аспайды. Бұл суару суының көлемінің жартысы егістік алқаптарына жетпейтінін + деградация күшейетінін көрсетеді. Суару желілері мен гидротехникалық құрылыстардың техникалық деңгейінің төмендеуі оларды пайдалану жағдайларын едәуір нашарлатып, нәтижесінде суармалы жерлердің өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Алайда, соңғы жылдары «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру» (ИДЖЖЖ) жобасы, «Су ресурстарын басқару мен жерді қалпына келтіру» (СРБЖҚКЖ) жобасы және т.б. аясында облыстағы бірнеше негізгі суару жүйелері, коллекторлық-дренаждық жүйелер және тік ұңғымалы қашыртқылар мен вертикальді дренаж жүйелері қайта жөнделуден өтуде. Дегенмен, аталған шараларға қарамастан, облыстағы суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйі әлі де қанағаттанарлық деңгейге жеткізілген жоқ және бұл мәселе кешенді әрі жүйелі шешімдерді талап етеді.

2-кесте

Облыстың аудандар бөлінісіндегі коллекторлық-дренаждық желілерінің сипаттамасы

№	Аудандар мен қалалық әкімшіліктер атауы	Коллекторлардың жалпы ұзындығы, км	Оның ішінде	
			Шаруашылықаралық коллекторлардың ұзындығы, км	Шаруашылықішілік коллекторлардың ұзындығы, км
1	Арыс	191,3	-	191,3
2	Қазығұрт	187,27	40,97	146,3
3	Сарыағаш	712,0	528,35	183,65
4	Мақтаарал, Жетісай	1206,8	418,915	787,88
5	Отырар	55,0	55,0	-
6	Ордабасы	531	104,07	426,93
7	Туркестан қ.ә.	454,59	154,39	300,2
8	Шардара	2956,1	195,5	2760,6
	Түркістан облысы	6294,06	1497,2	4796,86


Ескерту: авторлар құрастырған.

2023 жылы жалпы облыстағы 543,1 мың га суармалы жердің 10,9 % немесе 59,1 мың га пайдаланылмаған. Облыстың суармалы жерлерінің жыл сайын 10-15% жуығы жыл сайын пайдаланылмай келеді (2 а,б-сурет). Мұның негізгі себептері: тұздану, жер асты суының шектен тыс (2 м) көтерілуі (бастпақтану), су жетіспеушілігі және суару жүйелерінің тозуы және басқада себептер (3-сурет).

Облыстағы жалпы суармалы жерлердің жыл сайын 1,5-3 % өте күшті тұздану (3а-сурет), 4-5,6% су жетіспеушілігі (3б-сурет), 1,5-2% жер асты суының шектен тыс (2 м) көтерілуі немесе батпақтану (3в-сурет), 5,6-7 % жуығы суару жүйелерінің тозуы және басқа да қаржылық себептерге (3с-сурет) байланысты мүлдем пайдаланылмай келеді. Мұның басты себебі облыстағы суармалы жүйелер мен коллекторлық-дренаждық жүйелердің техникалық жағдайының толық жұмыс жасамауымен тікелей байланысты (Tokbergenova et al. 2023).

2-сурет

1991-2023 ж. облыстағы суармалы жерлердің пайдалану көрсеткіштері




а) пайдаланылған

б) пайдаланылмаған

Ескерту: авторлар құрастырған.

3-сурет

2007-2023 ж. облыстағы пайдаланылмаған суармалы жерлердің негізгі себептері



а) түздану

б) су жетіспеушілігі

в) жер асты суының шектен тыс (2 м) көтерілуі

с) суару жүйелерінің тозуы және басқа да қаржылық себептер

Ескерту: авторлар құрастырған.

2024-2025 жылы жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі топырақ жамылғысының негізгі бөлігі тұзданбаған күйде сақталған. Атап айтқанда, суармалы алқаптардың 69%-ын (368,9 мың га) тұзданбаған жерлер құраса, 13%-ы (72,1 мың га) әлсіз тұзданған, 10%-ы (59,9 мың га) орташа тұзданған, 4%-ы (20,2 мың га) күшті тұзданған және 4%-ы (20,1 мың га) өте күшті тұзданған жерлерге жатады (4-сурет).

Облыс аумағындағы күшті және өте күшті тұзданған суармалы жерлердің негізгі бөлігі Мырзашөл (Жетісай және Мақтаарал аудандары), Қызылқум (Шардара ауданы) және Шәуілдір (Отырар ауданы) суармалы алқаптарында шоғырланған. Атап айтқанда, Мырзашөл суармалы алқабында 16 661 га, Қызылқум алқабында 11 516 га және Шәуілдір алқабында 6 933 га күшті және өте күшті тұзданған жерлер анықталған. Нәтижесінде, облыстағы күшті және өте күшті тұзданған суармалы жерлердің жалпы көлемінің 41,4%-ы Мырзашөл, 28,6%-ы Қызылқум және 17,2%-ы Шәуілдір суармалы алқаптарының үлесіне тиесілі (5-сурет).

4-сурет


Түркістан облысы суармалы жерлерінің тұздану дәрежесі, %



Ескерту: авторлар құрастырған.

5-сурет

Түркістан облысындағы күшті және өте күшті тұзданған суармалы жерлерінің ірі алқаптар бөлінісіндегі көрсеткіштері, %



Ескерту: авторлар құрастырған.


4 және 5-суреттерде көрсетілгендей, облыстағы мелиоративтік жағдайы өте нашар топырақ жамылғыларының басым бөлігі Мырзашөл және Қызылқұм суармалы массивтерінде шоғырланған. Осыған байланысты осы массивтердегі топырақ жамылғысының тұздану үрдістерінің кеңістіктік таралуы мен уақыттық өзгерістерін егжей-тегжейлі талдау мақсатында 2013-2024 ж. аралығындағы Landsat сериялы спутнигінің деректерін пайдалана отырып вегетациялық, ылғалдылық және тұздану индекстерін есептей отырып, динамикалық тұздану карталары әзірленді (6,7-суреттер).

2013-2023 жылдары ЖҚЗ деректері негізінде алынған нәтижелер бойынша Қызылқұм суармалы массивіндегі егістік жерлердің 40-45% тұзданбаған, 20-25% әлсіз тұзданған, 13-14% орташа, 10-12% күшті және 10-11% өте күшті дәрежеде тұзданған. Ал, Мырзашөл суармалы массиві бойынша 43-46% тұзданбаған, 19-30% әлсіз тұзданған, 13-25% орташа, 6-7% күшті және 4-5% өте күшті дәрежеде тұзданған (8-9-суреттер). Көрсетілген пайыздық көрсеткіштер әр жылдары өзгеріп отырған. Суармалы алқаптардағы тұздану дәрежесінің мұндай ауытқып отыруы әр жылдардағы жүргізілген агротехникалық (сор шаю, жырту және қопсыту жұмыстары) және гидротехникалық (суару жүйелерін жөндеуден өткізу, тік құбырлы қашыртқыларды қалпына келтіру және т.б.) іс-шаралардың жиынтығымен байланысты.

ЖҚЗ деректерін пайдаланғанда әрқашан олардың дәлдігі мен шынайылығы тексерілуі қажет (Pontius et al., 2011; Olofsson P. et al. 2014). Көпжылдық архивтік деректер мен жиналған далалық бақылау материалдары алдын ала сапалық сүзгіден өткізілді. Атап айтқанда, ақпараттық толықтығы жеткіліксіз нүктелер, сондай-ақ автомобиль жолдарына тікелей іргелес орналасқан немесе елді мекендер аумағында орналасқан бақылау нүктелері зерттеуден алынып тасталды, себебі мұндай аумақтар суармалы жерлердің спектрлік сипаттамаларына елеулі бұрмалаулар енгізуі мүмкін. Жіктеу нәтижелерін валидациялау мақсатында Қызылқұм суармалы массиві аумағында 140 далалық нүкте және Мырзашөл суармалы массиві шегінде 308 далалық нүкте пайдаланылды (10-сурет).


6-сурет

ЖҚЗ деректері негізінде Қызылқум суармалы алқабындағы топырақ жамылғысының тұздану динамикасы (2013-2024 ж.)



Ескерту: авторлар құрастырған.


7-сурет
ЖҚЗ деректері негізінде Мырзашөл суармалы алқабындағы топырақ жамылғысының тұздану динамикасы (2013-2024 жж.)



Ескерту: авторлар құрастырған.


8-сурет

Қызылқұм алқабындағы аудандардың тұздану дәрежесі бойынша пайыздық үлесі



9-сурет

Мырзашөл алқабындағы аудандардың тұздану дәрежесі бойынша пайыздық үлесі




Ескерту: авторлар құрастырған.

Жүргізілген жіктеу (классивикациялау) дәлдігін бағалау нәтижелері алынған деректердің жоғары сенімділігін көрсетті. Жалпы, 2013-2023 жылдар кезеңіндегі жіктеудің жалпы дәлдігінің орташа мәні 80,65%-ды, ал орташа Каппа коэффициенті 0,73-ті құрады, бұл жіктеу нәтижелері мен шынайы (далалық) деректер арасындағы жақсы сәйкестікті көрсетеді.

10-сурет

Далалық нүктелердің кеңістіктік таралуы: а) Мырзашөл алқабы; ә) Қызылқұм алқабы



Ескерту: авторлар құрастырған.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Түркістан облысындағы ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелердің техникалық жағдайы суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне тікелей әрі шешуші әсер ететінін көрсетті. Облыс аумағындағы суару желілерінің басым бөлігінің жер арналарында орналасуы, олардың едәуір тозуы (50 %-дан жоғары) және пайдалы әсер коэффициентінің 0,5-тен аспауы су шығындарының артуына және егістік алқаптарына жеткізілетін су көлемінің азаюына алып келуде.

Коллекторлық-дренаждық желілердің жеткіліксіз жұмыс істеуі мен вертикальді дренаж ұңғымалары санының қысқаруы жер асты сулары деңгейінің көтерілуіне, соның салдарынан топырақтың қайта тұздануы мен батпақтану үдерістерінің күшеюіне себеп болып отыр. Нәтижесінде, облыстағы суармалы жерлердің жыл сайын шамамен 10–15 %-ы түрлі себептермен пайдаланылмайды, оның ішінде 1,5–3 %-ы өте күшті тұздануға, 4–5,6 %-ы су тапшылығына, 1,5–2 %-ы жер асты суларының шамадан тыс көтерілуіне, ал 5,6–7 %-ы суару жүйелерінің тозуына байланысты айналымнан шығып отыр.

Далалық зерттеулер мен қашықтан зондтау деректерін талдау нәтижелері облыстың суармалы жерлерінің 69 %-ы тұзданбаған күйде сақталғанымен, 18 %-дан астамы орташа және күшті дәрежеде тұзданғанын көрсетті. Күшті және өте күшті тұзданған алқаптардың басым бөлігі Мырзашөл, Қызылқұм және Шәуілдір суармалы массивтерінде шоғырланған. 2013–2024 жылдар аралығындағы динамикалық талдау тұздану дәрежесінің жылдар бойынша өзгеріп отыратынын, оның агротехникалық және гидротехникалық шаралардың тиімділігіне тәуелді екенін айқындады.

Жалпы алғанда, ирригациялық инфрақұрылымның техникалық тозуы, су беру режимдерінің оңтайландырылмауы және дренаж жүйелерінің жеткіліксіздігі топырақтың агромелиоративтік көрсеткіштерінің нашарлауына, өнімділіктің төмендеуіне және су ресурстарының тиімсіз пайдаланылуына әкеліп отыр.

Осыған байланысты облыста ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді кешенді жаңғырту, суару желілерін кезең-кезеңімен бетондау немесе құбырлы жүйелерге көшіру, тік дренаж ұңғымаларын толық қалпына келтіру, су үнемдеу технологияларын енгізу және су ресурстарын цифрлық мониторингтеу жүйесін дамыту қажет. Сонымен қатар, топырақтың тұздану карталарын жүйелі түрде жаңартып отыру және ЖҚЗ деректерін далалық бақылаулармен үштастыру өңірдегі суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері өңірдегі суармалы егіншілікті тұрақты дамыту, ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру және су ресурстарын тиімді басқару бағытында ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға практикалық негіз бола алады.

Қаржыландару

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған (грант № AP23490857).

Шығармашылық ұжым әдістемелік көмек көрсеткені үшін ҚР АШМ «Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ мекемесіне, сондай-ақ техникалық қолдау көрсеткені үшін су ресурстары және қоршаған орта бойынша USAID жобасына алғысын білдіреді.

Авторлар үлесі:

Тұжырымдаманы әзірлеу – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова және Р. Салмұрзаұлы; Әдіснама – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова, А.А. Қалдыбаев; Бағдарламалық қамтамасыз ету – Р. Салмұрзаұлы, У.Б. Мухтаров, А.А. Қалдыбаев; Валидация – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова, Р. Салмұрзаұлы және У.Б. Мухтаров; Формалды талдау – У.Б. Мухтаров, Р. Салмұрзаұлы; Зерттеу – А.А. Қалдыбаев, У.Б. Мухтаров, А.А. Асанбаева; Ресурстар – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова және Р. Салмұрзаұлы; Деректерді өңдеу – Р. Салмұрзаұлы, У.Б. Мухтаров, А.А. Асанбаева; Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова, А.А. Қалдыбаев; Қарау және редакциялау – К.Б. Зулпыхаров, А.А. Токбергенова, Р. Салмұрзаұлы; Визуализация – У.Б. Мухтаров, А.А. Қалдыбаев; Ғылыми жетекшілік – А.А. Токбергенова; Жобаны басқару – К.Б. Зулпыхаров; Қаржыландыруды тарту – А.А. Токбергенова.

Әдебиеттер

Zaghloul, E. A., Abdeen, M. M., Elbeih, S. F., & Soliman, M. A. (2020). Water logging problems in Egypt's deserts: Case study Abu Mena archaeological site using geospatial techniques. *The Egyptian Journal of Remote Sensing and Space Science, 23*(3), 387–399. https://doi.org/10.1016/j.ejrs.2020.06.003

Singh, A. (2021). Soil salinization management for sustainable development: A review. *Journal of Environmental Management, 277*, 111383. https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2020.111383

Zhang, Y. (2023). Knowledge of earthen heritage deterioration in dry areas of China: Salinity effect on the formation of cracked surface crust. *Heritage Science, 11*(1), 1–15. https://doi.org/10.1186/s40494-023-00890-y

Cisse, E. H. M., Jiang, B. H., Yin, L. Y., Miao, L. F., Li, D. D., Zhou, J. J., & Yang, F. (2024). Physio-biochemical and metabolomic responses of the woody plant *Dalbergia odorifera* to salinity and waterlogging. *BMC Plant Biology, 24*(1), 49. https://doi.org/10.1186/s12870-024-04721-5

Shrivastava, P., & Kumar, R. (2015). Soil salinity: A serious environmental issue and plant growth promoting bacteria as one of the tools for its alleviation. *Saudi Journal of Biological Sciences, 22*(2), 123–131. https://doi.org/10.1016/j.sjbs.2014.12.001

Pitman, M. G., & Läuchli, A. (2002). Global impact of salinity and agricultural ecosystems. In *Salinity: Environment–plants–molecules* (pp. 3–20). Springer. https://doi.org/10.1007/0-306-48155-3

Jamil, A., Riaz, S., Ashraf, M., & Foolad, M. R. (2011). Gene expression profiling of plants under salt stress. *Critical Reviews in Plant Sciences, 30*(5), 435–458. https://doi.org/10.1080/07352689.2011.605739

Tian, L. X., Zhang, Y. C., Chen, P. L., Zhang, F. F., Li, J., Yan, F., & Feng, B. L. (2021). How does the waterlogging regime affect crop yield? A global meta-analysis. *Frontiers in Plant Science, 12*, 634898. https://doi.org/10.3389/fpls.2021.634898

Hagage, M., Abdulaziz, A. M., Elbeih, S. F., & Hewaidy, A. G. A. (2024). Monitoring soil salinization and waterlogging in the northeastern Nile Delta linked to shallow saline groundwater and irrigation water quality. *Scientific Reports, 14*(1), 27838. https://doi.org/10.1038/s41598-024-77954-x

Askri, B., Khodmi, S., & Bouhlila, R. (2022). Impact of subsurface drainage system on waterlogged and saline soils in a Saharan palm grove. *Catena, 212*, 106070. https://doi.org/10.1016/j.catena.2022.106070

Greene, R., Timms, W., Rengasamy, P., Arshad, M., & Cresswell, R. (2016). Soil and aquifer salinization: Toward an integrated approach for salinity management of groundwater. In *Integrated groundwater management: Concepts, approaches and challenges* (pp. 377–412). Springer.

Khalil, M. M., Abotalib, A. Z., Farag, M. H., Rabei, M., Abdelhady, A. A., & Pichler, T. (2021). Poor drainage-induced waterlogging in Saharan groundwater-irrigated lands: Integration of geospatial, geophysical, and hydrogeological techniques. *Catena, 207*, 105615.

Rakhmatullaev, S., Huneau, F., Celle-Jeanton, H., Le Coustumer, P., Motelica-Heino, M., & Bakiev, M. (2013). Water reservoirs, irrigation and sedimentation in Central Asia: A first-cut assessment for Uzbekistan. *Environmental Earth Sciences, 68*(4), 985–998. https://doi.org/10.1007/s12665-012-1802-0

Bekchanov, M. (2024). Conveyance efficiency and irrigation water productivity under varying water supply conditions in arid lowlands of Central Asia. *Agricultural Water Management, 293*, 108697. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2024.108697

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі. (2023). *Қазақстан Республикасының 2023 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі*. Астана.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. (2024). *Ресми статистикалық деректер (ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы)*. https://stat.gov.kz/

Tokbergenova, A. A., Zulpykharov, K. B., Kaliyeva, D. M., & Essanbekov, M. Y. (2023). Assessment of the current soil-reclamation state of the soils of Myrzashol in the Kazakhstan part (The Hungry Steppe). *Polish Journal of Environmental Studies, 32*(1). https://doi.org/10.15244/pjoes/155087

Tokbergenova, A. A., Zulpykharov, K. B., Taukebayev, O. Z., Essanbekov, M. Y., Alsherieva, D. Y., & Duanbekova, A. Y. (2023). Анализ проблем засоления почвы на орошаемых землях Туркестанской области (на примере Мырзашольского орошаемого массива). *Herald of Science of S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University*, (1), 120–137.

Мороз, И. К. (1993). *Улучшение засоленных земель (пути решения проблем)*. Алматы: Кайнар.

Қазақстан Республикасы. (2010). *ҚР ұлттық атласы (II том: Халқы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі)*. Алматы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі. (2016). *Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингі туралы бұйрық №330 (25 шілде 2016 ж.)*. https://law.gov.kz/client/#!/doc/106992/kaz

Rouse, J. W., Haas, R. H., Schell, J. A., & Deering, D. W. (1973). Monitoring vegetation systems in the Great Plains with ERTS. *NASA Special Publication*, 351, 309–317.

McFeeters, S. K. (1996). The use of the normalized difference water index (NDWI) in the delineation of open water features. *International Journal of Remote Sensing, 17*(7), 1425–1432. https://doi.org/10.1080/01431169608948714

Singh, A., & Harrison, A. (1985). Standardized principal components. *International Journal of Remote Sensing, 6*(6), 883–896. https://doi.org/10.1080/01431168508948511

Sowmya, S. V., & Jayaraju, N. (2021). Development of spectral indices for soil salinity detection under residual vegetation. *Environmental Monitoring and Assessment, 193*, 577. https://doi.org/10.1007/s10661-021-09268-z

Yuan, Z., Li, H., & Zhang, Y. (2022). Remote sensing-based modeling of soil salinity using vegetation and reflectance synergy. *Catena, 212*, 106087. https://doi.org/10.1016/j.catena.2022.106087

Chen, Y., & Ma, X. (2023). Multi-index brightness synthesis for mapping soil salinity in drylands. *Journal of Arid Environments, 205*, 104878. https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2023.104878

Pontius, R. G., Jr., & Millones, M. (2011). Death to kappa: Birth of quantity disagreement and allocation disagreement for accuracy assessment. *International Journal of Remote Sensing, 32*(15), 4407–4429. https://doi.org/10.1080/01431161.2011.552923

Olofsson, P., Foody, G. M., Herold, M., Stehman, S. V., Woodcock, C. E., & Wulder, M. A. (2014). Good practices for estimating area and assessing accuracy of land change. *Remote Sensing of Environment, 148*, 42–57. https://doi.org/10.1016/j.rse.2014.02.015

References

Zaghloul, E. A., Abdeen, M. M., Elbeih, S. F., & Soliman, M. A. (2020). Water logging problems in Egypt's deserts: Case study Abu Mena archaeological site using geospatial techniques. *The Egyptian Journal of Remote Sensing and Space Science, 23*(3), 387–399. https://doi.org/10.1016/j.ejrs.2020.06.003

Singh, A. (2021). Soil salinization management for sustainable development: A review. *Journal of Environmental Management, 277*, 111383. https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2020.111383

Zhang, Y. (2023). Knowledge of earthen heritage deterioration in dry areas of China: Salinity effect on the formation of cracked surface crust. *Heritage Science, 11*(1), 1–15. https://doi.org/10.1186/s40494-023-00890-y

Cisse, E. H. M., Jiang, B. H., Yin, L. Y., Miao, L. F., Li, D. D., Zhou, J. J., & Yang, F. (2024). Physio-biochemical and metabolomic responses of the woody plant *Dalbergia odorifera* to salinity and waterlogging. *BMC Plant Biology, 24*(1), 49. https://doi.org/10.1186/s12870-024-04721-5

Shrivastava, P., & Kumar, R. (2015). Soil salinity: A serious environmental issue and plant growth promoting bacteria as one of the tools for its alleviation. *Saudi Journal of Biological Sciences, 22*(2), 123–131. https://doi.org/10.1016/j.sjbs.2014.12.001

Pitman, M. G., & Läuchli, A. (2002). Global impact of salinity and agricultural ecosystems. In *Salinity: Environment–plants–molecules* (pp. 3–20). Springer. https://doi.org/10.1007/0-306-48155-3

Jamil, A., Riaz, S., Ashraf, M., & Foolad, M. R. (2011). Gene expression profiling of plants under salt stress. *Critical Reviews in Plant Sciences, 30*(5), 435–458. https://doi.org/10.1080/07352689.2011.605739

Tian, L. X., Zhang, Y. C., Chen, P. L., Zhang, F. F., Li, J., Yan, F., & Feng, B. L. (2021). How does the waterlogging regime affect crop yield? A global meta-analysis. *Frontiers in Plant Science, 12*, 634898. https://doi.org/10.3389/fpls.2021.634898

Hagage, M., Abdulaziz, A. M., Elbeih, S. F., & Hewaidy, A. G. A. (2024). Monitoring soil salinization and waterlogging in the northeastern Nile Delta linked to shallow saline groundwater and irrigation water quality. *Scientific Reports, 14*(1), 27838. https://doi.org/10.1038/s41598-024-77954-x

Askri, B., Khodmi, S., & Bouhlila, R. (2022). Impact of subsurface drainage system on waterlogged and saline soils in a Saharan palm grove. *Catena, 212*, 106070. https://doi.org/10.1016/j.catena.2022.106070

Greene, R., Timms, W., Rengasamy, P., Arshad, M., & Cresswell, R. (2016). Soil and aquifer salinization: Toward an integrated approach for salinity management of groundwater. In *Integrated groundwater management: Concepts, approaches and challenges* (pp. 377–412). Springer.

Khalil, M. M., Abotalib, A. Z., Farag, M. H., Rabei, M., Abdelhady, A. A., & Pichler, T. (2021). Poor drainage-induced waterlogging in Saharan groundwater-irrigated lands: Integration of geospatial, geophysical, and hydrogeological techniques. *Catena, 207*, 105615. https://doi.org/10.1016/j.catena.2021.105615

Rakhmatullaev, S., Huneau, F., Celle-Jeanton, H., Le Coustumer, P., Motelica-Heino, M., & Bakiev, M. (2013). Water reservoirs, irrigation and sedimentation in Central Asia: A first-cut assessment for Uzbekistan. *Environmental Earth Sciences, 68*(4), 985–998. https://doi.org/10.1007/s12665-012-1802-0

Bekchanov, M. (2024). Conveyance efficiency and irrigation water productivity under varying water supply conditions in arid lowlands of Central Asia. *Agricultural Water Management, 293*, 108697. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2024.108697

Kazakhstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministrligi. (2023). *Qazaqstan Respublikasy 2023 zhyly zhep zhagdayy zhane onyn paidalanuy turaly zhyiyntyk taldamaly esebi*. Astana.

Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyq statistika byurosy. (2024). *Resmi statistiktik derekter (auyl, orman, anshylyq zhane balyk sharuashylygy)*. https://stat.gov.kz/

Tokbergenova, A. A., Zulpykharov, K. B., Kaliyeva, D. M., & Essanbekov, M. Y. (2023). Assessment of the current soil-reclamation state of the soils of Myrzashol in the Kazakhstan part (The Hungry Steppe). *Polish Journal of Environmental Studies, 32*(1). https://doi.org/10.15244/pjoes/155087

Tokbergenova, A. A., Zulpykharov, K. B., Taukebayev, O. Z., Essanbekov, M. Y., Alsherieva, D. Y., & Duanbekova, A. Y. (2023). Analiz problem zasoleniya pochvy na oroshaemykh zemlyakh Turkestanskoy oblasti (na primere Myrzashol'skogo oroshaemogo massiva). *Herald of Science of S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, 1*, 120–137.

Moroz, I. K. (1993). *Uluchshenie zasolennykh zemel' (puti resheniya problem)*. Almaty: Kaynar.

Qazaqstan Respublikasy. (2010). *Qazaqstan Respublikasynyn ulttyq atlasy* (II tom: Khalky, äkimshilik-aumaқtyқ bölinisi). Almaty.

Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministrligi. (2016). *Suarma ly zherlerdiң melioratsiyalyq zhay-küyiniң monitoringi turaly buiryk №330 (25 shilde 2016 zh.)*. https://law.gov.kz/client/#!/doc/106992/kaz

Rouse, J. W., Haas, R. H., Schell, J. A., & Deering, D. W. (1973). Monitoring vegetation systems in the Great Plains with ERTS. *NASA Special Publication, 351*, 309–317.

McFeeters, S. K. (1996). The use of the normalized difference water index (NDWI) in the delineation of open water features. *International Journal of Remote Sensing, 17*(7), 1425–1432. https://doi.org/10.1080/01431169608948714

Singh, A., & Harrison, A. (1985). Standardized principal components. *International Journal of Remote Sensing, 6*(6), 883–896. https://doi.org/10.1080/01431168508948511

Sowmya, S. V., & Jayaraju, N. (2021). Development of spectral indices for soil salinity detection under residual vegetation. *Environmental Monitoring and Assessment, 193*, 577. https://doi.org/10.1007/s10661-021-09268-z

Yuan, Z., Li, H., & Zhang, Y. (2022). Remote sensing-based modeling of soil salinity using vegetation and reflectance synergy. *Catena, 212*, 106087. https://doi.org/10.1016/j.catena.2022.106087

Chen, Y., & Ma, X. (2023). Multi-index brightness synthesis for mapping soil salinity in drylands. *Journal of Arid Environments, 205*, 104878. https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2023.104878

Pontius, R. G., Jr., & Millones, M. (2011). Death to kappa: Birth of quantity disagreement and allocation disagreement for accuracy assessment. *International Journal of Remote Sensing, 32*(15), 4407–4429. https://doi.org/10.1080/01431161.2011.552923

Olofsson, P., Foody, G. M., Herold, M., Stehman, S. V., Woodcock, C. E., & Wulder, M. A. (2014). Good practices for estimating area and assessing accuracy of land change. *Remote Sensing of Environment, 148*, 42–57. https://doi.org/10.1016/j.rse.2014.02.015

Авторлар туралы мәлімет:

Зулпыхаров Канат Базарбаевич – PhD докторы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» «Farabi GIS» геокеңістіктік ғылымдар орталығының директоры, «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com).

Токбергенова Айгул Абдугаппаровна – г.ғ.к, профессор, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: tokbergen@mail.ru).

Салмұрзаұлы Руслан – PhD, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» «Farabi GIS» геокеңістіктік ғылымдар орталығының жетекші ғылыми қызметкері (ЖҒҚ), «Экология және биоресурстардың тұрақтылығы ғылыми-зерттеу» институты жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: ruslan.salmurzauli@gmail.com).

Қалдыбаев Азамат Алмасханович – PhD докторы, доц. «Институт Ионосфера» ЖШС жетекші ғылыми қызметкері (ЖҒҚ) (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: azamat.kaldybayev@gmail.com).

Мухтаров Улан Байтурсынович (жауапты автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының докторанты (Алматы қ., Казақстан, e-mail: u_bekt@mail.ru).

Асанбаева Айсара Әлібекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының докторанты (Алматы қ., Казақстан, e-mail: Asanbayeva01@inbox.ru).

Information about the authors:

Zulpykharov, Kanat Bazarbayevich – PhD, Director of the Center for Geospatial Sciences "Farabi GIS", Senior Lecturer, Department of Geography, Land Management and Cadastre, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com).

Tokbergenova, Aigul Abdugapparovna – Candidate of Geographical Sciences, Professor, Head of the Department of Geography, Land Management and Cadastre, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tokbergen@mail.ru).

Salmurzauly, Ruslan – PhD, Leading Researcher, Center for Geospatial Sciences "Farabi GIS", Leading Researcher, Research Institute "Ecology and Sustainability of Bioresources", Senior Lecturer, Department of Zoology, Histology and Cytology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ruslan.salmurzauli@gmail.com).

Kaldybayev, Azamat Almashanovich – PhD, Associate Professor, Leading Researcher, LLP "Institute of Ionosphere" (Almaty, Kazakhstan, e-mail: azamat.kaldybayev@gmail.com).

Mukhtarov, Ulan Baitursynovich (corresponding author) – PhD student, Department of Geography, Land Management and Cadastre, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: u_bekt@mail.ru).

Asanbayeva, Aisara Alibekkyzy – PhD student, Department of Geography, Land Management and Cadastre, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Asanbayeva01@inbox.ru).

Сведения об авторах:

Зулпыхаров Канат Базарбаевич – PhD, директор Центра геопространственных наук «Farabi GIS», старший преподаватель кафедры географии, землеустройства и кадастра Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kanat.zulpykharov@gmail.com).

Токбергенова Айгул Абдугаппаровна – кандидат географических наук, профессор, заведующая кафедрой географии, землеустройства и кадастра Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: tokbergen@mail.ru).

Салмурзаулы Руслан – PhD, ведущий научный сотрудник (ВНС) Центра геопространственных наук «Farabi GIS», Научно-исследовательского института «Экология и устойчивость биоресурсов» и старший преподаватель кафедры зоологии, гистологии и цитологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ruslan.salmurzauli@gmail.com).

Калдыбаев Азамат Алмасханович – PhD, доцент, ведущий научный сотрудник (ВНС) ТОО «Институт ионосферы» (Алматы, Казахстан, e-mail: azamat.kaldybayev@gmail.com).

Мухтаров Улан Байтурсынович (ответственный автор) – докторант кафедры географии, землеустройства и кадастра Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: u_bekt@mail.ru).

Асанбаева Айсара Әлібекқызы – докторант кафедры географии, землеустройства и кадастра Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Asanbayeva01@inbox.ru).

Келіп түсті: 16 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 04 наурыз 2026 жыл

4-бөлім

ГЕОЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОДЕЗИЯ

Section 4

GEOECOLOGY AND GEODESY

Раздел 4

ГЕОЭКОЛОГИЯ И ГЕОДЕЗИЯ

FTAMP 87.26.25 https://doi.org/10.26577/JGEM80120267

М.М. Даулетбаева[1], Г.У. Байташева[1], А.К. Таныбаева[2], А.А. Кулбекова[1], М.О. Айтжанова[1], Э.М. Иманова[1*]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[*]e-mail: imanovaelmira74@gmail.com

УРБАНДАЛҒАН ОРТАДА ӨСЕТІН КӘДІМГІ БАҚБАҚТА ҚОРҒАСЫННЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ

Қазіргі уақытта қала ортасының ластануы өзекті мәселе болуда, өйткені көлік құралдары мен өнеркәсіптің газ және шаң тәрізді қалдықтарымен қарқынды қанықкан. Бұл адам мен басқа да организмдердің өмір сүру жағдайларының нашарлауына әкелуде. Сондықтан ластаушы заттардың әртүрлілігі мен техногендік әсер ету түрлеріне байланысты қоршаған ортаның жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізуге биоалуантүрлілік спектрін кеңейту қажет.

Мақала автокөліктерден қорғасынның атмосфераға таралуы, оның топырақ қабаттары бойынша шоғырлануы, топырақтағы микроағзалалардың санына әсері, сондай-ақ кәдімгі бақбақтың вегетативті мүшелерін талдау негізінде екі қаладағы табиғи ортаның қорғасынмен ластану дәрежесін салыстыра отырып бағалауға негізделген.

Зерттеуге көлік ағыны жоғары Алматы қаласының топырағы және Талғар қаласының бау-бақша учаскелерінің топырақтары, кәдімгі бақбақ өсімдігінің тамырлары, сабақтары мен жапырақтарының үлгісі жиналып, оларда қорғасынның жинақталу мөлшері зерттелді. Сонымен бірге автокөліктен шығатын ластаушы газдардың құрамындағы қорғасынның атмосферадағы мөлшері есептелді.

Урбандалған ортада автокөліктерден және басқа да көздерден шыққан қорғасын топырақ пен өсімдікте аккумуляцияланады. Сондай өсімдіктің бірі – кәдімгі бақбақ.

Зерттеу мағлұматтары қала ортасының белсенді поллютанттармен ластануын айғақтайды. Сондай-ақ статистикалық және кеңістіктік талдаулар автокөлік жүктемесі жоғары ортада өскен кәдімгі бақбақтың, бұл түрді қала ортасының биомониторингінің көрсеткіші ретінде ұсынуға болатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: қала ортасы, қорғасын, автокөліктер, кәдімгі бақбақ өсімдігі, өсімдіктің морфология-анатомиялық құрылысы.

M.M. Dauletbayeva[1], G.U. Baitasheva[1], A.K.Tanybayeva[2], A.A. Kulbekova[1], M.O. Aitzhanova[1], E.M. Imanova[1*]

[1]Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[*]e-mail: imanovaelmira74@gmail.com

Assessment of lead accumulation in common dandelion growing in an urban environment

Currently, urban pollution is becoming an urgent problem, as it is intensively saturated with gas and dust-like waste from vehicles and industry. This leads to a deterioration in the living conditions of humans and other organisms. Therefore, it is necessary to expand the range of biodiversity used for environmental monitoring, depending on the variety of pollutants and types of technogenic impact.

The article is based on an assessment and comparison of the degree of lead pollution in the natural environment of two cities based on data on the distribution of lead in the atmosphere, lead concentration in soil layers, the number of microorganisms in the soil, as well as vegetative organs of dandelion.

For the study, soil samples were collected from areas in Almaty with heavy traffic and from garden plots in Talgar, as well as samples of a common garden plant: roots, stems, and leaves. The accumulation of lead in them was examined. In addition, the concentration of lead in the atmosphere, present in vehicle exhaust gases, was calculated.

In urbanized environments, lead from vehicles and other sources accumulates in the soil and plants. One of these plants is the common dandelion.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

The results of the study show that common dandelion, growing in an environment with a high transport load, as well as statistical and spatial analyzes, can be recommended as an indicator for biomonitoring the urban environment.

Keywords: urban environment, lead, motor transport, common dandelion plant, morphological-anatomical structure of plants.

М.М. Даулетбаева[1], Г.У. Байташева[1], А.К. Таныбаева[2],
А.А. Кулбекова[1], М.О. Айтжанова[1], Э.М. Иманова[1*]

[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет им аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: imanovaelmira74@gmail.com

Оценка накопления свинца в одуванчике обыкновенном, произрастающих в урбанизированной среде

В настоящее время загрязнение городской среды становится актуальной проблемой, так как она интенсивно насыщается газовыми и пылевидными отходами транспортных средств и промышленности. Это приводит к ухудшению условий жизни человека и других организмов. Поэтому необходимо расширять спектр биоразнообразия, используемого для проведения экологического мониторинга состояния окружающей среды, в зависимости от разнообразия загрязняющих веществ и видов техногенного воздействия.

Статья основана на оценке и сравнении степени загрязнения свинцом природной среды двух городов на основе данных о распределении свинца в атмосфере, концентрации свинца в слоях почвы, численности микроорганизмов в почве, а также вегетативных органов одуванчика обыкновенного.

Для исследования были собраны образцы почвы с территории Алматы, где интенсивное движение транспорта, и почвы садовых участков города Талгар, а также образцы обычного садового растения: корней, стеблей и листьев. В них изучалось накопление свинца. Кроме того, была рассчитана концентрация свинца в атмосфере, содержащаяся в выхлопных газах автомобилей.

Урбанизированной среде свинец, поступающий от автотранспорта и других источников, накапливается в почве и растениях. Одним из таких растений является одуванчик обыкновенный.

Результаты исследования показывают, что одуванчик обыкновенный, произрастающая в среде с высокой транспортной нагрузкой, а также статистического и пространственного анализов, может быть рекомендована в качестве индикатора для биомониторинга городской среды.

Ключевые слова: городская среда, свинец, автотранспорт, растение одуванчик обыкновенный, морфологическое-анатомическое строение растений.

Кіріспе

Индустрияландыру және урбандалу сияқты шектеусіз даму әрекеттері қоршаған ортаның ластануының күрделі мәселелерін туғызуда. Урбандалған ортада ауыр металдардың жиналуы ластанудың негізгі себебіне айналуда. Ал ауыр металл иондары экожүйедегі өсімдіктер мен жануарлар қауымдастығы үшін азды-көпті уытты әсер етеді. Қазіргі уақытта қала ортасының ең өткір мәселелерінің негізгісі автокөлік жолдарының жүктемесі, себебі автокөліктердің пайдаланылған газдарында 200-ден астам қосылыстар мен заттар бар, олардың көпшілігі уытты. Автокөліктерден қоршаған ортаға көміртегі, азот және күкірт диоксидтері, альдегидтер, күйе, қорғасын оксидтері және т.б. түседі. Сонымен қатар құрамында қорғасыны бар антидетонациялық қоспаларды пайдаланған автокөлік аэрозоль, органикалық емес тұздар және қорғасын тотықтары түріндегі қорғасын шығарындыларының негізгі көзі. Бұл атмосфералық ауаның, сондай-ақ автожолдарға іргелес аумақтардағы топырақ пен өсімдіктің қорғасынмен едәуір ластануына әкеп соқтырады (Онистратенко, 2021), (Дегодя, 2016).

Антропогендік шөгінділер топырақтың беткі қабатының химиялық құрамы мен топырақтың сорбциялық, буферлік қасиеттеріне байланысты шоғырланады. Ал аккумуляцияланған потенциалды уытты металдар қоршаған ортаға өте қауіпті. Қала топырағының беткі қабаттарында қорғасынның шамадан тыс жиналуы биотаға экологиялық қауіп төндіруі мүмкін, өйткені қорғасын тірі организмдер үшін уыттылығы бар металл екендігі дәлелденген. Топырақтың сапасы сол ортаның фиотоценозының жай-күйіне тікелей әсер етеді (Ewelina, 2021), (Калимолдина, 2022).

Қорғасынның микромолярлық деңгейі өсімдіктің өнуі мен өсуіне кері әсер етуі мүмкін. Pb^{2+}-нің өте төменгі концентрация-

сының өзі *Hordeum vulgare, Elsholtzia argyi, Spartina alterniflora, Pinus halepensis, Oryza sativa* және *Zea mays* өсімдіктерінің тұқымдарының өнуін күшті тежейді.

Өсімдіктердің қорғасынмен улануының айқын белгілері – тамыр өсуінің жылдам тежелуі, өсімдіктің қалыпты дамымауы, тамыр жүйесінің қараюы және хлороз болып табылады. Сонымен қатар фотосинтез үдерісі тежеледі, минералды қоректенуі, су балансы мен ферменттердің белсенділігі бұзылады. Бұл ауытқулар өсімдіктің қалыпты физиологиялық белсенділігін төмендетеді. Ал өсімдікте жоғары концентрацияда аккумуляцияланған қорғасын соңында жасушаның тіршілігінің тоқтауына әкеледі (Farouk S Nas, 2018), (Титов, 2020).

Топырақ пен өсімдіктердің металлдарды сіңіру жылдамдығы биологиялық факторлар немесе геохимиялық факторлармен үйлесімде жүреді. Топырақтың pH көрсеткіші өсімдіктерде қорғасынның жиналуын айқындайтын негізгі фактор. Топырақта металдың шекті мөлшерден жоғары болуы биогеоценозға зиянды. Әдетте қорғасын pH < 6 қышқыл топырақта еріген түрде болады, ал pH > 7 сілтілі топырақта OH иондарымен комплекс түзеді. Топырақтың pH-ы қорғасынның жинақталуын көрсететін басты көрсеткіш (Kshyanaprava, 2023), (Курганбеков, 2022).

Қалада мәдени өсімдіктермен қатар ерте көктемде өсетін және вегетациялық кезеңін жылдам аяқтайтын алғашқы көктемгі өсімдіктер де бар, соның бірі кәдімгі бақбақ өсімдігі. Ол араларды басқа өсімдіктер гүлдегенге дейін қорекпен қамтамасыз ететін биоценоздың маңызды құрамы. Кәдімгі бақбақтың қоршаған ортаны тұрақтандырудағы маңызы жоғары, себебі оның тамыры жерге терең еніп, оның аэрациясына ықпал етеді. Сондай-ақ қоршаған ортада шоғырланған ауыр металдарды өзінде жинақтап, қысқа мезгілде болса да қаланың тіршілігінің тұрақтануын қамтамасыз етуде маңызды.

Қорғасынның атмосфераға ұзақ уақыт бойы антропогендік шығарындылары топырақтың жоғарғы қабатында, су қоймаларында және т.б. орталарда жиналуына әкеледі (Беляева, 2019; Какарека, 2018; Чомаева, 2020). Ол өз кезегінде қала ауасы мен топырағының сапасы өсімдіктердің жай-күйіне тікелей әсер етеді. Алайда ластаушы заттардан болған өзгерістер мен зақымданулардың деңгейін бағалау өте қиын. Сондықтан қалалардағы қоршаған ортаның жай-күйін бағалау кезінде экожүйеде болып жатқан өзгерістер туралы ақпарат беретін биоиндикацияны пайдалу тиімді. Ластаушы заттардың биоиндикатормен жинақталуы гомеостазға әсер ететін факторлар әсерінің нәтижесі болып табылады.

Қала ортасының экологиялық жағдайына мониторинг жүргізуде атмосфераға жинақталған газдардың құрамын есептеу, топырақта және *Asteraceae* тұқымдасына жататын *Taraxacum officinale* Wigg. - кәдімгі бақбақ өсімдігінде шоғырлануын талдау маңызды. Қала ортасында ерте көктемде өсетін кәдімгі бақбақты экологиялық көрсеткіш ретінде қолданатын зерттеулер кеңінен жүргізілуде (Онистратенко, 2021), (Дьякова, 2021), (Pisman, 2020) себебі кәдімгі бақбақ үлпаларында топырақ пен ауадағы ластаушы заттардың жоғары концентрациясын жинақтайтын қабілеті бар екені анықталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Алматы және Талғар қалаларындағы көліктің қоғалысы бойынша шығарындылары талданды (Молодцов, 2014). Есептеу жұмысы төмендегі формула бойынша жүргізілді:

$$M_{L_i} = \frac{1}{1200} \sum_{1}^{k} M_{k,i}^{L} \cdot G_k \cdot r_{V_{k,i}}$$

мұндағы:

M_{L_i} – қозғалып келе жатқан автокөлік жолындағы автокөліктен шыққан ластаушы заттың шығарындысы, г/с, ал қашықтығы M_{L_i} км бойынша есептеледі;

$M_{k,i}^{L}$ – бойынша анықталатын k, i -ші топтағы автомобильдермен ластаушы заттың шығарындысы, г/км;

G_k – нақты ең жоғарғы қозғалыс қарқындылығы, яғни барлық қозғалыс жолақтары бойынша екі бағытта да (20 мин) автокөлік жолының таңдалған учаскесінен өтетін k тобындағы автокөліктер саны;

$r_{V_{k,i}}$ – автокөлік қозғалысының орташа жылдамдығы, (км/сағ).

Ет пептонды агар және Чапека қоректік орталарында микроағзалар егіліп, термостатта өсірілді. Клеткалардың таза дақылдары бөлініп алынып, топырақ микробоценозының екі нүкте

бойынша ерекшелігі талданды (Шентерова, 2020).

Алматы және Талғар қалаларының аумағындағы топырақтың горизонтальді қабаттарында қорғасынның жинақталуын анықтау үшін сынамалар алынды. Топырақтың құрамындағы қорғасынды анықтау МУ 08-47/2013 әдістемесі бойынша атомдық абсорбциялық әдіспен анықталды (Количественный химический анализ методики и измерений, 2021).

Алматы және Талғар қалаларының аумағында өскен кәдімгі бақбақта қорғасынның аккумуляциялануын анықтауда өсімдіктің тамыры, сабағы мен жапырақтары өсімдіктің вегетациялық кезеңінде сәуір айында жиналды. Бақбақ өсімдігінің тамыры, сабағы, жапырағы және гүлінің құрамындағы қорғасын атомдық абсорбциялық әдіспен анықталды (Барсуков, 2017).

Өсімдіктің анатомиялық-гистологиялық талдауы (көлденең кесінділері және оның беттік ауданы) *Biobase 5MP USB* 2.0 маркалы бинакулярлы микроскоптың (4/0.10 160/0.17 және 10/0.10 160/0.17) көмегімен жүргізілді. Өсімдіктің жерүсті және жерасты мүшелері көктемде сәуір айында жиналып, 70% этил спиртінде фиксацияланды. Өсімдіктің сабағының, жапырағының және тамырының анатомиялық структурасын сипаттауда ғалымдар (Мухитдинов Н., 2023:241), (Румянцева, 2023) еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

2024 жылы сәуір айында Алматы және Талғар қалаларынының бірқатар көшелеріндегі көлік ағындарынан шоғырланған қорғасынның мөлшері бағаланды, ол есептеулер төменде 1-кестеде сипатталған. Қозғалып келе жатқан көліктен қоршаған ортаға қорғасынның шығу мөлшері төмендегі формула бойынша анықталды.

$$M_{L_i} = \frac{1}{1200}\sum_{1}^{k} M_{k,i}^{L} \cdot G_k \cdot r_{V_{k,i}}$$

1-кесте

Жеңіл және жүк көліктерінен таралатын қорғасын шығарындысының есептеулері

Көлік түрлері, қорғасынның мөлшері	Алматы қ., әл–Фараби-Гагарин	Алматы қ., Абай-Алтынсарин	Алматы қ., Абай-Сайын	Алматы қ., Төле би Сейфуллин	Талғар қ., Малькеев-Майлин
Жеңіл көлік	530	490	548	299	11
Қорғасынның мөлшері, м^3	0,0031	0,0028	0,0032	0,00181	0,00006
Жүк көлігі, м^3	20	14	26	10	3
Қорғасынның мөлшері, м^3	0,0002	0,0001	0,0003	0,0001	0,00003
Қорғасынның жалпы мөлшері, м^3	0,0033	0,0029	0,0035	0,0019	0,00009

Ескерту: автор құрастырған.

Алматы қаласында талдауға алынған жеңіл көліктің қорғасын шығарындысының орташа тәуліктік шамасы барлық көшелерде ШРК-дан жоғарылаған. Алматы қаласындағы автокөліктен таралатын қорғасынның мөлшерін талдау мәліметі негізінде қорғасын ластанудың жоғарғы сыныбына жатады (Sadyrova G.A., 2022:38). Қауіптілік деңгейі бойынша қорғасын 1-ші өте қауіпті ластаушы заттар сыныбына кіреді (Дерябин В.А., 2016:51). Талдау жұмысының мағлұматтарында қорғасынның тәуліктің ішінде 20 минуттағы шамасы ШРК-нан жоғары, яғни ауадағы шектік концентрациясы 0,0003 мг/м^3 екенін ескерсек Алматы қаласының қорғасынмен ластануы 0,0116 мг/м^3 жеткен. Оның бір тәуліктегі жинақталған мөлшерін есептесек ол жоғары ластанған аумаққа жетуі мүмкін.

Автокөліктерден таралған қорғасын топырақта да жинақталады. Ғалымдардың тұжырымы бойынша қорғасынның жылжымалылығына топырақтың қасиеттері, яғни саздық құрамы, pH және органикалық заттар айтарлықтай әсер ететінін көрсеткіш, мұнда олар мөлшеріне қарай оң және теріс корреляцияда болады (Bondar, 2019). Топырақтың pH көрсеткіші

оның қышқылдық немесе сілтілік қасиеттерін айқындауына байланысты маңызды. Себебі бұл топырақта қорғасын иондарның аккумуляциялануына, өсімдіктердің және микроорганизмдердің дамуына, сондай-ақ топырақтағы қоректік заттардың қолжетімділігіне тікелей әсер етеді. Ауытқулар металдардың шығу тегіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін (Baghdadi, 2012).

Қорғасын топырақтағы ең аз жылжымалы элементтердің бірі. Ол топырақтың көптеген компоненттерімен, негізінен Fe және Mn конкрецияларымен тығыз байланысты, сондай-ақ сазды минералдармен, органикалық заттармен және темір, алюминий гидроксидтерімен де адсорбцияланады.

Табиғи жағдайда топырақ профилінде қорғасын концентрациясы аналық жыныстарда жинақталады. Алайда топырақтың беткі қабаттарында да шоғырланады, ол көбіне антропогендік әрекеттердің нәтижесі болуы мүмкін (Galušková, 2011). Қорғасын уытты ауыр металл ретінде топырақ процестерін бұзуы және микроэлементтердің биожетімділігіне ықпал көрсетуі мүмкін, бұл өз кезегінде өсімдік тіршілігіне теріс әсер етеді.

Қалада өнеркәсіптер мен көліктерден шыққан поллютанттар қала ортасының топырағының қабаттарында жинақталып, ластану дәрежесінің артуын туындатады. Соған байланысты Алматы және Талғар қалаларының аумағындағы топырақтың А, В қабаттарында қорғасынның жинақталу деңгейі зерттелді, ол мағлұматтар 1-кестеде сипатталған.

Алматы қаласындағы топырақтың горизонтальді қабаттарынан Pb-ды анықтау үшін алынған топырақтың 0-20 см қабатындағы мөлшері 24,09±0,34 мг/кг, ал 20-40 см тереңдігінде 28,35±0,57 мг/кг шамасында жинақталған, ол мағлұматтар 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Алматы және Талғар қалаларындағы талдау жүргізілген топырақтың құрамындағы қорғасынның мөлшері

Мекен, топырақтың қабаттары	Тереңдігі, см	Қорғасынның мөлшері, мг/кг
Талғар қаласы А/ 20	0-20	20,48±0,31
Талғар қаласы В/40	20-40	19,28±0,25
Алматы қаласы А/20	0-20	24,09±0,34
Алматы қаласы А/40	20-40	28,35±0,57

Ескерту: автор құрастырған.

Ал Талғар қаласының топырағындағы 0-20 см горизонтындағы қорғасынның мөлшері 20,48±0,31 мг/кг, ал 40 см тереңдігінде 19,28±0,25 мг/кг қорғасын аккумуляцияланған. Талдау нәтижелерінің көрсеткіштері негізінде Алматы қаласының топырағында Pb Талғар қаласының топырағына қарағанда топырақтың төменгі бөлігінде 9,07 мг/кг көп жинақталған. Талғар қаласының топырағының 20 см қабатында көп мөлшерде аккумуляцияланған, ал 40 см тереңдікте оның мөлшері азайған. Қорғасын табиғи жағдайда топырақтың төменгі қабатында түзіледі, ал антропогендік факторға байланысты топырақтың А, В қабаттарында жинақталатыны анықталған. Алматы қаласының топырағының 40 см тереңдігінде де оның мөлшері артқан, бұл табиғи түзілуімен сәйкес келеді, дегенмен топырақтың А, В профилінде көп шоғырлануы ластануды көрсетеді.

Топырақтың pH деңгейі өсімдіктердің қоректік заттарды сіңіру мүмкіндігіне әсер етеді. Қышқыл топырақта темір, марганец көп болуы мүмкін, ал сілтілі топырақта фосфор мен темірдің тапшылығы орын алуы ықтимал. Топырақтың pH-на көрсеткішіне байланысты қорғасын топырақта жинақталады, сондықтан топырақтың pH-ы екі орта топырағынан анықталды. Зерттеу мағлұматы негізінде Алматы қаласындағы топырақтың pH-6, яғни қышқылды, ал Талғар қаласының топырағының pH-7 нейтралды болатыны белгілі болды.


Сонымен қатар, pH деңгейі топырақтағы микроорганизмдердің тіршілігіне де ықпал етеді, себебі алуан түрлі микроорганизмдер тек белгілі бір pH деңгейінде белсенді тіршілікте болады.

Сондықтан екі нүкте топырағында аккумуляцияланған қорғасынның микроағазалардың

сан мөлшеріне әсері талданды, ол 1-суретте көрсетілген. Талғар қаласының топырағындағы ет пептонды агар ортасында өсіп жетілген жалпы микроағзалар саны $7 \cdot 10^5$ кл/мл, ал Алматы қаласынан алынған топырақта $5 \cdot 10^5$ өскен. Чапека ортасында өскен актиномицеттер Талғар қаласындағы топырақтағы микроағзалар саны $6 \cdot 10^5$, Алматы қаласындағы $4 \cdot 10^5$ өскен. Талғар қаласының топырағында микроағзалардың санының жоғары болуы бұл аймақтың топырағының биологиялық белсенділігінің жоғары болуын айғақтайды.

1-сурет

Алматы және Талғар қалаларының топырақтарындағы микроағзалар динамикасы



Ескерту: автор құрастырған.

Зерттеу мәліметтері қорғасынның топырақ микроағзаларына айтарлықтай тежегіш әсер ететінін көрсетеді. Яғни, микроағзалардың жасушалық мембраналарына еніп, метаболизмдік үдерістерді бұзады және ферменттердің белсенділігін төмендетеді (Плешакова, 2020). Бұл олардың динамикасын тежейді немесе тіршілігінің тоқтатуына әкеледі.


Талдау жұмысы Алматы және Талғар қалаларының аумағында өскен кәдімгі бақбақ өсімдігінің тамыры, сабағы мен жапырақтарында қорғасынның шоғыралану мөлшерін талдаумен жалғасты. Артық жинақталған поллютанттар сол ортада өсетін өсімдіктердің флоэма және ксилема өткізгіш шоқтары арқылы өсімдіктің бойында таралып, 1-1,5 айға дейін сақталуы мүмкін. Осы аралықта қорекке пайдаланғанда трофикалық тізбекпен әр түрлі звенодағы жануарларға одан адам ағзасына өтуі ықтималдығы жоғары болады (Титов, 2020).

Алматы және Талғар қалаларында өсетін бақбақ өсімдігінің жер асты және жер үсті мүшелері өсімдіктің вегетациялық кезеңі бойынша жиналды және талданды. Топырақтағы металдардың динамикасы және элементтердің фитоаккумуляциялануы зерттеулерде маңызды (Pietrzykowski, 2014). Фитоаккумуляция бұл өсімдіктердің тіршілігіне және экожүйеге жүктеме түсіруі мүмкін. 2-сурет қорғасынның өсімдіктің тамыры, сабағы, жапырағы және гүлінде аккумуляциялануы сипатталған.

Алматы қаласында өскен кәдімгі бақбақтың сабағындағы Pb-ның мөлшері 0,074±0,0025 мг/кг, тамыр бөлігінде 0,50±0,032 мг/кг, жапырағында 0,23±0,019 мг/кг шамасында, ал гүлінде 0,14±0,011 мг/кг. Талғар қаласында өскен бақбақ өсімдігінің сабағындағы оның концентрациясы 0,004±0,0003 мг/кг, тамырында 0,18±0,005 мг/кг, жапырағына 0,32±0,030 мг/кг, гүлінде 0,13±0,009 мг/кг шамасында акумуляцияланған.


Алматы қаласынан алынған кәдімгі бақбақ өсімдігіне жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша қорғасынның мөлшері Талғар қаласындағы өсімдікке қарағанда жоғары концентрациясы анықталды. Яғни, өсімдіктің тамырында қорғасынның көп жинақталатыны белгілі болды.

2-сурет
Өсімдік мүшелерінде жинақталған қорғасынның мөлшері



Экологиялық жағдайы екі түрлі ортада өскен өсімдіктерде қорғасын өсімдіктің тамыры мен жапырағында шоғырлатыны байқалады. Бұл өз кезегінде өсімдіктің морфологиялық құрылымының қалыптасуына да әсерін тигізеді, ол 3-суретте көрсетілген.

3-сурет
Алматы және Талғар қалаларында өскен бақбақ өсімдігінің морфологиялық ерекшелігі



А – Алматы, Б – Талғар қалаларында өскен өсімдіктер
Ескерту: автор құрастырған.

Екі түрлі экологиялық ортада өскен кәдімгі бақбақтардың морфологиялық дамуында ерекшеліктер бар. Алматы қаласында өскен кәдімгі бақбақтың жапырақтарының саны 8 дана, түсі қошқыл және өсімдіктің биіктігі шамамен 19,3 см, ал Талғар қаласындағы нүсқада жапырақ саны 14 дана, түсі ашық жасыл, өсімдіктің биіктігі 24,0 см. Талғар қаласында өскен өсімдіктің дамуына қолайлы экологиялық орта әсер етуі байқалады.

Өсімдіктің өсуіне сол ортаның экологиялық жүктемесі ықпал етеді. Соның бірі автокөліктерден шығатын ластаушылардың әсері. Автокөліктен шығатын тетраэтил қорғасын өсімдіктің сабағы, тамыры және жапырағының анатомиялық құрылысына да әсер етуі мүмкін. Төменде 4-сурет, 2-кестеде кәдімгі бақбақтың екі ортада өскен жапырағының анатомиялық құрылысы көрсетілген.


Кәдімгі бақбақ (*Taraxacum officinale* Wigg.) өсімдігінің тамыр, сабақ және жапырағының анатомиялық құрылысы бойынша Талғар қаласы маңынан алынған өсімдік жапырағының өткізгіш шоқ ауданы бойынша Алматы қаласынан алынған үлгіден 65%-ға артық екендігі анықталды.

Жапырақтың эпидермисінің қалыңдығы Талғар қаласынан алынған үлгіде 30,7 мкм, Алматы қаласынан алынған үлгіде 20,6 мкм (салыстырмалы көрсеткіш – 33%) көрсетті. Жапырақтың паренхималық жасушаларының қалыңдығы бойынша Талғар қаласындағы үлгіде салыстарымалы көрсеткіш шамамен 60% басым екендігі байқалды. Жапырақтың орталық ауа қуысының ауданы бойынша Алматы қаласынан алынған үлгі 64% жуық басым екендігі анықталды.

Топырақта және өсімдіктің мүшелерінде жиналған қорғасынның мөлшері бойынша өсімдіктің анатомиялық құрылысының ерекшелігі болатыны анықталды.

4-сурет

Кәдімгі бақбақ (Taraxacum officinale Wigg.) өсімдігі жапырағының анатомиялық құрылысы



А Б

1 – эпидермис; 2 – паренхималық жасуша; 3 – өткізгіш шоқ (3.1 – ксилема, 3.2 – флоэма, 3.3 – склеренхима); 4 – ауа қуысы.
Ескерту: автор құрастырған.


Сабақтың анатомиялық құрылысында Талғар қаласынан алынған өсімдік сабағының эпидермис қалыңдығы – 19,1 мкм, Алматы қаласында өскен үлгіде – 16,5 мкм екендігі анықталды. Салыстырмалы талдау бойынша 13% айырмашылықты көрсетті. Екі ортада өскен бақбақ өсімдігінің анатомиялық құрылысы туралы мағлұматтар 5-сурет, 3-кестеде келтірілген.

2-кесте
Кәдімгі бақбақ (Taraxacum officinale Wigg.) өсімдігінің жапырағының анатомиялық көрсеткіші, мкм²

№	Үлгі	Талғар қаласы	Алматы қаласы
1	Өткізгіш шоқ	65264,1±25,05	22420,8±7,08
2	Эпидермис	30,7±0,6	20,6±0,3
3	Паренхималық жасуша	850,9±8,06	342,7±3,15
4	Орталық ауа қуысы	96039,07±31,09	267927,3±9,25

Ескерту: автор құрастырған.

5-сурет
Кәдімгі бақбақ (Taraxacum officinale Wigg.) өсімдігі сабағының анатомиялық құрылысы



А *Б*

А – Талғар қаласынан алынған үлгі; Б – Алматы қаласынан алынған үлгі.
1 – эпидермис; 2 – паренхималық жасуша; 3 – өткізгіш шоқ; 4 – ауа қуысы.
Ескерту: автор құрастырған.

Сабақтың өткізгіш шоқ ауданы бойынша Талғар қаласы маңында өскен кәдімгі бақбақ өсімдігінде 38% артық екендгі анықталды. Паренхималық жасуша қалыңдығы бойынша алынған нәтижеде 14% Талғар қаласы маңынан алыған үлгіде басым екендігі анықталды.

3-кесте
Кәдімгі бақбақ (Taraxacum officinale Wigg.) өсімдігі сабағының анатомиялық құрылысының ерекшеліктері, мкм²

№	Үлгі	Талғар қаласы	Алматы қаласы
1	Өткізгіш шоқ	37419,6±13,03	22895,3±
2	Эпидермис	19,1±0,02	16,5±0,01
3	Паренхималық жасуша	750,7±7,84	639,7±6,009


Ескерту: автор құрастырған.

Талғар және Алматы қалаларында өскен бақбақтың өткізгіш шоғы, эпидермис қалыңдығы, паренхималық жасушалары және орталық ауа қуысының ауданы бойынша әр түрлі қалыптасатыны зерттеу мағлұматтары негізінде белгілі болды.

Екі ортада өскен бақбақтың тамырындағы өзгешелік салыстырмалы түрде талданды, оны 6-суреттен көреміз.

Өсімдік тамырының анатомиялық құрылысының салыстырмалы талдау нәтижелері Алматы қаласында өскен өсімдіктің тамырының анатомиялық құрылысында жылдық сақиналарының түзілуі Талғар қаласынан алынған үлгімен (230 мкм) салыстырғанда тығыз (91,7 мкм) және біркелкі емес. Бұл қорғасынның тамырда көп жинақталуы корреляциялық көрсеткішті айқындайды.

6-сурет
Кәдімгі бақбақ (Taraxacum officinale Wigg.) өсімдігі тамырының анатомиялық құрылысы



А Б

А – Талғар қаласынан алынған үлгі; Б – Алматы қаласынан алынған үлгі.
Ескерту: автор құрастырған.

Қорытынды

Қоршаған ортасының экологиялық жағдайы ерекшеленетін Талғар және Алматы қалаларының автокөліктерінен шығатын қорғасынның әсеріне зерттеу жүргізілді. Топырақта қорғасынның аккумуляциялануы топырақтың pH-на байланысты болады, сондықтан алдымен топырақтың pH ортасы анықталды. Талдау нәтижесінде Алматы қаласының топырағының pH-6, қышқылды, ал Талғар қаласының топырағының pH-7 нейтралды екені дәлелденді.

